

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ ЕКІ ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ МАГИСТРАЛЬДАРЫН САЛДЫ

Кеше Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Жезқазған-Бейнеу» және «Арқалық-Шұбаркөл» екі жаңа теміржол желісіндегі қозғалысты бастап берді.

«Бүгін біз екі жаңа теміржол магистральдарын ашып отырмыз. Мұндай оқиға біздің тарихымызда болған жоқ. «Жезқазған-Бейнеу» және «Арқалық-Шұбаркөл» жолдарының жұмысы бірнеше өңірдің, бүкіл республиканың өміріне ұзақ жылдар бойы және алдағы ондаған жылдарға қызмет етеді», — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Президент тәуелсіздіктің бүкіл кезеңінде теміржолдар мен автомобиль жолдарының құрылысы тоқталған жоқ, «өйткені біздің еліміздің орасан зор аумағында көлік коммуникациясын дамытпайынша даму мүмкін емес», деп атап көрсетті.

Құрылыстың бастапқы нүктелері: Маңғыстау облысындағы Бейнеу стансасынан, Ақтөбе об-



лысының Шалқар стансасынан, Қызылорда облысының Сексеуіл стансасынан және Жезқазған қаласынан тікелей қосылу жаңа жолдармен жүк алып шыққан алғашқы пойыздардың аттануын көруге

мүмкіндік берді.

Ауқымды көлік жобасының құрылысы 2012 жылғы маусымда ашылған болатын. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ баспасөз қызметінен

хабарлағандай, үлкен жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, 1200 шақырымнан астам жол төселіп, түйістірілді, қызметкерлер мен қызмет көрсететін адамдарға тұрғын үй нысандары салынды,

қажетті инфрақұрылым тұрғызылды.

Жаңа темір жолдардың орналасуы Қазақстанның батысынан шығысына және солтүстігінен оңтүстігіне жүктер тасымалдау қашықтығын қысқартады, еліміздің көлік мүмкіндіктерін кеңейтеді.

«Бүгін пайдалануға берілетін 1000 шақырымнан асатын теміржолдар «Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» бағыттарындағы жүк тасқыны бағыттарын оңтайландырады. Теміржолдардың жұмысы Орталық және Батыс Қазақстанның дамуына қуатты серпін беріп, өңірлердің өнеркәсіптік әлеуеттері мен өндірістерінің дамуын жеделдете игеруге жағдай туғызып, экономикалық белсенділігін ынталандырады. 3,5 мың жұмыс орындары ашылады», — деп хабарлады баспасөз қызметі.

ҚТЖ жаңа жолдарды іске қосу Қытайдан Ресей бағытына және одан әрі Еуропаға трансақзақстандық көлік дәліздерінің көліктік әлеуетін елеулі арттырады, деп санайды.

“ЖЕЗҚАЗҒАН-СЕКСЕУІЛ” ЖЕЛІСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2012 жылдың 3 шілдесі күні өткен Жалпыұлттық телекөпірде еліміз бойынша бірнеше серпінді жобаларды, оның ішінде «Жезқазған-Сексеуіл» жолын да бастауға рұқсат берген еді. Өткен 2013 жылдың желтоқсан айында бұл жолдардың негізгі бөліктері түйісіп те үлгірді. Ал, кешегі жұма күні Қарағанды облысының Жезқазған қаласында Елбасының қатысуымен телекөпір өтіп, онда аталған темір жол желісінің бойында орын тепкен 4 ірі станциядан алғашқы жүк тасымалдаушы поездар жолға шықты. Телекөпір басталар тұста «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ президенті Асқар Мамин ел Президентіне жалпы ұзындығы 1200 шақырым болатын «Жезқазған-Бейнеу» теміржолының қолданысқа берілгелі тұрғанын мәлім етті.

Еліміздің аса маңызды транзиттік әлеуетін көтеретін

Арысбаев телекөпір арқылы Мемлекет басшысына жаңа жолды іске қосуға дайын екендігін жеткізді.

Сонан соң Достық станциясы арқылы Қытайға экспорттауға бағытталған «Қазхром» компаниясының филиалы «Дон» тау-кен байыту комбинатының хром кені тиелген жүк құрамын жаңадан салынған «Сексеуіл-Жезқазған» темір жол желісімен жөнелтуге дайын екендігін мәлімдеді. Республика бойынша осындай алғашқы жөнелтілім Сексеуілден өзге тағы 3 станцияда, Жезқазған мен Шалқарда және Бейнеу бекеттерінде жүзеге асырылды.

Айта кетейік, аталған жол Қазақстанның орталығын еліміздің батыс бөлігімен, яғни Ақтау айлағымен жалғастырады. Сала мамандарының айтуынша, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерін Еуропамен байланыстыратын күре жолдың тиімділігі аса зор.

А.Арысбаевтың айтуынша, бір ғана «Сексеуіл-Жезқазған» темір жолының бойында барлығы 3 станция мен 10 бекет салынып, нақты кезеңде 200-ден астам астам адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

Осыдан екі жыл бұрын өткен Индустриалдық форумда Елбасы жалпыұлттық телекөпір арқылы «Жезқазған-Бейнеу» темір жолын салуға старт берген кезде әсіресе, сексеуілдіктер айрықша қуанған. Сексеуіл пайдалану депосының директоры Бөрі Сәнкібаевтың айтуынша, бүгінгі таңда мұнда 3 аралық станция мен 10 разьезд салынған.

Бұған қоса, теміржол құрылысынан бөлек аталған стансада 38 тұрғын үйдің құрылысы басталыпты. Бүгінгі таңда оның 8-і теміржолшыларға пайдалануға берілуге дайын. Қалған екі пәтерлі 30 үй жыл соңында мамандардың игілігіне беріледі.

Мұнан өзге, желі бойында Екібастұздан жаңа электр желісі



тартылып, өндірістік және техникалық ғимараттар, әлеуметтік-мәдени нысандар салынуда.

Тың жатқан далаға жан бітірген ұзындығы 1200 шақырымдық темір жолдың 571,4 шақырымы Жезқазған мен Сексеуіл арасын жалғайды. Оның ішінде 10 мыңнан астам адам еңбек ететін Қызылорда жол бөлімшесіне қарасты бөлігі 272 шақырымға жуықтайды. Жоба толық 2017 жылы аяқталады деп күтілуде. Сол кезде «Сексеуіл-Жезқазған» бағытының бойында мыңнан астам маман жұмыс істейтін болады.

Телекөпір соңында облыс әкімінің міндетін атқарушы Нұржан Әлібаев телекөпірге қатысушы сала мамандарын тарихи сәтке куә болуымен құттықтап, Елбасымыздың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындаған бас мердігер «Базис-А» ЖШС және «Жол жөндеуші» АҚ жол төсеушілеріне алғысын білдірді. Арал ауданының ардагері, Құрметті теміржолшы Әбілбай Садықбаев Елбасымыз бен аймақ басшылығына алғысын жеткізді.

Ұзақтығы мың шақырымнан асатын темір жол құрылысы облыстың дамуына серпінді күш беретіні анық.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.



жобаны қысқа мерзімде аяқтауда теміржол саласында тер төгіп жүрген Сыр өңірі теміржолшыларының еңбегі зор дер едік. Үш кезеңнен тұратын жобаның алғашқы кезеңі аяқталып отыр. Осы күні Сексеуіл станциясынан «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Қызылорда теміржол бөлімшесінің директоры Амангелді

30 ТАМЫЗ – ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ

АЗАТТЫҚТЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін 1993 жылы қабылданған алғашқы Ата заңымызды әрі қарай жетілдіру уақыт талабынан туындаған еді. Өйткені, бұл тарихи құжатта құнды қағидалар болғанына қарамастан, бұрынғы сынаржақ идеологияның саяси және экономикалық басымдықтары болмай қалмады. Сондықтан 1995 жылы 30 тамызда Бүкілхалықтық референдум арқылы қазіргі күнгі қолданыстағы жаңа Конституция қабылданды. Биыл 19 жылдығы тойланғалы отырған Ата Заңымыздың тарихтағы орны бөлек.

Егемен елдің бас құжаты елімізді өтпелі кезеңнің дағдарыстарынан сақтап, еліміздің тұтастығы мен амандығын, ұлтаралық татулығы мен ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сондай-ақ елімізде реформалық өзгерістердің белсенді қозғаушысы болып, мемлекетті басқарудың механизмін одан әрі жетілдіру жолдарын ашты. Қазіргі қолданыстағы Конституция бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін толық қамтыған әрі құқықтарымыз бен

мемлекет құрылысына түсінік бере алады деп сеніммен айтуға болады.

Елімізде мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөліну принципіне негізделіп құрылды. Бұрынғы Жоғарғы кеңестің орнына кәсіби тұрғыда жұмыс жүргізетін қос палаталы Парламент құрылды.

Конституцияның бірінші бабында: “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары” – деп ерекше көрсетілген. Бұдан біз Конституцияда мемлекеттегі адам құқықтарының құндылығы ең маңызды орын алатынын айқын көреміз. Конституция тарихымызда тұңғыш рет адам құқықтары мен бостандықтарының кепілі болу міндетін Президентке жүктеген. Сондықтан биліктің барлық буындары ел азаматтарының құқығын қорғауға жауапты екені айтпаса да белгілі. Сондай-ақ Конституцияда еліміздің көпұлтты құрылымы,

оның себептері мен тарихи жолы ескеріліп, қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық бірінші орынға қойылды. Конституция қағидаларында ұлтаралық туралы толық айтылды.

“Күллі халықтың талқысынан өтіп, ел игілігіне айналған Ата Заңымыз біздің мемлекетіміздің басты төлқұжаты болып саналады. Конституция – арайлы азаттығымыздың айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары. Ол елдігіміздің алтын арқауы, толағай табыстарымыздың бастау қайнары”, – деген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген сөзі – әрбір қазақстандық үшін айнымас ақиқат. Ендеше, азаматтар Ата заңда көрсетілген құқықтарын толық иеленумен бірге міндеттерін де толық орындауға тиісті. Сонда ғана Ата Заңның талаптары да толығымен орындалады.

Марат ТҰРҒАНБАЕВ,
Байқоңыр қалалық сотының
төрағасы.

БРИФИНГ

БИЫЛ 15450 БҮЛДІРШІН АЛҒАШ РЕТ МЕКТЕПКЕ БАРАДЫ

Сәрсенбі күні Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйінде облыстық білім басқармасының басшысы Наурызбай Байқадамов баспасөз конференциясын өткізіп, білім ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы жайлы жан-жақты әңгімеледі.

– Жаңа оқу жылында аймақтағы 291 мектептің 1-11 сыныбына 126 мың оқушы барады деп күтілуде, – деді сала басшысы. – Биыл 15450 бүлдіршін алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 575 балаға көп. Облыста республикалық бюджеттің есебінен барлығы 11 млрд. 813 млн. теңгенің 8700 орындық 12 мектебі салынуда. Бүгінгі күнге Шиелі және Жаңақорған аудандарынан 3 мектеп пайдаланылуға берілді. Жыл аяғына дейін тағы 3, келер жылы 6 білім ошағы іске қосылмақшы. Сонымен қатар биыл облыста алғаш рет бір мезетте 58 білім беру нысанына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның 46-сы мектеп болса, 9-ы балабақша, екеуі лагерь, бірі оқушылар сарайы.

Білім саласы басшысының айтуынша, бұның ішінде 7 білім беру мекемесінің күрделі жөндеу жұмыстары жаңа оқу жылымен қабаттаса жүргізіледі. Нысандардың ішкі жұмыстары толығымен аяқталды, тек сыртқы және қосымша жұмыстары қалды. Мердігерлерге балалардың қауіпсіздігі мен оқу үдерісіне нұқсан келтірмеу қатаң тапсырылды.

Сала мамандарының есептеуінше бір балаға оқу құралдары үшін орташа бағаммен алғанда 14 мың теңге қажет екен. Осыған, орай еліміздегі жүргізіліп жатқан “Мектепке жол” акциясы аясында Қызылорда қаласы мен аудандар бойынша бюджеттен тыс қаржы көздері есебінен 838 балаға 3948500 теңге көлемінде көмек көрсетілді. Мектеп оқушылары арасында көз,



тіс, ауыз қуысы ауруларының жиі кездесуіне орай мектептерде тіс емдеу кабинеттері ашылды, психолог мамандар үшдеңгейлі дайындық курстарынан өткізілді.

Биылғы оқу жылының ерекшелігі сол, жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілі 2, информатика пәні 6 сыныптан бастап оқытылады. Осыған орай өңірдегі білім ұйымдарының қажетті мамандармен, оқулық, оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтылуы барысына сараптама жасалды. Оның нәтижесі мамандар мен оқулықтардың жеткілікті екенін көрсетті.

Алдағы оқу жылында облыс бойынша жалпы білім беретін 263 мектепте оқушыларға ыстық тамақ беру ұйымдастырылады. Аймақтағы мектептерде 124991 оқушы болса, оның ішінде 21357-сі аз қамтамасыз етілген отбасы балалары. Олардың барлығы дерлік тегін ыстық тамақпен және буфеттік жүйемен тамақтандырылады. Ал 1-2 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуге облыстық бюджеттен 605 млн. теңге қарастырылды.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

ПРЕСС-ТУР

Өткен сәрсенбіде “Байқоңыр” ӘКК” ҰК” АҚ-ның ұйымдастыруымен пресс-тур болып өтті. БАҚ өкілдері Жалағаш ауданында болып бірқатар нысандарды аралады. Бірінші “Байқоңыр” ӘКК” ҰК” АҚ жанынан өңірде күріш кластерін дамыту жобасы негізінде “Жалағаш элеваторы” серіктестігінің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі сатып алынып, “АгроХолдинг “Байқоңыр” ЖШС болып қайта құрылған кәсіпорында болды. Онда журналистер шаруашылықтың тыныс-тіршілігімен етене танысты.

“БАЙҚОҢЫР”:
БЕРЕКЕЛІ ІСТІҢ БАСТАУЫ

Кәсіпорын бүгінде күріш салысын сатып алу үшін 42 ауыл-шаруашылық құрылымдарымен келісімге отырған. Бұл жұмысқа 809,9 млн. теңге қаржы бөлінген. Оның 300 млн. теңгесі «Жалағаш элеваторын жаңғырту және Қызылорда облысында күріш кластерін дамыту» инвестициялық жобасы аясында «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы берілуде. Биыл элеваторға күріш өндірушілерден 16 мың тонна өнім қабылданбақшы. Сонымен қатар, серіктестік өзге де шаруашылықтардың күрішін сактау мен оны өңдеу жұмыстары бойынша қызмет көрсететін болады. Элеватордың сыйымдылығы 80 мың тонна. Мұнда астықты қабылдау жұмыстарын 8 қыркүйекте бастап, 17 қазанда аяқтау көзделуде. Қазір элеваторға толыққанды жөндеу, яғни, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. 1982 жылы халық игілігіне берілген бұл нысан осы уақытқа дейін ешқандай жөндеу жұмыстарын көрмеген екен. Серіктестіктегі тағы бір жаңалық элеваторға күріш ақтайтын жаңа зауыт әкелінбек. Ол қазан айында іске қосылып, тәулігіне 150 тоннаға жуық күріш ақтайтын болады. Шаруасы ілгерілеп келе жатқан “АгроХолдинг “Байқоңыр” ЖШС қазіргі кезде жаңа ауыл шаруашылығы техникаларымен де толығуда. Мұндағы қызу тіршілік жайын “Байқоңыр” ӘКК” ҰК” АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ардагер Ақжігітов түсіндірді.

“Байқоңыр” ӘКК” ҰК” АҚ Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандарында орналасқан 42 шаруашылыққа көкемгі егістік науқан кезінде тиісті қаражат беріп, алдын ала келісім шартқа отырды. Осының негізінде күзгі баға нақтыланды. Бұрын шаруалардың еңбегі өз-өзін ерең ақтайтын еді. Себебі, қара салының бағасы 30-35 теңгеден аспайтын. Алдағы уақытта біз Сыр күрішін 50 теңгеден қабылдайтын боламыз. Бұл өз кезегінде шаруашылықтың техника алуларына, алға ілгерлеуіне септігін тигізбек. Сондай-ақ, мұнда ақталған күріштің 2000 тоннасы бағаны тұрақтандыру мақсатында ішкі нарыққа бағытталуда. Ал, артылған өнім еліміздің басқа өңірлері мен Ресейге экспортталатын болады, – деді Ардагер Өркенұлы.

Жалпы кооперация алдағы уақытта өңірдің күріш егетін шаруашылықтарына тыңайтқыш, жанар-жағармай, ауыл шаруашылығы техникалары-

на қосалқы бөлшектер, және басқа да материалдық құндылықтарды орталықтандырып жеткізіп берумен айналысатын сервис-орталықтар құру жобаларына қатыспақ. Сондай-ақ, тұтынушыларға қолжетімді болу үшін күрішті 0,8-2 келі мөлшерінде қаптайтын қондырғы сатып алу, күріш өнімдерінің қосымша қосылатын құнын арттыру мақсатында өндіріс сатысында пайда болатын барлық өнімдерін толық өңдеуді де жоспарлауда. Күріш қалдықтарынан құрама жем шығару, отын брикеттерін, құрылыс материалдарын, күріш майын және аморфты кремний диоксидін шығару секілді ауқымды тірліктер бар.

Мұнан кейінгі бағыт «Таң ЛТД» шаруашылығының егістік алқабы болды. Мұнда 10 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп егілген. Германиядан арнайы әкелінген «Беллароза», «Элита» тұқымдарын екен алқапта бүгінде жинау жұмыстары басталып кеткен. Мұнан алынған өнім де “Байқоңыр” ӘКК” ҰК” АҚ арқылы өңірлік тұрақтандыру қорына алынбақ. Тамшылатып суару әдісі арқылы келер жылы Жаңадария ауылында 300 гектар, «Таң ЛТД» ЖШС 50 гектар жерге картоп егуді межелелеуде. «Егер картоп егуде алға қойған меже орындалатын болса, аймаққа келетін, тұрақтандыру қорына алынатын картопты Солтүстік Қазақстаннан алуға деген мәжбүрліктен арылар едік. Биыл 3000 тоннаға жуық өнім алатын болсақ, оның 1000 тоннасын жергілікті өндірушілерден қабылдайтын боламыз. Себебі, жергілікті картоптың тауарлық түрі бар, бағасы да тиімді», – дейді “Байқоңыр” ӘКК” ҰК” АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ардагер Ақжігітов.

Мемлекет басшысы «Қазақстанның аграрлық секторы үлкен экспорттық мүмкіндіктерге, инновациялар енгізу үшін жоғары әлеуетке ие. Азық-түлікке деген қажеттілік әлемде жыл сайын өсе беретін болады. Бізге бұл мүмкіндікті жіберіп алуға болмайды», – деген болатын. Осы ретте, “Байқоңыр” ӘКК” ҰК” АҚ Сыр маржанының әлеуетін арттырып, ішкі нарықты тұрақтандыру мен егін шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың жұмыстарының жандануына серпін беруде. Бүгінгі пресс-турда көріп, бағамдаған жұмыстар соның дәлелі болмақ.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік ел» етуді мұрат қылдық.

Н.НАЗАРБАЕВ.

Тарихты жасаушы – халық. Ал халықты бастаушы – зиялы қауым. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Қазақтың түсінігінше зиялы – көзі ашық, оқыған, білімді, жақсы мен жаманды ажырататын, шындық пен әділдікті айта алатын күрескер адам. Аңыздағы Аяз би, тарихтағы Қорқыт пен Асан қайғы, Абылай мен Бұхар жырау, Исатай мен Махамбет зиялы қауымның құдіретін көрсетсе керек. Шоқан, Ыбырай, Абай – осындай зиялы қауымның заңды жалғасы еді. XX ғасырдың басында шыққан Алаш арыстары тереңнен тамыр тартқан бәйтеректер болатын. Бұлардың барлығы дерлік 1937 жылы атылып, қазақ зиялылары өзінің алтын арқау діңгегінен айырылды. Кеңестік кезеңде жаңа патриот, интернационалист интеллигенция қалыптасты. Бұлар қазақтың зиялы қауымының тарихи тамырынан қол үзген еді. Сондықтан біз тәуелсіздігімізді баянды ету үшін қазақ топтарынан бастау алып, әлем мәдениетін меңгерген, халқына жол сілтейтін, болашақ аристократия мен бұқараны жалғастырушы алтын көпір – жаңа зиялы қауымды қалыптастыруымыз қажет.

Қазіргі қазақ интеллигенциясы орыстіді және қазақ тілді болып екіге бөлініп тұр. Олардың ішінен өздеріне тән кемшіліктерін жөндей алатындарынан және жаңаша тәрбиеленіп келе жатқан жастардан зиялылар дайындайтын мемлекеттік бағдарлама керек-ақ. Уақыт талабына сай Елбасы өзінің есімімен аталатын мектептер мен Назарбаев университетін ұйымдастыруға батыл қадам жасады. Бұны Президентіміздің алысты болжайтын тарихи, саяси, әлеуметтік стратегиялық батыл қадамдарының бір көрінісі деп түсінгеніміз жөн.

Қай кезде де жаңалық атаулы қиындықсыз іске асқан ба?.. Назарбаев зияткерлік мектебіне конкурс пен түсудің өзі оқушы мен атананың санасына салмақ салғанын несін жасырайын.

Оқу жылының басында оқу-тәрбие жүйесіндегі жаңалықтарға, жұмыс кестесіне, бірыңғай талапқа, оқытудың жаңа технологиясына үйренгенше оқушылар біраз қиналды. Немереме азаннан кешке дейін мектепте болатын күн режимі алғашқыда өте ауыр тиді. Үйге келіп сабақ оқымақ түгілі тамақ ішуге шамасы келмей қалған күндері де болды. Бірінші тоқсанның қорытындысы оқушылардың білім са-

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ – БОЛАШАҚ ЗИЯЛЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

пасының төмендігін көрсетті. Бұл жағдайларға бүге-шүгесіне дейін тоқталып отырғаным барлық оқушылар мен ата-аналардың басынан өткен психологиялық күйзелістер мен қиындықтар болған соң айтуға тура келіп тұр. Жасыратын несі бар, оқытудың жаңа технологиясының ұлы педагог Ян Амос Каменскийдің дидактикалық ұстанымдарына сәйкес келмейтін тұстарына күмәнмен қарай бастадық. Немеремнің келешегі қалай болар екен деген күдік те қылаң берген еді... Сонымен бірге, осы жағдайды еске сала отырып шәкірттерге: «Оқу – инемен құдық қазғандай», – деген сөздің мәнісін ұғынса екен деген де тілек бар.

Мектеп директоры Мөңкеева Гүлмира Бақытбекқызының басшылығымен мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым қалыптасқан жағдайға үлкен жауапкершілікпен талдау жасап, тиісті әдістемелік шараларды іске асырып, туындаған қиындықтан тез арада ұжымдық педагогикалық шеберліктің үлгісін көрсетіп, түйықтан шыға білді. Ұйымдасқанына небәрі 7-8 ай ғана болған ұжымның осыншалықты қысқа мерзімде адамнанғысыз шығармашылық жетістікке жетуін мен өзімнің 41 жылдық педагогикалық қызметімде бұрын-соңды кездестірген емеспін. Бұл жағдай біріншіден, мектеп әкімшілігінің ұйымдастыру жұмысындағы асқан шеберлікті көрсетсе, екіншіден, кадр таңдаудағы конкурстық жүйенің әділ өткендігі мен жалпы білім беретін мектептің бағдарламасының базалық білім деңгейін оқушылардың жақсы меңгергендігінің көрінісі болса керек.

Екінші тоқсанның қорытындысымен оқушылардың үлгірімі жақсарып, олар мектеп өміріне төселіп, мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық жұмысы қалыптасты. Бұл жағдай ел Президентінің Жолдауындағы индустриалды-инновациялық Қазақстан бағдарламасының негізгі білім саласындағы реформаларға байланысты екеніне көзіміз жетті. Өйткені ұлттың интеллектуалдық әлеуетін көтеру арқылы ғана әлемнің 30 елінің қатарынан көріне аламыз.

Қай қоғамда болсын, түптеп келгенде ел тағдырын адам, қоғам мүшелерінің сапасы шешкен. Сондықтан ғасырлар бойы жинақталған ұлттық мұрамызды жанаша саралап, «Шығыс пен Батыс» пікірталасына үн қосу, дамыған әлем алдында төл мәдениетімізді уағыздап, жат пікірлерге тойтарыс беру қажет. Қазақта «Өзінді өзің жаттай сыйла, жат бойыннан түңілісін», – деген аталы сөз бар. Өйткені еліміздегі жүзден аса диаспора мен этностық топтардың басын құрайтын да, бірлікті сақтайтын да – қазақ, ол үшін қазақтың өзі сапалы болуы

пен сүйіспеншілік орнады. Әр түрлі ұлт өкілдері өнерлерінің түрі басқа болғаны болмаса, мазмұны бір еді, олардың бәрі де бейбітшілікті ғана паш етті. Той үстінде түрлі ұлт өкілдері бірін-бірі шақырып суретке түсіріп жатты. Американдық та, ағылшындық та қазақтардың ортасында шат-шадыман той тойлады. Мереке үстінде түрі бөлек, тілі басқа адамдардың Алла тағала көңілін бір қылып жаратқан екен, түсінбеушілік пен пендешілік күйкі тіршіліктің көрінісі екен ғой деген ойға келдім.

Оқушылардың күшімен ұйымдастырылған көрмеден түскен

рек», – деген екен. Біздің жетіспей жатқан жеріміз де – осы. Бұның жолын ұлт көсемі А.Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісінен бастау керек», – деп көрсетіп берген болатын. Сөз болып отырған мектеп ұжымының осы жолға түскеніне көзіміз жетті. Олар жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу, терең теориялық білім, білік, дағдыларды, олардың қабілеттері мен талап-тілектерін қанағаттандыратындай, әр оқушының дара ерекшеліктеріне сай ой-өрісін, талғамын, дүние-



керек. Бұл жөніндегі ойымды Елбасы Н.Назарбаевтың мына бір сөзімен тұжырымдағым келеді: «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жету керек», – деген болатын. Осы бір терең мағыналы сөздің ұшқынына ашылғанына әлі бір жыл толмаған Назарбаев зияткерлік мектебінің алғашқы Наурыз мерекесін тойлау үстінде көз жеткізгендей болдым.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі Назарбаев зияткерлік мектебінде театрландырылған қойылыммен басталды. Ұлттық киім киген кереметтей оқушы қыздар мен жігіттер күн мен түн тенеліп, Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлеп, жаңарған дүниенің көркем көрінісін көпшілікті иландырып нанымды етіп көрсетті. Әсем ән мен сұлу би, қан қыздырар күй әуендері жұрттың жүрек қылын тербетті.

Айналасы ат шаптырып мектеп ауласына 15 киіз үй тігіп, 15 түрлі ауылдың тыныс-тіршілігін көрсетті. Әр шаңырақ өзіне бекітілген аймақтарында салт-дәстүрлерді насихаттайтын көріністер қойып, ән мен биден шашу шашты. Келген қонақтар ұлттық тағамдардан дәм татып, би билеп, ән салып, жалпы халықтық мерекеге ұласты, береке-бірлік, ынтымақ, өзара сыйластық

қаржыға мүмкіндігі шектеулі 14 балаға қажетті сыйлықтар алып береміз деп шешті. Мерекеге орай спорттың 12 түрінен жарыстар өткізілді. Мереке соңында мектептің 600-ге жуық оқушысы, екі жүздей қызметкері, ұстаздар мен ата-аналар, барлығы мыңға жуық адам флеш-мобта жиналып, «Қара жорға» биін биледі. Көктемнің шуақты күнінде, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі өнердің құдіретімен сусындап, гуманизм идеясымен рухтанып, демократия мен адамзат еркіндігі дегенді сезінгендей марқайып қайтқан едік.

Аз ғана уақытта атқарылған жұмыстардың барысынан ұстаздардың шығармашылық белсенділігі анық байқалып тұр. Мұғалімдердің 3 әдістемелік жинағы шығарылған, 1 мұғалімнің баяндамасы республикалық конференция жинағына еніп, 16 мұғалім республикалық деңгейде дипломмен марапатталған.

Ал, дарынды оқушылар 1 халықаралық деңгейдегі, 34 республикалық деңгейдегі, 8 облыстық деңгейдегі, 3 қалалық деңгейдегі жүлделі орындарды иемденіп мектептің абыройын асқаттатты.

Мұстафа Кемел Ататүрік: «Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлттық бейнемізді бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, бүкіл іс-қимылымызбен құрметтеуіміз ке-

танымын кеңейтіп, дамыта оқытып жатқанына көз жеткізіп келеміз.

Ұлы философ Гегель: «Білімділіктің ең басты факторы туған тілде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады», – десе, А.Байтұрсынов: «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», – деуі, тілдің саяси-әлеуметтік, өмірлік мәнінің қаншалықты қымбат екенін көрсетсе керек. Сондықтан мемлекеттік тілді – қазақ тілін тұғырына қондырып, ағылшын тілін үйрену – қажеттілік. Осы қажеттілікті орындамайынша Қазақ елінің келешегін ойлаудың өзі қорқынышты.

Адам баласының келешек дамуына дүниежүзілік интеграциялық байланыссыз, ынтымақтасудан басқа жолы да жоқ. Жаһандану әлемнің тұтастығын, өзара байланысын, өзара тәуелділігін қоғамдық санаға сіңірді, бірақ бүкіл әлемді бір қалыпқа салу мүмкін емес. Сондықтан жаһандандуды бірлесу, әртүрлі, әртекті ұлттық, діни, саяси мүдделердің, өркениеттердің ықпалдасуы деп топшылаған дұрыс шығар. Бұл жаһандандудың сапалық мәнін көрсетсе керек. Мәселенің шешімі – өркениет көшіне ілесе білуде. Бұған біздің терең тарихымыз, тегіміз, мәдениетіміз, рухымыз жеткізеді. Қазіргі заманның күресінің жолы мен тәсілі бөлек болғанымен, биік рухты қаһарман бүгін де қажет болып тұр. Назарбаев Зияткерлік мектебі шәкірттерінің аяқ алысынан мәдениетіміз бен өркениетімізді әлемдік аренада көтеретін шақ та алыс емес-ау деген ойға келесің.

Ғасырлар бойы жаншылған қоғамдық сана оянып, ХХІ ғасырдан бытап орлеу деңгейі байқалады. Адамзат өркениетінің ұзақ жолын қазақ елінің қаһарман ұл-қыздары тарихи тәжірибе мен заманауи ғылым жетістіктерінің арқасында тарихи жолмен өтетін болар. Өмір өскелең ұрпақты бізден асқан білімді, бізден асқан оралымды, бізден асқан мәдениетті етеді. Бұны жасайтын – «Мәңгілік қазақ елі».

Махан БЕРЖАНОВ,
ҚР халық ағарту ісінің
озық қызметкері.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ БЕРЕКЕСІ МОЛ

Бүгінгі таңда Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша облыс аумағында 24 жоба Индустрияландыру картасына енгізілген. Қазір оның 14-і жүзеге асып, толық қуаттылыққа шықса, қалған жобалар да жүзеге асу жолында. Мұнан басқа, үстіміздегі жылдың қаңтар айынан бастап, Индустрияландыру картасына енгізу мақсатында барлығы 37 жоба тапсырылып, оның 30-ы мақұлданған. Ал 7 жоба толықтырылу үшін кері қайтарылған.

Мемлекет басымдық беріп отырған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы экономиканы шикізатқа тәуелділіктен арылтып, нақты өнім өндіру ісін өркендетуге бағытталған. Осыдан 4 жыл бұрын ел экономикасын әртарап-тандыру және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында қабылданған мемлекеттік бағдарлама бүгінде еліміздің түпкір-түпкірінде оң нәтижесін

беріп жатыр. Мәселен, биылғы жылы осы бағытта Қазалы ауданында 12 жоба іске қосылып, 159 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтылған.

Аталған аудандағы ауқымды жобалар қатарында өңірлік Индустрияландыру картасына енгізілген жобалардың ішінде «Р3А» АҚ «660 басқа арналған ірі қара өсіру кешені және сүт өңдеу зауыты» мен «СПК Қызылорда балық» ЖШС «Балық өңдеу зауытын іске асыру» жобалары бар.

Нақты кезеңде бұл ауданда осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табауда. Қазіргі таңда мұнда 4 жоба аймақтық үйлестіру кеңесінен оң қорытынды алса, тағы 6 жобаның құжаттары дайындалу үстінде. Осы жобалар толық іске асырылғанда 102 адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

Облыс әкімінің тапсырмасымен жаңа өндіріс орындарын көбейту мақсатында өткен жылдан

бастап «Өндірістік аймақ» ашу үшін дайындық жұмыстары жүргізілді. Әйтеке би кентінің солтүстік батыс беткейінен аталған аймақты ашуға бөлінген 12,7 га жер телімін инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге биыл 153,6 млн. теңге қаржы бөлінді. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін осы жерде шағын және орта өндіріс орындары ашылады. Бүгінгі таңда 9,4 гектар жерге жалпы құны 160 млн. теңгені құрайтын жаңа 11 жоба орналастырылып отырғанын айта кетейік.

Биылғы жылы аудандық бюджеттен шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында несиелер алушыларға көмек көрсету үшін бизнес-жоспар әзірленіп, аудан-кәсіпкерлеріне консалтингтік көмек көрсетуге қаржы бөлінген болатын. Осы жұмыстар жемісін беріп, биылғы жылдың 6 айында аудан кәсіпкерлеріне қаржы ұйымдары тарапынан 469 млн. теңге несиелер берілген. Ал,

өткен жылдың 6 айында аудан кәсіпкерлері небәрі 196 млн. теңге несиелер алған болатын.

Сондай-ақ, ауылдық округтерде өз кәсібін ашып несиелер алуға ниет білдіріп отырған кәсіп иелерінің саны артып келеді. Үстіміздегі жылдың өзінде жалпы құны 1 млрд. 19 млн. теңгені құрайтын 132 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Сонымен бірге, жергілікті тауар өндірушілердің тауарларын дөңделісін өткізу арқылы халыққа қызмет көрсету көлемін ұлғайту мақсатында аудан орталығынан «Сауда-логистикалық орталық салу» жобасы әзірленуде. Бүгінгі таңда 6 жобаны (1 автовокзал, 3 сауда орталығы, 1 тауар сақтау қоймасы, 1 сауда кешені) іске асыру мақсатында жер телімдері белгіленді. Осы жобалар іске асырылғаннан кейін 100-ге жуық адам жаңа жұмыс орнымен қамтылады деп күтілуде.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

Тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша облыс көлеміндегі ахуал қандай? Осы бағытта қызылордалық сақшылар нендей шаралар атқаруда?

Бұл сұрақтардың жауабын біз Қызылорда облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Әмірбек Шаймағамбетовтен сұхбатымызда білген едік.

– Әмірбек Бердібекұлы, ең әуелі тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастырудың маңыздылығы туралы толығырақ тоқтала кетсеңіз...

– Елбасымыз 2012 жылы Қазақстан халқына Жолдауында осы қағиданы қалыптастыруды тапсырған болатын. Ол өз сөзінде: “...дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақ ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады. Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық

төзбеушілік” қағидасы төңірегінде қандай шаралар атқарылуда?

– Облыс әкімі өткен айдың басында тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтарға қарсы «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру жөнінде 2014 жылға арналған өңірлік іс-шараларды бекітті. Осы бағытта жұмыстар іске асырылып жатыр. Жалпы ҚР Ішкі істер министрлігі осы қағидатты қолдану бағытында және азаматтардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыруға және қоғамдық тәртіпті нығайтуға тікелей әсер ететін Әкімшілік кодекстің 9-бабын белгілеген. Сақшылар соның негізінде профилактикалық шараларды ұдайы жүргізіп келеді. Биылғы жеті айда барлығы 11747 құқық бұзушылық анықталып отыр. Бұл санайғақты одан әрі тарқатып айта кетейін. Мысалы,

зым деп білуі керек.

Ал, шара қолдану – қоғамды тәртіпке шақырудың бір тәсілі. Мысалы, темекісін шегіп, тұқылын кез келген жерге тастай беретін азаматты сот органдарының шешімімен бірнеше тәулікке қамаса немесе айыппұл салса, ендігәрі ол қылығын қайталамайтын болады. “Аузы күйген үрлеп ішеді” емес пе?!

– Әлбетте. Осы ретте тәртіп сақшыларының жұмысында нәтиже бар ма?

– Профилактикалық шаралардың нәтижесінде облыс көлемінде тіркелген жалпы қылмыстың саны 9,3%-ға (6377-ден 5785-ке), оның ішінде жас-өспірімдермен жасалған қылмыс саны 29,7%-ға (74-тен 52-ге), мас күйінде 11,4%-ға (420-дан 372-ге), көшедегі қылмыстар 17,3%-ға (1223-тен 1012-ге)



бұзушылық осы бейнекамералардың көмегімен анықталады. Қазіргі таңда қалада 216 бейнекамера бар. Соның 96-сы тұрғын үй аулаларында орналасқан. Бізде оны тиімді пайдалану мәселесі тұр. Өйткені, аулаларды жарықтандырып тұрған шамдарды сындырып кететіндер бар. Сол себепті, «мүлдем төзбеушілік» қағидаты бойынша пәтер иелері кооперативтері өкілдерімен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. Бұған қоса, тұрғындар аулаларда тазалықты сақтамаса, көліктерді дұрыс тұраққа қоймаса, әкімшілік жазаларға тартылатыны жөнінде түсіндіру шараларын жүргізетін боламыз.

Сонымен қатар, 500-1000 адамға арнап салынған ғимараттардың иелері көпшіліктің қауіпсіздігі өз қаржылары есебінен бейнебақылау камераларын орналастыруы қажет. Тіпті, олардың басым көпшілігінде келуші автокөліктер тұрақтайтын тиісті орын жоқ. Ал онда келгендер көліктерін көше бойына қазқатар тізіп қоюға мәжбүр...

– Бұл көлік кептелісін тудырады емес пе?

– Дәл солай. Егер кәсіпкер 500 адамға арнап мейрамхана, ойын-сауық орталығын салатын болса, 75 көлік орнала алатын автотұрақ салуы тиіс. Біздің қалада бұл мүлде ескерілмеген. Бұл адам өміріне қауіп төндірмей мүмкін. Өйткені, жол бойында бей-берекет қойылған көліктер ірі жол апаттарының тууына бірден-бір себепші болуда. Осы орайда, біз қалалық әкімдікке ғимараттар салар алдында автотұрақ салуды ескеру туралы ұсыныс бердік. Бұған қоса, сауда орындары, кафелердің айналасы коқысқа толы. Мұны көрген жұрт «полиция қайда қарап отыр?» дейді. Дамыған шет елдерде көшеден полицияны таппайсың, олар тек келеңсіз оқиға орын алған кезде келеді. Ал бізде кез келген нәрсені полицияның күшімен жасағысы келеді. Облысымызға, қаламызға әрбір тұрғын жанашыр болуы тиіс. Бұл – біздің ортақ үйіміз. Ортақ іске ұйымшылдық танытуға ауыл-аудан әкімдері, ішкі саясат басқармасы мен ішкі істер органы тарапынан ғана түсіндірме жұмыстары жүргізіліп қана қоймай, халық тарапынан да қолдау жасалу керек.

– Халықтың полицияға деген сеніміне селкеу түсіретіндер жоқ емес, бар. Бұл туралы не айтасыз?

– Мұндай жағдайлар жоқ деп сөзіңізді терістей алмаймын. Өйткені, «Ауруын жасырған өледі» деген сөз бар. Темекіні кез келген жерге тастағаны үшін айыппұл белгілеп, хаттама толтырған инспектордың өзі артынша шекен шылымын шиырып лақтырғанын да көріп қаламыз. Бұл ақылға сыйымсыз. Сондықтан біз жеке құрамның әрбір әрекетін мүмкіндігінше қатаң қадағалап отырамыз. Полиция біреуді тәртіпке шақыру үшін өзі соған лайық болуы керек. Екіншіден, «мүлдем төзбеушілік» қағидасына келгенде біз қоғаммен ашық, жариялы түрде жұмыс істеуіміз қажет.

– Әңгімеңізге рахмет!

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ӨЗГЕРТУ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ МІНДЕТ

бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам”, – деген болатын. Сондай-ақ Мемлекет басшысы “құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тарту керек” ерекше атап өткен еді. Сол себепті, біз осыған база назар аударуымыз керек. “Қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықты болдырмау – тек полицияның жұмысы” деген теріс түсініктен арылатын кез жетті. Біз қоғамдағы келеңсіз көріністерге қарсы ел болып күрескенде ғана, оң нәтижеге қол жеткіземіз.

Мәселен, соңғы жылдары облыс орталығының ажары кіріп, көркейіп келеді. Алайда, саябақтарды, аллеяларды бүлдіру, қоқыстарды кез келген жерге тастай салу, көшелердегі заманауи жарықшамдарды сындыру, қирату, тыйым салынған орындарда темекі шегу секілді құқық бұзушылықтар тыйылар емес. Осы орайда, біздің органға шағымдар мен сындар айтылады. Өрине, шындығында, біз қоғамдық тәртіпті қадағалауға, вандализмнің алдын алуға міндеттіміз. Бірақ, әр жарықшамды, әр аялдаманы бір-бір полиция қызметкеріне аңдытып қою мүмкін емес. Бұл жағын да ескеруіміз керек. Ал, өзіңіз қараңызшы, қоғамдық тәртіп бұзып жатқан кімдер? Саналы,

белгіленбеген орындарда сауда жасағаны үшін 386 азаматқа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 165-бабы бойынша, қаламызда және елді мекендердің аумақтарын көріктендіру ережелерін бұзған 1172 тұрғынға 387-бап бойынша шара қолданылды. Ал



қоғамдық орындарды ластаған 1154 адам 330-бап бойынша жауапқа тартылды. Кейбір қоғамдық орындарда темекі шегуге әкімшілік кодекстің 336-1-бабымен тыйым салынған, бірақ оны елемеген 770 азамат анықталды. Сондай-ақ, көмелетке толмаған балаларының ойын-сауық орындарында түні бойы жүруіне жол берген 33 ата-анаға 112-1 бап бойынша шара қолданылды.

– Полицияның міндетіне тек жазалау ғана емес, тәртіпке шақыру және тәрбиелеу де кіреді емес пе?

– Өте орынды айтып отырсыз. Адамдарды аталған баптармен жазалап, қоғамдық тәртіпті толыққанды реттей алмайтынымыз анық. Қайталап айтқанда, қоғамдағы әрбір азаматтың көзқарасын өзгертуге күш салуымыз керек. Оны балабақша мен мектеп табалдырығын аттаған балғындардан бастап түсіндіруіміз керек. Қазіргі таңда ішкі істер департаменті тарапынан бұл бағытта білім беру саласына ұсыныстар айтылып жатыр. Тәртіпсіздік деген не? Қандай әрекеттер құқық бұзушылық болып есептеледі? Айыппұлдары қанша? Жолда жүру ережесі қандай? Бұларды балалар біліп өсуі тиіс. Сонымен қатар, ересек азаматтар жеткіншектердің жүгенсіздігіне “балалық қой” деп бейжай қарамауы қажет. Мысалы, бір бала жерге коқыс лақтырса, оған үлкендер ескерту жасап, ұятын оятуы керек. Қоғам мүшелері бір-бірін тәрбиелей алатынын БАҚ арқылы насихаттай берсек, оң нәтиже берері сөзсіз. Әрбір адам құқық бұзушылыққа “мүлдем төзбеушілікті” азаматтық пары-

азайды. Аймақ бойынша «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Балалар түнгі қалада» атты жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл шаралар жалғасын табатын болады. 1-тамыздан 30 қыркүйекке дейін «Балаға мейірім сыйла!» ұранымен «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы өткізілуде. Алдағы уақытта облыс көлемінде «Абайлаңыз, балалар!», «Полиция және мектеп» іс-шараларының кезең-кезеңмен өткізілуі жоспарлануда.

Сонымен қатар, облыста 1165 адамы бар 192 қоғамдық құрылым қызмет атқаруда.

Олардың көмегімен жыл басынан бері 61 қылмыс ашылып, 215 әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталды.

Айта кеткен жөн, қоғамдық тәртіпті сақтауда белсенділік танытқан азаматтар ақшалай марапатталатын болады. Ол үшін жергілікті бюджеттен биылғы жалпы 2 млн. 279 мың теңге қаражат қарастырылған. 1-жартыжылдыққа бөлінген қаржының 1 млн. 116 мың теңгесі толығымен игерілді, яғни, қылмыс ашуға көмектесіп, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысқан 74 азамат ақшалай марапатталды.

– Ал облыстағы үкіметтік емес ұйымдардың құқықтық мәдениетті қалыптастыруда белсенділігі қандай?

– Өте төмен десек те болады. Қазір облыста 700-ге жуық үкіметтік емес ұйым бар. Өкініштісі, олар біздің салада, “мүлдем төзбеушілік” қағидаты төңірегінде белсенді жұмыс істеп жатқан жоқ. Атаулы күндерде тек бір реттік шараларды жылт етіп өткізуі мүмкін. Бірақ жүйелі әрі тұрақты түрде атқарып жатқан кешенді шаралары атымен жоқ. Ал сол ұйымдардың жарғыларында “мақсатымыз – жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеу”, “құқықтық мәдениетті арттыру” деген сөздер бар. Бәрі сөз жүзінде ғана. Негізінде, үкіметтік емес ұйымдардың міндеті – мемлекеттік органдарға қоғамдағы кейбір мәселелерді шешуге көмектесу. Сондықтан, үгіт-насихаттық шараларға қоғамдық ұйымдардың белсенді араласқанын қалар едік.

– Қаламыздағы бейнекамералардың тиімділігі қаншалықты?

– Пайдасы мол, көптеген құқық



ересек азаматтар. Сондықтан, ең алдымен, олардың жалпы халықтың құқықтық мәдениетін арттыру, тәртіпсіздік пен құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру аса маңызды.

– Біз сөз қылып отырған “мүлдем

Сұхбаттасқан
Дәурен ОМАРОВ.

Дос, достық – адам санасы жетпейтін, жүрегіне сыймайтын, ештеңемен өлшеуге де келмейтін үлкен ұғым. Бұл тек адам баласы үшін берілген үлкен нығмет болса керек. Мұндайда атам қазақ «Досы жоқ адам, қанаты жоқ құс секілді» десе, дінімізде «Дос пен досты пайғамбар қосады» деп достықтың қасиетін хақ дінімізді таратушы, Алланың құлы әрі досы Мұхамед (с.ғ.с) пайғамбарымызға апарып тірейді. Менің де сондай антқа берік, ақ адал достарымның бірі де, бірегейі Данияр Алдоңғаров еді.

ЕЛІНІҢ ЖАНЫП ТҰРҒАН ШЫРАҒЫ ЕДІ...

Мен онымен ең алғаш 1984 жылы ДОСА-АФ-қа оқуға түскен жылы таныстым. Ол кезде жалындап тұрған жасөспірім жігіттер едік. Бір-бірімізді адалдыққа, мәрттікке қарап емес, күшіне, ортадағы беделі мен абыройына қарап жақын тартатын кезіміз ғой. Жан-жақтан жиналған өңкей ауыл балалары қалаға тез үйреніп кете алмай жатса, жергілікті жердің жігіттері бізге секіргелі тұрған сілеусіндей акситып тісін көрсетіп қоятын. Түзден келген бөрілердей біріге кетеміз десек те жел өтіне қорған, оқ өтіне қалқан бола қалатын жігіттер аз еді.

Сондай бізді сынағысы келген тісқаққан жігіттерге айбар танытқандардың бірі Данияр болатын. Басымызды біріктіруге, ұйымшыл болуға, сом темірдей сыр бермеуге шақырып, бойын тік ұстап, сөзін нық айтып сыртқа сұс болып жүретін. Сонымен қатар ұстаздың, тіпті үлкеннің алдынан кесе өтпейтін әдетімен тәрбиелі, көргенді жерден шыққанын көрсетіп жүретін еді. Сабаққа деген ын-тасы, ізденімпаздығы өзі секілді талай студентке үлгі болып, барлық мұғалімдердің мақтанышына айналды. Ол ешкімді алаламай жігіттердің бәрін жақын тұтты. Соның бірі мен едім.

Кейін өмірдің соқпақ жолына түсіп, тіршілік қамытын киіп кетсек те бір-бірімізден ажыраған жоқпыз. Сырымыз да, жырымыз да бітпейтін ақыреттік достықтың ақ арқанымен байландық. Үй ішімізбен араласып, мен ол үйдін, ол біздің отбасының бір баласы болып кетті. Қуанышта да қатар жүрдік, қиындықтың талай жүгін бірге көтердік. Жұбайы Райхан да өзіне сай дастарханды, қонақжай, ақкөңіл, достарына адал болып жолықты. Осындай дос тапқанымға Аллаға мың қайта шүкірлік етіп жүретінмін.

Ол өзі өскен Жалағаш ауданы, Аққұм ауылында да соншалықты абыройлы, беделді еді. Жұмысқа дегендегі өзіне қоятын талабының жоғарылығы, әрбір істің жігін танып, көзін білетіндігінің арқасында 2001 жылы құрған «Аққұм ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктес-

тігіне ел үлкен үміт артып, ізіне ерді. Бұл шаруашылықты басқарған төрт жыл ішінде жасаған қызметі биік белеске шығарды. Өндірістен қол үзбей жүріп 2002-2007 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде экономика факультетінің сырттай бөлімінде оқып, экономист мамандығын алды.

2005 жылы өзінің еңбексүйгіштігі мен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде 9 шаруашылықты қамтитын «Шапағат Лимитед» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының маркетинг және ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметіне ауысып, ол жерде 2008 жылы «Шапағат-Сүт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры қызметін қолға алды. Облыс орталығында орналасқан үлкен сүт зауытында жасаған еңбектері республика, облыс көлемінде үлкен құрмет пен марапатқа ие болды. Оның бір дәлелі Қазақстанның ауыл шаруашылығы сала-

сының дамуына қосқан үлесі үшін 2008, 2010, 2011 жылдары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің алғыс хаттары, дипломдарымен марапатталды.

Оны өзгеден ерекшелеп тұратын бір қасиеті – жүрегінен төгілген мейірімі болатын. Көптеген қайырымдылық акцияларына қатысып, балалар үйіне, қарттар үйіне, зағип жандарға көрсеткен көмектерінен бөлек, жәрдем сұрай келгендерді құр қайтармайтын.

Қандай да бір жасаған еңбегін тек қана халқым үшін дейтін Данияр Алдиярұлы облыс орталығынан 2010 жылы үлкен нан зауытын ашты. Мақсаты халықты сапалы, қолжетімді нан өнімдерімен қамтамасыз ету болатын. Осы жұмысының нәтижесіне орай 2010 жылы облыс әкімінің «Жылдың үздік инвесторы», «Азық-түлік өнімдері өндірісі саласындағы үздік кәсіпкер», «Өнім өндеудегі жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін» дипломдарымен марапатталды.

Мені осындай азаматпен дос болып жүргенімді көргенде үйдегілер бір марқайып қалатын. Оның қазасы бір ғана менің емес, қалың елдің басына қара бұлт үйіріліп, қайғы салмағы қабырғамызды қайыстырып кетті. Артында аңырап жары, екі қызы мен ұлы қалды.

Айрандай ұйып отырған бір отбасы тірегінен, ер досынан айырылған күн болды. Алда ел үшін атқарылар қыруар шаруа да, жоба-жоспарлары аяқсыз қалды.

Сұм ажалға, жалтара кететін қалғанға не дерсің, алтын мен жаһұтқа көзі түсіп, тұлпар мен жүйрікті сүріндіріп, ағып тұрған бұлақтың көзін жауып, жанып тұрған шырақты сөндіруге құмар емес пе?! Өттен, өттен, қолдан келер шара жоқ, айла ететін амал жоқ. Тек жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, жасаған жақсылығыңның барлығы қабірінде дәйекші болсын деп құран аяттарын ғана бағыштаймыз.

Еліңнің жанып тұрған шырағы едің-ау... Амал не?!

Алтынбек АХМЕТОВ,
Қызылорда ОИД Әкімшілік
полиция басқармасының бастығы,
полиция полковнигі.

ЖОЛ АҚЫСЫ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ ЖОҒАЛДЫ

Кезінде біздер, зағип жандар, қала ішіндегі автобустарға жол ақысын төлемей мініп, түсетінбіз. Яғни, қала әкімшілігі мен соқырлар қоғамы арасындағы келісім-шартқа байланысты қолымыздағы тегін жол жүру түбіртегін, бертін келе зағиптар кітапшасын көрсететінбіз.

Ал, бүгінде жолаушылар тасымалдайтын автопарк басшылығының жарлығымен зағип жандарға беріліп келген жеңілдіктер жоғалып отыр. Яғни, соқырлар кітапшасымен ақысыз жол жүруден қалдық. Байқауымызша, біздердің зейнетақымызға қосымша қаржы қаралған деген дәйек бар. Бұл қандай жорамал?

Мен І топтағы көз мүгедегімін. Жасыратыны жоқ, тиын-тебенді санамалауды, ауыс-түйіс жасауды білмейміз. Сонда жол ақысын төле деп жармасқан кассирге қалтамыздағы барын қағып беріп жүретін болармыз. Жоқ әлде... Тұшымды жауап күтеміз.

Ә.ЕРЖІГІТҰЛЫ,
І топтағы көз мүгедегі.
Қызылорда қаласы.

1975 жылы мектеп бітірген мен Қызылорда қаласының сол кездегі Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының музыка факультетіне оқуға түсіп, оны 1979 жылы бітіріп шықтым. Содан соң Ойыл ауданындағы өзім оқыған Құрманов атындағы орта мектепке келіп, алғашқы ұстаздық жолымды бастадым. Содан бері үзбей ұстаздық етіп келдім. Менің бұлай қалыптасуыма жол ашқан еңбектің тәтті нанын несібе еткен Сыр елінің оқу ордасына деген алғысым шексіз.

ОТЫЗ БЕС ЖЫЛ ӨТКЕНДЕ

Содан бері аққан судай жүйткіген отыз бес жыл өте шығыпты. Кездесуге әр тараптан жиналған курстастар бір-бірімізді көріп, студенттік шақтарымызды еске алып, мәре-сәре болып қалдық. Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Орал, Шымкент, Сыр өңірінен жиналған бұрынғы білімқұмар жастар, бүгінгі ел ағалары мен әр отбасының ұйтқысы, немерелердің ата-әжелері қайта табысты. Әуелі Қызылорда қаласының бас мешіті «Ақмешітке» барып, Алладан жақсылыққа ниет тілеп, өмірден өткен курстастарымыз бен ұстаздарымызға арнап құран бағыштадық. Сосын қаланың көрікті жерлерін аралап, естелік суретке түстік. Көптен көрмей сағынысқан курстастар бірде ән айтып, бірде кейбір қызықты шақтарды еске алып, мәз болыстық.

Бүгінгі Қызылорданы біздің студенттік көзіміздегі қаламен салыстыра алмайсыз. Сыр елінің өсіп-өнгені, көркейе түскені анық байқалады. Көшелер гүлмен абаттандырылып, түрлі мүсіндермен безендірілген. Ауылдары да қазіргі заманға сай үлгідегі үйірмен, көзтартарлық құрылыстармен өрнектеліпті.

Дуылдасқан топ кешке таман қалаға таяу жердегі «Бесарық» ауылына, яғни курстасымыз Жұмабай Әубәкіровтің үйіне қонаққа бардық. Жұмабайдың шаруашылығы күйлі, ұсынақты пысық азамат екендігі үйге кірместен-ақ байқалды. Келіншегі Сиягүл де азаматына сай, үй-жайды келістіретін отанасы екендігін көрсете білді. Жұмабай кезінде бір топтың старостасы болған еді, өзі ұяң, салмақты жігіт болатын. Бүгінде сол қалпынан айнымапты. Оның отбасында курстастар өткен жылдарды еске алып, қазіргі жетістіктерін ортаға салып, өзара сыр шертістік.

Келесі күні біз кезінде өзімізге пана болған жатақханаға, онан соң оқу орнына келдік. Өзіміз оқыған кафедраларды аралап, суретке түстік. Сосын Сыр елінің асыл азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет

қайраткері, институттың сол кездегі музыка кафедрасының меңгерушісі, «Сыр сұлуы» халықтық ансамблінің көркемдік жетекшісі, доцент Мүлкаман Сүлейменұлы Қалауов атындағы дәрісханаға келіп, ұстазымызды еске алдық. М.Қалауов сол кездегі музыка факультетінің айнасы, әйгілі «Сыр сұлуы» ансамблінің жүрегі, Қызылорда қаласының өнердегі тірегі болатын.

Біздің жадымызда мәңгі қалған Мүлкаман ұстазымызға бүгінде Қызылорданың құрметті азаматы атанған, курстасымыз, акын Серік Ыдырысов өлең жолдарын арнап, 1975-1979 жылдағы студенттер атынан ұстаз атындағы дәрісханаға ескерткіш сыйлық ұсынылды.

Біздің тағы да бір мақтанышымыз, әнсүйер қауым үшін хитке айналған, танымал әншілеріміз орындап жүрген

«Әкем-әнім» әнінің дауысын жазған сазгер Әділбек Сүлейменов те де бізбен бірге, бір топта оқығандығы еді. Бұл әннің сөзін жазған да сол біз оқыған институттың түлегі – Орынбасар Сүттібаев болатын.

Сол кездегі хор дирижері, қазіргі ҚМУ-дың профессоры Күләш Қыдырбаеваның дирижерлауымен бұрынғы өзіміз орындаған «Әх, дороги», «Реве та стогне», «Әке туралы ән» шығармаларымен қатар, аяулы ұстазымыз Мүлкаман ағамыздың «Ана туралы әнім» тебірене 4 дауыста орындадық. Риза болған ұстаз Зина Сексенбайқызы орнынан ұшып тұра келіп: «Міне, қазір жетпейтіні осы дауыстар ғой, жарайсындар», – деп сүйсінді.

Біз институтта 2 қазақ, 1 орыс тобы болған едік. Осы 3 группаның дені сол уақытта «Сыр сұлуы» ансамблінің белді мүшелері болатын. Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп тегін айтылмаған ғой. Тегі, мен осы елде білім алғаныма қуанамын. Онда ежелден бізге қатырған бүгінгі мәдениет қайраткері Әшімхан Оспанов та Шиелі ауданының мақтанышына айналған, мәдениетте өзіндік қолтаңбасы бар азамат. Мен осы кездесуді ұйымдастыруға белсене атсалысқан комсорг Роза Ералиеваның, жан құрбым Сәрсенкүл Жүнісованың, атыраулық Халыш Түсекенованың және Әлия Сахиева мен Жұпар Полотованың, Мереке Күзембаев пен Рысдәулет Құдайбергеновтің, павлодарлық Жанұзақ Балкеновтің еліміздің мәдениеті мен өнеріне үлес қосып жүргеніне қуанамын. Оларды әрқашан мақтан тұтамын. Отыз бес жылдан кейінгі кездесу өзіндік қызықтарымен есте қалғаны анық.

Қаракөз САҒЫНОВА,
ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Асыл әжелер» халықтық өнер ұжымының көркемдік жетекшісі.

Ақтөбе қаласы.

ДАТО КЕҢЕСІНЕ ҚҰЛАҚ АСЫҢЫЗ: ЖАЛҒАН ДӘРІЛЕРДЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

ҚР дәрілік заттардың Мемлекеттік тізімінде әлемнің 80-ге жуық мемлекетінің 7 мыңнан астам дәрілік препараты тіркелген. Дәрі-дәрмектердің мұндай көп мөлшері оларды пайдалануда сақтықты қажет етеді. Халықаралық фармацевтикалық өндірушілер Ассоциациясының мәліметіне сүйенсек, дамыған елдердің фармацевтикалық нарығында дәрілік заттардың 5-7%-ы жалған дәрілердің үлесіне тиесілі екен. Көп жағдайда мұндай дәрілер ғаламтор арқылы сатып алынып, қолданылып келеді. Сондықтан, дәрілерді тек дәріханалардан сатып алу қажет екенін есіңізде сақтаңыз!

ДДСД айтуынша, «жалған дәрі дегеніміз, заңға қарама-қайшы этикеткамен жабыдықталған, түпнұсқасы мен (немесе) өндірушісі кате көрсетілген өнім болып табылады».

Сондықтан, дәрі аларда оның қаптамасына жіті назар аударыңыз. Ол сапалы қатырма қағаздан жасалып, ондағы жазба қатесіз, көрнекі түрде жазылуы тиіс. Ал, дәрілік затты пайдалану жөніндегі нұсқама қазақ және орыс тілдерінде жазылуы қажет. Сонымен қатар, дәрілік препараттың ішкі қаптамасындағы немесе сауытындағы сериясы, шығарылым күні мен жарамдылық мерзімі, препараттың қатырма қаптамасындағымен бірдей болуы керек. Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың денсаулығын бағалай біліңіз. Біздің қызметіміз Сіздерге арналады!

Тегін дәрілерге өз құқықтарыңыз туралы, оларды дұрыс пайдалану, дәрілердің болуы мүмкін жанама әсерлері жайлы қосымша ақпаратты Сіз бірыңғай тегін телефон желісі - 8 800 080 88 87 арқылы, сондай-ақ, ДАТО ресми сайтынан - www.druginfo.kz біле аласыз.

Дәрі-дәрмек ақпараттық-талдау орталығы
ҚР ДСМ «ДСДРО» ШЖҚ РМК.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің «E-Islam» ақпараттық-ағартушылық порталымен бірлесе дайындаған бұл жинағында исламдағы қазіргі өзекті діни мәселелерге қатысты 20 сауалға білікті дінтанушы ғалымдар тарапынан берілген жауаптар топтастырылды. Жинақ «E-Islam» ақпараттық-ағартушылық порталына келіп түскен сұрақтар негізінде дайындалды.

Бүгінгі зайырлы қоғамда туындаған ислам діні мен қазақ дәстүрлерінің қатынасына байланысты өзекті сауалдарға оқырман осы еңбек арқылы жауап табады деген пікірдеміз.

Жинақ дін мәселелеріне қызығушылық танытушы қалың көпшілікке арналған.

әрбір әдепті көздің қарашығындай қастерлеген. Қандай жағдайда болса да, қабір жанынан ойсыз, асығыс-үсігіс өте салмаған, қолынан келсе құран бағыштап, тым болмаса «тие берсінін» айтып бет сипап өткен. Мұндайда абзалы, әрине, арнайы дұға бағыштау болмақ. Дұғадан кейін бет сипау да – дұғаның әдебіне жататын, дініміз терістемейтін, Пайғамбарымыздың сүннетінде кездесетін амалдардың бірі. Демек, қазақ ұстанатын қабір зияраты әдебінің әрбірінде пайғамбарымыздан аманат болып келе жатқан қастерлі қағидалар бар.

А.Әбдірәсілқызы.

2. Дүниеден өткен ата-бабаларға Құран бағыштауға бола ма? Оның дұрысы қалай болмақ?

ДІН САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША 20 СҰРАҚ-ЖАУАП

ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮР: САУАЛДАР МЕН ЖАУАПТАР

1. Қорымның қасынан өтіп бара жатқанда бет сипауым. Автобуста бірге отырған ер адам «бұлай істеуге болмайды» деп дүрсе қоя берді. Осылай бет сипауды көз ащыағы үлкендерден көріп келеміз. Сонда оның дұрыс болмағаны ма?

Қабірді арнайы зиярат ету исламда жағымды (мандуб) істерден саналатыны белгілі. «Қабірлерді зиярат етіңдер. Өйткені қабір зиярат ақыретгі естеріңізге салады» деген хадис бар. Сонымен қатар өлілерге құран бағыштау, олар үшін Алла тағаладан жарылқау тілеу де қабір зияратының бір мақсаты саналады. Құран оқудың ғана емес, дүниеден өткен адам үшін дұға етіп, кешірім тілеудің, бағышталып жасалған барлық жақсылықтың сауабы тиетінін Пайғамбарымыздың хадистеріне сүйене отырып, төрт мазхабтың мұжтаһид ғалымдары өз еңбектерінде жазып қалдырған.

Пайғамбарымыз «Бақиғ» қорымына зиярат еткенде: «Ассалаумағәлейкум, уа мұсылмандар қауымы! Біздер де Алла қаласа, сіздерге қосыламыз. Алладан өзіме де, сіздерге де есендік тілеймін» деген. Қабірге зиярат ете келгенде осылай сәлемдесуді өсиет еткен. Осы насихаттан ғибрат алған қазақ халқы да қабірстанына: «Біз де сіздей болғанбыз, сіз де біздей боларсыз» немесе «Біз де сіздей болғанбыз баяғыда, сіз де біздей боларсыз аяғында» деп өлілерден тірілерге аманат сөз жазып қалдырған.

Ал қабір жанынан өтіп бара жатқанда да бір сәт өлімді еске алу, мүмкіндігі болса, тоқтап, өлілерге құран бағыштау немесе қабір жанынан марқұмдар үшін «Алла жайын жаннаттан етсін», «Топырағы торқа болсын, иманы қабыл болсын» деген секілді дұға тілеп, бет сипап өту – қабір зияраты әдептерінен аманат ерекшелігі. Оның шариғатқа қайшылығы немесе әдепке жаттығы жоқ. Керісінше ғибраты мен өнегесі мол.

Қабір зияраты әдебіне қатысты хадистерде қабірдегілердің өздерін зиярат етушілерді танитыны, сөздерін еститіні, жағмыссыз іс-әрекеттер жасалған жағдайда ауыртпалық сезінетіні жайлы айтылады. Сондықтан қабірстандағыларға дауыстап сәлем беру, қабір әдебін сақтау, қабірдің үстін басау, оған сүйеніп отырмау керектігі, қабір үстімен өтуге мәжбүр болған жағдайда арнайы тасбих, тәһлил, тәкбір, истигфар дұғаларын айтып өту қажет екендігі хадистерде жиі ескертілген. Сондай-ақ мәйітті жуу, кебіндеу, көтеру, жаназасын шығару, қабірде салу кезінде абай болу қажеттігі жөнінде хадистер бар. «Кімде-кім қорымнан тәкбір айтып өтсе, қабірде жатқан кісі: «Осы адам қабірімнің жанынан тағы бір рет өтсе ғой!» деп қалайды екен» делінеді исламдық дереккөздерінде. Артында қалған ұрпақтарынан Құран үйреніп, ізгі, сауапты істер атқарғаны үшін марқұмдардың қабір азыбын жеңілдетілгені жөнінде де хадистерден бастау алған хикметті хикаялар бар.

Атамыз қазақ Пайғамбарымыз аманат еткен қабір зияратына қатысты

Дүниеден өткен адамға «сауабы тиcін» деген ниетпен Құран бағыштауға болатынын, оның шариғатқа қайшылығы жоқтығын, керісінше сауапты іс екендігін талай ислам ғұламалары дәлелдеп жазған. Пайғамбарымыздың: «Өлілеріңе «Иасин» сүресін оқындар» деген хадисі бар. Абдуллах ибн Омар сахабаның қабір басында «Бақара» сүресінің аяттарын оқығаны жөнінде риуаят жеткен. Пайғамбарымыздан жеткен сахих хадистерде марқұмның өтей алмаған оразасын тұту, атқара алмаған қажылығын өтеу, оның атынан садақа беру секілді ғибадаттардың сауабы өліге тиетіні айтылған. Осыған сүйеніп, мұжтаһид ғалымдар Құран оқу да жеке ғибадат болып табылатындықтан, оны оқып, марқұмға бағыштаудың да өліге сауабы тиетіні жөнінде ортақ тұжырымға келген. Пайғамбарымыздан бір кісі: «Уа Алланың елшісі, ата-анам өлгеннен кейін де оларға құрмет көрсете аламын ба?» деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз: «Иә, егер дұға жасасаң, Алладан оларға кешірім етуін сұрасаң, берген уәделерін орындасаң, туыстарымен байланысында үзбесең және достарын құрметтесең» деп жауап берген. Сонымен қатар исламда «үздіксіз сауап» деген ұғым бар. Ол Пайғамбарымыздың: «Адам қайтыс болған соң амал-сауабы тоқтайды. Тек үш жолмен ғана үздіксіз сауап барып тұрады: тоқтаусыз садақасы (ел игілігі үшін жасаған нәрселерінің сауабы – салған көпірі, мешіт, медресесі, т.б.), қалдырған пайдалы ілімі, саликалы ұрпағының дұғасы» деген хадисіне негізделген. Осы негіздерге сүйене отырып, Құран оқудың ғана емес, дүниеден өткен адам үшін дұға етіп, кешірім тілеудің, бағышталып жасалған барлық жақсылықтың сауабы тиетінін төрт мазхабтың мұжтаһид ғалымдары өз еңбектерінде жазып қалдырған. Дегенмен, Құранды ақы төлеп оқытуды ислам ғұламалары құптамаған, «ақшаға оқылған Құран қабыл болмайды» деп тұжырымдаған. «Мүмкіндігінше қазіретінің Құранды өзі оқып, бағыштағаны жөн, ал Құранды басқа адамға оқытқан жағдайда оған ақы төлеуге болмайды, садақа ретінде беруге болады» деген ортақ тұжырымдар (ижмағ) бар.

Қазақы дәстүрде өліге Құран бағыштауға ерекше мән берілетіні белгілі. Бұл бір жағынан дін мен дәстүрдің тоғысуының ділдегі (менталитет) көрінісі іспетті. Ежелгі ғұндар мен сактар дәуірінен тамыр тартып келе жатқан сайын даладағы бір игі дәстүр – дүниеден өткендерді еске алып, ас беру болған. Сонау ежелгі грек деректерінде сақталған мына оқиға осы дәстүрдің ішкі мазмұнын танытады: Скиф (сак) данышпаны, атакты еміші Токсаридке (б.д.д. VII-VI ғғ.) эллиндік (грек) ойшыл Мнесип мынадай сұрақ қояды: – Сендер ата-бабаларының рухына арнап ас бересіңдер. Сонда сендер оларға табынасыңдар ма? Бұл сұраққа Токсарид: – Біз ата-баба рухына табынбаймыз, ас беру арқылы оларды еске алып, тірілерге үлгі етеміз, жастарды тәрбиелейміз, сөйтіп, тірілердің рухын көтереміз, – деп жауап береді.

Ғұндар мен сактар дәуірінен тіні үзілмеген осы рухани дәстүр түркі қағанаты тұсында да жалғасын тапты. Исламды қабылдаған түркі жұртында бұл үрдіс аруақтарға арнап ас беріп қана қоймай, Құран оқып, сауабын өлілерге бағыштаумен толықты. Көшпелі

далалықтар ерекше қастерлеген мазар мәдениеті мен зиярат әдебі де ислам діні мен ұлттық дәстүрлер үндестігінің көрінісі болып табылады. Дін мен дәстүр үндескенде дін дамиды, дәстүр байиды, ал ұлт діннің рухын сезініп, құндылық ретінде қабылдайды. Орта-ғасырлық дерек көзі «Тәзкире-и Бұғрахан» шежіресіне сүйенсек, марқұмдарға ас беріп, құран бағыштау исламның түркі даласына таралған алғашқы кезеңінен бастау алған деуге болады. Қарахан мемлекетінің рухани тарихын баяндайтын шежіреде: «Бейсенбі күні сусын мен тамақ әзірленді. Мұсылмандарға ас тарылды. Құран хатым қылды. Сауабын шәһидтер рухына бағыштады», «Шәһидтерге арнап мұсылмандарға ас берді. Хатым Құран қылды. Одан кейін шырақшы тағайындап, қыркын өткізіп,

бейсенбі, жұма күндерін ұлықтап әрі ата дәстүрін исламмен асастыра отырып, иіс шығарып, жеті нан тарату немесе молда шақырып, пісірген нанға Құран оқыту дәстүрге айналды. Ал көршілес өзбек халқында ас (палау) пісіріп, өз отбасында ішіп-жеп, Құран оқуды «иіс шығару» деп атайды, олар да бұл дәстүрді исламмен берік байланыстырған. Әрбір амал ниетіне қарай бағаланады, бұл дәстүрдің негізгі мақсаты – Құран оқытып, сауабын өлілерге бағыштау екені анық.

Ислам шариғатында садақаға баса мән берілетіні белгілі. Садақа тек кембағалға берілетін көмек қана емес. Исі мұсылман баласына, қала берді барша жаратылысқа қатысты әрбір ізгі іс, жақсы сөз, тіпті біреуді жамандықтан қайтарып, жақсылыққа үндеу де садақаға жатады. Ал қазақта

әрекеттер Пайғамбарымыздың: «Садақамен қиыншылықтың алдын алыңдар», «Садақа жетпіс түрлі пәленің алдын алады», «Садақа ретінде берілген бір ұзым нан Алла тағаланың алдында Ухууд тауындай үлкейеді», «Сауабын мұсылман әке-шешесіне бағыштап берілген садақаның сауабы оларға да барады, өз сауабынан да ешнәрсе азаймайды», «Садақа беріп ризықтарыңды көбейтіндер» деген хадистерімен үндесіп жатқандығына күмән жоқ. Жеті нан пісіріп, садақа таратудың қана ниетпен жасалмайтыны, шариғатқа қайшы еместігі және ешқандай жағымсыз салдар тудырмайтыны әмбеге аян. Сонымен қатар, мұндай мәселелерге баға беруге келгенде исламда шариғатпен айқын тыйым салынбаған нәрселерге, соның ішінде әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге де шектеу қойылмайтынын назарда ұстаған жөн.

А.Әбдірәсілқызы.

4. Бұрынғы кесенелерді қарасақ, қам кесектен, топырақтан тұрғызылған екен. Ал қазіргі кесенелерге қарасаңыз сарай, қамалдар секілді биік, үлкен. Құлпытас орнатудың әдебі мен тыйымдары қандай?

Қабірді қоршау ең алдымен белгі үшін, екіншіден аяқасты болмауы үшін, үшіншіден қабірді жан-жануарлардың таптамауы, жыртқыш аңдардың мәйітке зақым келтірмеуі үшін жасалады. Қабір басына құрылыс салуға қатысты исламда бірнеше түрлі пікір қалыптасып, әр мазхаб ғалымдары түрліше пәтуа берген. «Көпшілік қабірстанында құрылыс салуға болмайды, ал жеке қабірлерді қоршауға болады» деген пікір мен «кез келген қабір басында құрылыс жүргізуге болады» деген көзқарастар қатар өмір сүріп келеді. Кей ғалымдар белгілі діни тұлғалардың қабірі басына күмбез салуды тағылымды іс деп санаса, ендігі бір ислам ғұламалары ысырапшылық пен сенімнің әлсіреуіне себеп болады деген пікірмен қабір басына қандай да бір құрылыс нысанын салуға үзілді-кесілді қарсы шығады. Олардың әрқайсысының өзіндік дәлелі, сүйенетін негіздері бар.

Қабір басына құрылыс салу исламның алғашқы дәуірлерінен басталған. Көптеген белгілі дін ғалымдарының қабірі күмбезді кесенемен қоршалған. Пайғамбар қаласындағы «Жәннатул Бакида» жерленген санлақ сахабалардың сәулетті сағаналары уаххабилік идеология күшіне енген XIX ғасырдың екінші жартысына дейін бой түзеп тұрды.

Имам Абу Ханифа негізін қалаған ханафи мазхабы ғалымдарының пәтуасы бойынша қабірді кіндіктен жоғары етіп қоршауға, белгі қойып, жазу жазуға рұқсат етіледі. Ал күмбезді құрылыс салуға ханафи ғалымдары тыйым салмаған, бірақ оны «тахриман (харамға жақын) мәкруһ» санатына қосқан.

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан мазар мәдениетіне көз салсақ, айтылған қағидалардан алшақ кетпегенін, шариғатқа шалыс емес, салт-санаға тиімді тұстарын екшеп пайдаланғанын байқаймыз. Дін дүниесінде даңқы шыққан рухани ұстаздарының қабіріне ғана еңселі ғимарат орнатқан аталарымыз ел бастаған көсемі мен сөз бастаған шешеніңіз зияратын сән-салтанатсыз қонқырай ғана күмбезбен қоршаған. Көпшілік қабірлер аяқ асты болмау үшін төбесі ашық төрт құлақ бейіт ретінде соғылған. Қазір де ел ішіндегі есті азаматтар бақилық болған жақындарына төрт құлақ бейіт тұрғызумен шектелуді жөн санайды. Қарапайым адамдардың қабірінің қоршауын қам кесектен тұрғызудың да өз қажеттілігі бар. Уақыт өтіп, марқұмның сүйегі құрап кеткен кезде қабір қоршауы да үгітіліп, жер молаға айналып жатса, одан жаңа жерленген мәйітке келгендей залал келе қоймайды.

Дегенмен, «заманына қарай – амалы» демекші, қазір қабірді темір қоршаумен қоршап, жазулы құлпытас орнату үрдісі кең тарап отыр. Өз әдебінен аспаса, мұндай үрдістердің де жерлеу әдебіне, мазар мәдениетіне қайшылығы жоқ.

Рас, өкінішке орай, ғасырлар бойы қалыптасқан мазар мәдениеті мен қабірстанның қастерлі қағидаларын ескеруcіз қалдырып, қабір басына салтанатты құрылыс салуды мақтан көретіндер де көбейіп барады. Бірақ бұл дәурықтыратындай дауасыз дерт емес, ауыл ақсақалдарының ақыл-кеңесімен, имамдарымыздың уағыз-насихатымен орны толатын олқылық.

А.Әбдірәсілқызы.

(Жалғасы бар).

садақаның ең көп таралған түрі – дастархан жайып, ас беру немесе жеті нан тарату. Астың алдында да, соңында да Құран оқылады, сол секілді жеті нанды берген адам да, алған адам да марқұмдарға бағыштап, Құран оқитыны белгілі. Сондықтан бұл дәстүр – исламмен біте қайнасып кеткен дәстүр.

Сонымен қатар қазақ үшін дастархан мен ас – қастерлі ұғымдар. Ол бас қосуға, араласуға, бірлік пен берекеге себеп болады. Бұл тұрғыдан да шариғаттан шалыс кетпейтін мұндай ізгі дәстүрді мұсылман баласын бірлік пен сауапты істерге шақыратын ислам дінінің тек қана құптайтыны айқын. «Мұсылмандардың жақсы деп тапқан нәрсесі Алла құзырында да жақсы» деген Пайғамбарымыздың хадисі бар. Ал ислам ғұламалары ұлттық дәстүрлер жайында: «Әдет-ғұрыптың шариғатта өз орны бар», «әдет-ғұрыппен белгілі болған нәрсе шарт сияқты (міндетті) болады», «әдет-ғұрыппен бекітілген нәрсе насспен (аят-хадиспен) бекітілген нәрсе сияқты» деген тұжырымдар жасаған.

Ал түс көру жайына келсек, Пайғамбарымыздың: «Түс үшке бөлінеді. Бірі – шынайы түс. Ол – Алланың сүйіншісі. Екіншісі – шайтанның салған уайымы. Үшіншісі – пенденің ойына алған нәрселерінен туындаған түс. Кімде-кім жайсыз түс көрсе, дереу тұрып намаз оқысын. Және ондай түсті ешкімге айтпасын» деген хадисі бар. Сонымен қатар Пайғамбарымыз сахабаларына: «Кімде-кім түс көрген болса, маған айтсын. Мен оны жорып берейін» деген. Тан намазынан кейін Пайғамбарымыз жамағаттан: «Араларыңда бүгін түс көргендер бар ма?» деп сұрап отырған. Осының барлығы түстің белгілі бір мағынасының барлығына дәлел. Түс – Алланың бір хикметі. Құрандағы Жүсіп пайғамбардың түс көруі, оның Мысыр патшасының түсін жорыу және жорыуның дәл келуі жөніндегі хикаялар кездейсоқ келтірілмеген.

Қазақы ұстанымға келсек, халқымыз: «Түс – балқыған қорғасын, қалай жорыса солай ауады» деп санайды. Көрген түсті іштей жақсылыққа жориды немесе мәнісіне жетпесе, білікті, ниеті түзу адамға арнайы жорытады. Қазақ дүниетанымында түс көрудің орны ерекше маңызды. Халқымыздың көптеген аңыз-әңгімелері мен ертегілерінде, жыр-дастандарында түс көру мотиві негізгі сарындардың бірінен саналады. Ол сол туындының бүкіл мазмұнына, бас кейіпкердің тағдырына арқау болып жатады. Кешегі ел бастаған хандар мен қол бастаған батырлардың, халқымыздың сөз ұстар даналарының көрген түстері мен оның жорыу жөнінде талай аңыздар, мыңдыққа айналуды жөнінде көптеген ғиыратты әңгімелер сақталған.

Әрине, Пайғамбарымыздың хадисінен ұғынылатындай, әрбір түс мағыналы бола бермейді. Қазіргі ғалымдардың түсті «күндізгі ойдың елесі» немесе «аяқталмаған ойдың жалғасы» деп санайтыны да негізсіз емес. Дегенмен жоғарыда айтылғандай, ұлттық дүниетанымымызға тән ерекшелікпен, Алланың әрбір ісінен хикмет іздеп тұратын халқымыз түске қашанда бей-жай қарамаған. Жақсы түс көрсе ырымдап, жаман түс көрсе, сақтанып, жеті нан пісіріп, садақа таратып, Құран оқып жататыны да сондықтан. Сонымен қатар мұндай

Қожа Факих Әйубты ұлық шейх қылып, қырық кісі жарубекш күтуші қойып, майшам алдырып, әрқайсысына бір жер тағайын қылды. «Әзіреті падишах Әли Арслан ғазыға, барлық шәһидтерге дұға, тәкбір қылыңыздар» деді» деген мәтіндер жиі кездеседі.

Тарихи тұрғыдан осылай айшықталатын бұл үрдіске танымдық қырынан келер болсақ, қазақтың қанына біткен аруақ сыйлау үрдісі ата-ананы құрметтеу әдебімен ұштасады. Ата-ананы сыйлаудың Алланың разылығын алудың ең жақын жолы екені талай хадистерде айтылған. Ал Алладан кейінгі ұлығы, көз алдындағы киелісі – ата-анасы ғана емес, жеті атасын түгел сыйлауы, көзі тірі үлкендердің ғана емес, дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен өлілердің де қамын ойлап, дұғасын бағыштауы қазақтың иман дүниесінің қаншалықты тереңде жатқанын аңғартса керек. Бұл жерде мына нәрсені де ескерген жөн. Аруақ алдындағы қарызын өтеп, жандүниесі тыныштық табуы, ар алдында таза болуы – тірілер үшін үлкен сабақ. Тірі төнгермегенді өлі төнгереді. Өлі алдындағы өтелмеген парыз төнгереді. Өліге бағыштап Құран оқытып, садақа берудің, марқұмның ізгілігін сүйінішпен, кем-кетісін өкінішпен еске алып, соңында қалғандарға қайырым-көмек жасаудың әрбірінде адамның шайқалдақтап тұрған иман таразасын теңгеріп, арғы-бергісін ойластыр, тәубесін есіне түсіретіндей үлкен мән-мағына бар. Бауыр мен бауырды, туыс пен туысты жақындататын парыз бен қарыз сезімі де тірінің түйткілі көп тіршілігінен гөрі өлінің өнегесі көп тыныштығында бас қосқанда көбірек танылып-түйсініледі. Сондықтан бүгінгі күні де торқалы тойдан гөрі топырақты өлімде бас қосу қазақы болмысқа тән құндылықтарды көбірек жаңғыртып отырғанын атап айту ләзім.

А.Әбдірәсілқызы.

3. Иіс шығару исламға жат па? Жаман түс көріп, қорқып немесе әлденені сүйінішпен жеті нан тарату, ол дәмнің сауабын өлгендерге бағыштау дәстүрі қаншалықты дұрыс?

Бүгінде әлем мұсылмандарының басым бөлігі ұстанатын, Қазақстан мұсылмандары үшін де дәстүрлі болып табылатын ханафи мазхабының іргесін қалаған имам Ағзам Әбу Ханифа ілімінде ислам дінін қабылдаған жергілікті халықтардың салт-дәстүріне баса мән берілді. Ханафи мазхабында әдет-ғұрыптар исламдағы пәтуа шығарудың, яғни белгілі бір мәселеге қатысты діни үкім берудің бір негізгі ретінде саналады. Құран үкімдерінде, хадистерде, ислам ғұламаларының пәтуасында қарастырылмаған қандай да бір жағдайға қатысты жергілікті халықтың әдет-ғұрпы арқылы шешім берілген болса, сол әдет пәтуа ретінде қабылданған. Сондай-ақ жергілікті халықтың дәстүріне тән қандай да бір әдет-ғұрып ислам шариғатына қайшы келмесе, ел арасында кең таралған болса, оны қолдануға, сол бойынша іс-әрекет етуге ешбір шектеу қойылмайды.

Иіс шығару – түркі халықтарының біразына тән дәстүр. Атамыз қазақта өлілерге арнап ас беру, жиын-той жасап, көпшіліктің басын қосып отыру – сонау сак-гүн кезеңінен келе жатқан дәстүр. Исламды қабылдағаннан кейін

ШОЛПАН БӘКІРОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

ЕСІМІ ЕЛГЕ МӘЛІМ БӘКІР ОЯЗ

Жер жаннаты – Жетісудың қасиет қонған Қаратал өңірінде арғы-бергі тарихында қазақ өнерінің мақтанышына айналған жандар көп ұшырасады. Тума талант сахна саңлақтары, Қазақстанның халық артистері Қанабек Байсейітов пен Бикен Римваның өкішесін баса театр саласының шоқтығын биіктетуге сүбелі үлес қосқан жанның бірі – Шолпан Бәкірова болатын. Қараталда туып, ән мен жырға бейім өскен, өңірде 1940 жылы алғаш құрылған Қаратал колхоз театрында шыңдалып, алдымен Талдықорған, кейін Қызылорда облыстық драма театрларының белді актрисасы болған Шолпан апайды дәмдес, сырлас болған бірлі-жарым көнекөздер күні бүгінге дейін «Бәкір ояздың қызы», – деп ауыз толтырып айтады. «Тектіден текті туады, тектілік жолын қуады» – демекші, Шолпанның ардақ тұтқан әкесі, есімі жалпақ Жетісуға мәлім Бәкір Оңғарбайұлы туралы азды-көп сыр бөлісейік.

Бүгінгі күні Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, қазақ өнері мен әдебиеті тарландары өмірінен кеңінен хабардар, «Шолпан замандасымның есімі ескерусіз қалмасын», – деп шыр-пыр болып жүрген Әбен Аймұханбетов ақсақал кейінгіге “Білсең Бәкірдің, білмесең кәпіріңмін,” – деген сөз қалдырған Бәкір ояз туралы былайша әңгімелейді.

– Құқық қорғау саласында қызмет еткен тұста, 1958 жылы Мұқыры ауылында тұратын халық ақыны Қалқа Жапсарбаевты әдейілеп іздеп барып, сәлем бердім. Әкем Сайланбай (әнші, Қаратал колхоз театрының негізін қалаушы, майдангер) және оның өнердегі достары жайлы әңгімеге қанықтым. Қалқа ағамыз ағынан жарылды, әріден сілтеді. Сондағы айтқаны мынадай еді:

– Әлі есімде 1926 жылғы жаз айының басы болатын. Жергілікті өкімет басшыларының ұйғаруымен Жетісудың ең бір көркем жері Тентек өзенінің Қараталға құяр тұсына тақау ақбоз үй тігіліп, бие байланады. Сөйтіп халқымыздың арынды ақыны, желдірме термешісі, атақты әнші Иса Байзақовты табиғат аясында демалуға шақырады. Арнайы көмекші бөлініп, шипалы қымызбен емдейді. Әдетте жақсының жүрген жері күнде той ғой. Алысты болжайтын, қайырымдылығы мол, қолы ұзын Бәкірдің ұсынысы бойынша Иса ақынның келуі құрметіне қоңілшар думанын ұйымдастырады. Жакын төңіректен бірнеше ақ боз үйлер әкелініп тігіледі. Аттары шыққан біраз ақын, әнші, балуандар шақырылады. Солардың қатарында жорға ақын, құсбегі Дембосын, әнші Сайланбай, өнерге жаңа талпынған Қанабек Байсейітов, өнер жанашырлары, әнші-сазгер Шаяхмет Досмағанбетов, Қатқылбай Байсаков, Халық Қарғабаев, халық ақыны Әбдірахман Алдабергенов, Бәкір және мен болдым. Балуандарға келсек, Тазабек Қойлыбаев, Ғалымбай Биболов, т.б. күш сынасты. Боз кілемде Тазабек қарсыластарын шақ келтірмей, бас балуан атанды. Дүбірлі думан үш күнге созылды. Ақын мен әншілер сайысында өз басым және сенің әкең Сайланбай үздік атанды.

Көненің көзі, өткеннің сөзі саналатын Әбен аға әңгімесін әрі қарай сабақтап: “Қаратал мен Көксу азаматтарының ерекше сый-құрметіне риза болған Иса Алматыға оралғаннан кейін 1926 жылдың күзінде “Тентектің серілері” атты поэма жазып, ол туындысы басапандан төте араб қарпімен жарық көреді. Онда Жетісудың көркем табиғаты суреттеледі, қонақжай халқы, ақтангер ақындары мен күміс көмей әншілері мадақталады. Сол кітаптың бірі біздің үйде болушы еді, кейіннен жоғалып кетті. Ендігі бір данасын Шолпанның үйінен көргенмін. Шіркін, Иса ағамыздың сол кітабын іздеп тауып, қайта бастырса, көп сырға қанығып, ру-

хани қазынамыз байи түсер еді ғой!,” – деген болатын.

Қолында билік пен мүмкіндік бар кезде Бәкір ояздың елге сіңірген еңбегі жайлы көнекөз қариялар әліге дейін ықыластана әңгімелейді. Оның тікелей ұйытқы болуымен қазіргі Қараталға құяр тұстағы Зымырық деген жерден құмның сексеуілін түйемен жеткізіп байлау жасаған, суармалы егістік үшін су шығарған Зымырықтан аққан судың екпініне шапқан ат жете алмайтындай болған. Сол тоспа тұс күні бүгінге дейін “Бәкір байлауы” аталады. Бұл оның халықшыл іс-әрекетін көрсетсе керек.

Біздің Шолпан Бәкірқызындай сахна шеберінің өнегелі өмір жолына тоқталмас бұрын, оның асқар таудай болған, гармонмен құйқылжыта ән айтатын өнеріне орай “Сері

осы күннен бастап бойында сан қырлы таланты мен қайрат-жігері бар Шолпан апамыздың өнер көгіне қанат қаққан құтты қадамы сәтті басталады. Бақ жұлдызы жарқырай жанады.

Асқақ арманы мен жарқын болашағын театр сахнасымен байланыстырған Шолпан апа жас кезінен-ақ жасындай жарқылдап, күрмеуі қиын, күрделі образдарды қалың көрерменнің есінде ұзақ сақталатындай етіп сомдайды. Өз бетімен іздене жүріп актерлік шеберлігін шыңдайды. Ол орындаған Ғ.Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” пьесасындағы Баян, М.Әуезовтің “Еңлік-Кебек” драмасындағы Еңлік, Көкпан (“Қара-қыпшақ Қобыланды”), Ақтоқты (“Ақан сері – Ақтоқты”), Толғанай (Ш.Айтматовтың “Ана-Жер-Анасында”), Соқыр кемпір (С.Жүнісовтің “Ажар мен ажалында”), орыс және әлемдік классикалық туындыларда: Ко-

Мұнда танымал бас режиссер Жакып Әбілтаевтың басшылығымен Шәріп Мәрденев, Раиса Тәжібаева, Тұрысжан Айнақұлов, Жібек Бағысова, т.б. әріптестері болып Қызылорда облыстық қазақ драма театрының беделін асқақтатады. Сахна төрінде аяусыз тер төгіп, алдымен республикаға еңбек сіңірген, кейін Қазақстанның халық артисі (1980ж.) атағын иеленген ол егде тартқанға дейін бауыр басты кәсібін қол үзбейді. Майдангер қосағы Әбіләкім Кәнетов 1978 жылы қайтыс болып, денесін өз өтініші бойынша туған жері Көксу ауданының Бесқайнар ауылына жерлейді. Ал 2002 жылы 78 жасында пәни жалғаннан өткен Шолпан апаға топырақ Сыр бойынан бұйырады.

ШОЛПАН ЕСІМІ ҰМЫТ ҚАЛМАСА ЕКЕН

Қаратал топырағының өнерлі қызы туралы сыр шертіп, қалам тербеуге жанашыр ағамыз Әбен Сайланбайұлының көрші ауданнан жолдаған «Шолпан есімі ұмыт қалмаса екен» (“Бастау”, № 25, 22.06.2012 ж.) атты макаласы түрткі болып еді.

Күпіршілікке салынып қайтейін, алпыстың бел ортасына таянған өз басым Шолпан апаны өмірде де, сахнада да көрген емеспін. Осы жазбамды пайдалана отырып, ол кісімен жүздесудің сәті түсіп тұрса да, реті келмеген мына жайтты баяндайыншы...

1994 жылдың күз айында Талдықорған облыстық драма театрының бас режиссері Хүсейін Әмір-Темір үйге телефон шалды. Айтқаны: «Қызылордадан арнайылап Шолпан апай келді. Облыс басшыларына жолығып, жетпіске толатын мерейтойы туралы құлағдар етпекші. Қайтар жолда Үштөбе арқылы поезбен Алматыға, одан әрі Қызылордаға жетпекші. Поезға дейін аялдаймын десе, үйінде күтіп алуға қалай қарайсың?» – деді. Ал мен болсам: «Шалқыған дәулетім болмаса да бұйырған шайын беруге дайынмын» – деп жауап қаттым. Арада бір-екі күн өткенде Хүсекең қайта телефон шалды. “Облыс басшыларының ретіне қарай көре жатармыз деген сырғытпа жауабына қанағаттанбаған апамыз ренжülü қабақ танытты. Тез жиналып, жолға шықты. Жайлы көлікпен Алматыға дейін шығарып салдық. Сенің ниетіне рахмет!» – деді. Арада жылжып жылдар өте берді. Алматы облысының “Жетісу” энциклопедиясы (А. “Арыс” 2004 ж.) дайындар тұста журналист, қаламгер Тұрсын Әбдіәлі ағаның өтініші бойынша Шолпан апа жайлы шағын дерек ұсындық. Энциклопедия дайындаушылар театр зерттеушісі Б.Құндақбаевтың дерегіне сүйене отырып, өнер тарланына шағын орын бергені белгілі. Нақ осындай сипаттама қазақ ұлттық энциклопедиясының екінші томынан да берілгені мәлім.

Сөз соңында айтармыз, қасиетті Қараталдың үш өнер жұлдызының бірі – Қазақстанның халық артисі, қазақ театр өнерін өркендетуге лайықты үлес қосқан Шолпан Бәкірованың есімі өз туған топырағы Қаратал өңірі мен жемісті еңбек еткен ортасы Талдықорған және Қызылорда қаласында ұлықталар игі шаралар ұйымдастырылса. Алматы мен Қызылорда облыстық мәдениет басқармасы және облыстық драма театр басшылары ұйытқы болып, (көшеге атын беру, шығармашылық мұрасын топтастыру, мәдени-көпшілік шаралар өткізу, т.б.) сахнагер апамыздың былғы желтоқсан айында толатын тоқсан жылдығын ескерсе деген ойдамыз. Күн ортақ, ай ортақ дегендей, өнер адамы да баршаға ортақ дегіміз келеді.

Қараша ҚАРАМАН,
журналист.
Алматы облысы,
Қаратал ауданы.

САХНА САҢЛАҒЫ



жігіт” атанған Бәкір ояздың кіндігінен тараған Шолпандай өнерлі қызына қаншалықты тәлім тәрбие беріп, өнеге көрсеткенін айтудан туындаған еді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін», – деген сөздің қисыны барлығына кім-кім де дауласа қоймас.

ХАЛЫҚ ТЕАТРЫНДА ҚАНАТТАНҒАН

Ауыл арасы сәл шалғай жатса да, ай аралатпай хабарласып тұратын ақылшы ағамыз Әбен Сайланбайұлының дерегіне сүйенсек, Шолпан Бәкірқызы 1924 жылы қазіргі Қаратал ауданын кемерлей ағатын өзен жағасында, темір жол көпіріне таяу орналасқан бір кездегі кішігірім Солты ауылында (Солты талының ізі әлі де бар) дүниеге келген. Қазақы қалпы сақталған құнарлы топырақта, өнегелі отбасында өсіп өсейген Шолпан апамыз аудан орталығы Үштөбе станциясындағы темір жол мекемесіне қарасты №16 (бертінде №52, қазіргі №13) орта мектебінде оқып, білім алады. Сабағын үздік оқып, үлгілі шәкірт атанумен қатар мектептің көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысады. Тамылжыта ән салып, мың бұрала би билеп, келістіре қарасөз оқудың шебері атанады. Аудандық, облыстық өнер байқауларында жүлделі орындарды иеленіп, ел-жұрттың назарына ертерек ілгеді. Ұша білген қанатқа дүние, өнерліге өріс кең дегендей, халықтың қайнаған қалың ортасынан шыққан өнерлі жандардың негізінде Үштөбе кентінде құрылған Қаратал колхоз театрына 1940 жылы қатардағы актриса болып шақырылады. Міне,

миссар (В.Вишневскийдің “Оптимистік трагедия”), Таңқабике (М.Кәрімнің “Ай тұтылған түн”), Гонерилья (У.Шекспирдің “Король Лир”) рольдері көрермендер көзайымына айналған.

Енді Шолпан апаның құдіретті сахнаны өмірлік серік етуіне тікелей ықпал жасаған, өнердің биік көгіне самғата ұшырған Қаратал театрының тағдыры, өнер саңлағының жеке өмірі мен әріптестері жайлы аз-кем тоқталайық. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін ел өміріндегі елеулі өзгерістерге орай Талдықорған өңірінде тұңғыштардың бірі болып өнердің шырағын жаққан Қаратал колхозының театры 1949 жылы Ақсу театрымен қосылады. Алматы облысынан енші алып, өз алдына облыс атанғаннан кейін 1955 жылы Қаратал, Ақсу, Еңбекшіқазақ аудандық театрларының негізінде Талдықорған облыстық театры құрылады. Осы себепті аудандық театр актерлерінің дені облыс орталығына қоныс аударып, театрдың мәртебесін асырады. Алайда, КСРО-ны әпербақан Н.Хрушев билеген тұста онтайландыру саясатымен 1960 жылы Талдықорған облысы таратылып, Алматы облысы құрамына қайта кіргеннен соң, театр наурыз айында амалсыздан шалғайдағы Қызылорда қаласына көшіріледі. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын Шолпан апа ойланып, толғанбастан бір топ сахнагерлер Сағымбек Рақышұлы, Айнатай Манасбаева, кейін халық артисі атанған Серік Шотықов, өзінің өмірлік серігі, әнші, биші Әбіләкім Кәнетов және басқалармен дүрбелең заманда Алаштың анасы да, панасы да атанған Сырға көштің басын қаймықпай түзейді.

ДИРЕКТОРЛАР ДІННЕН ДӘРІС АЛДЫ

Облыстық дін істері басқармасы дін істерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен №140-шы мектепте “Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие берудегі “Дінтану негіздері” пәнінің рөлі: өңірлік тәжірибе және діни әдебиеттерді қолдау мәселесі” тақырыбында Қызылорда қаласы мен аудан мектеп директорларын оқыту семинары болып өтті.

Семинар барысында қалалық білім бөлімінің бастығы Марат Аралбаев, дін істер басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Тұрар Әбуов, ҚМУ-дың аға ғылыми қызметкері, дінтану ғылымдарының

магистрі Б.Оспанов, облыстық ішкі істер департаменті экстремизмге қарсы басқармасының жедел уәкілі Н.Үсенұлы және дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы Б.Убаев түрлі тақырыптарда баяндама жасап, тыңдаушыларға дінтану негіздері пәнінің оқытылуы, оның мақсаты мен маңыздылығы, діни әдебиеттердің пайдаланылуы, дін саласындағы заңнаманың бұзылуы кезіндегі жауапкершілік туралы жан-жақты түсінік берді.

Шындығында, дінтану негіздері пәнін оқыту азаматтарға діни құндылықтың маңыздылығын үйретіп қана қоймай, оған құрметпен қарауды, қоғамның мәдени, әлеуметтік өміріне шынайы көзқарасты қалыптастырады, сана-сезімнің жетілуіне ықпал етеді. Елдегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары және онда орын алып

отырған үдерістер туралы ақпарат беруде, дін саласын реттеуге бағытталған өзге де заңнамалық актілерді орындау мен қолдану бойынша туындайтын мәселелерді түсіндіруде, конфессияаралық келісім мен ауызбіршілікті насихаттауда, оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беруде бұл пәннің алар орны айрықша. Сондықтан да семинар барысында түрлі тақырыпты қаузайтын баяндамалар тыңдаушылар тарапынан қызығушылық ту-дырып, сан түрлі сауалдардың туындауына әсер етті. Орталық мамандары жат пнғылды діни ұйымдар жайында жан-жақты ақпараттар беріп, екі тілде дайындалған әдістемелік кітапшаларды таратты.

Гүлнұр РЕЙМБЕРГЕН.

ТАНЫМ

Қазіргі кезде патриоттық тәрбие беру туралы көп айтылып, оған ерекше мән берілуде. Өткен бабаларымыздың елі мен жері үшін қасық қаны қалғанша күресіп, олардың ерлікке толы жолдары жас ұрпаққа өнеге, үлгі және патриоттық рух беретіні сөзсіз. Сондай бабаларымыздың бірі – XIX ғасырдың ортасындағы Кіші жүздегі ең белгілі, әрі беделді батыры Есет Көтібарұлы.

Ол М.Әуезовтың “Айман-Шолпан” пьесасындағы бас кейіпкер, халқы ардақтап “алмас қылыш – ел тірегі” деген ат берген, Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық көтерілісінің хас батырларының бірі Көтібар мен ел аузында ақылымен аты шыққан адайдың қызы-шешесі Айсарының ұлы

Батыры біздің елдің Есет деген, Алдынан келген жауы кесе өтпеген. Туыпты Көтібардан алты бала, Алтауы алты руға есептелген. Есет, Дәрібай, Сарыбөпе, Сартай, Шынтемір, Матай, Қасқаның қойған аты-ай – деген өлең жолдары осы кезге дейін халық аузында сақталып қалған.

Есет қоғамдық-саяси өмірге ерте кезінен араласты. Оның әскери тұлға есебіндегі кезеңі патшалық Ресейдің қазақ даласын жаулап алудағы отаршылдық саясатының өршіп тұрған тұсымен сәйкес келді. Ол 1847-1858 жылдары Кіші жүздің Орта бөлігіндегі ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі болды. Осы тарихи тұлға туралы XIX ғасырдағы Ресейдің баспасөз беттерінде, Орынбор Генерал губернаторының Шекара Комиссиясының және ресейлік мұрағаттарда дереккөздер мол сақталған. Енді сөзіміз дәлелді болу үшін осы құжаттарды сөйлетейік.

Патша дәуірінде бабамыз жайлы жазған дворяндық-монархиялық бағыттағы адамдар қаншама қараалап, шындықты өрескел бұрмалап теріс пікір білдірсе де, Есеттің асқан дарынды тұлға екенін, оның ақыл парасаттылығы еуропалықтарды таңғалдыратындығы, жеке басының өжеттігі және халық алдындағы ықпалы мен беделінің толассыз өсіп отырғандығын амалсыз мойындаған. Мысалы, И.Ф.Бларамбергтің “Военно-статистическое обозрение земли Киргиз-кайсаков Внутренней и Зауральской орды Оренбургского ведомства” атты еңбегінде “Ең бір бүлікшіл, барымташыл рулардың бірі – Шекті. Әсіресе, Есет Көтібаров бастаған осы рудың Тілеукабак және Қарабас бөлімшелері басқаларға қарағанда тынышсыздығымен ерекшеленеді. Аса күшті қаруланған орыс отрядтары Ембі өзеніне жете алмай-ақ қалып қайсақ қолының қоршауында қалып, үнжырғалары түсті” деген мәліметтер жазған.

Орынбор өлкесінде өмір сүрген, отарлық саясатты жүргізушілердің белсенділерінің бірі генерал-майор И.В.Чернов өзінің еңбегінде: “В 1839 г. Несколько сотен казаков были посланы в степь под начальством полковника Геке, наказать известному батыра Исета Кутебарова... Он хитер, умен, в степи великоколенный тактик” деп Есеттің мықты әскери басшы екенін мойындайды.

Осыған тағы бір дәлел – Орынбор генерал-губернаторы граф В.А.Перовскийдің 1839 жылғы атақты Хиуа жорығы. Ресей қоғамы мен Еуропа жұртшылығының назарын аударған бұл жорық сол кездегі баспасөзде жазылғандай, ауа райының аса қолайсыздығы, немесе, әскери жорықтың кеш басталғандығынан сәтсіздікке ұшыраған жоқ. Негізгі себеп Есет Көтібарұлы бастаған Шекті руының ержүрек азаматтарының кедергі келтіруімен жүзеге аспады.

1838 жылы жаз айында Есеттің адамдары Харужний Шустов бастаған 6 қазақ-орысты тұтқындады. Тұтқын И.О.Запезаловтың тергеушіге берген жауабында: “Көшім Кенжеалының үйінде болдым. Аяғыма кісен салып қойды” дейді. Осы жазбалардан біз Есеттің ерте кезден атқа қонып, халықтың қамын ойлаған азамат екенін көреміз.

“Би Есет Көтібаров” деген мақалада батыр бастаған көтерілістің маңыздылығын біле тұра теріс пиғылда жазады, отаршыл саясатқа сай империялық тұрғыдан баяндалады. Оны халық көтерілісінің бастаушысы емес, бүлікшіл, қарақшы, барымташыл деп қаралауға тырысады. “Есет Көтібаров – Қырғыз даласындағы Кіші Орданы он бес жыл бойы дүрліктірген бүлікші, бірнеше рет біздің отрядтардың

Көтібаров басқарған қазақ халқының азаттық жолындағы көтерілісін Еуропа жұртшылығына сол XIX ғасырдың өзінде хабардар болғанын баса көрсеткен. Д.Бульджер еңбектері мен 19-ғасырдағы ресейлік Мейер, Добросмыслов, Бларамберг еңбектерімен қатар шыққанына қарамастан, оның көзқарасы мен Ресей (орыс) тарихшыларының тұжырымдарымен кереғар қарама-қайшы келеді.

“Көтібаровтың шешендігі кандастарына ерекше шабыт, қажырлы қайрат берді. Ресейге қарсы соғысқа шақырған оның үні қазақ ауылдарының түкпір-түкпіріне жетті... батыл сөздерімен Көтібаров қазақтарды намысқа шақырды... Көтібаров бес жыл бойына Ресеймен партизан соғысын жүргізді және оның шеберлігі мен бір орнынан екінші орынға тез ауысып, ізін суытып, со-

бор көпесі Путаповтың сауда керуенін тонайды. Ал, 24 шілдеде Есеттің басшылығымен Қарақұмда Ресейге бет алған Бұхараның сауда керуеніне шабуыл жасап, 420 түйелі керуенді түгелдей тонап, 5 адамды өлтіреді.

Батыр бабамыз бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің 1853-1856 жылдардағы екінші кезеңі өзінің қарқындылығымен және қантөгісті сипатымен ерекшеленеді. XIX ғасырдың 50-жылдарының басында Орынбор өлкесіне генерал-губернатор болып қайта сайланған В.А.Перовский және оның 1853 жылғы екінші Хиуа жорығы көтерілістің жаңа күшпен өршуіне түрткі болды. Патша әкімшілігінің бұл әрекетіне қарсы шыққан қазақтар және оларды басқарған Есет Орынбор шекара комиссиясына және Кіші жүздің Батыс бөлігінің билеуші сұлтаны Мұхамбетқали Тәукинге төмендегідей

Мұрағат көздерінде осы жылдары кішігірім топтарға біріккен көтерілісшілер патша үкіметімен күресін бір сәтте де толастамағаны туралы айтылады. 1847 жылы Райым бекінісі және одан кейін Арал бекінісі салынып, ал 1853 жылы Хиуа жорығының сәтті аяқталып, Ақмешіт қаласының патша өкіметінің қолына берілуі жағдайында орыс әскерлерінің тылында жүріп ойдағыдай күрес жүргізудің мүмкін еместігін жеткілікті түсінсе де, көтеріліс басшысы Есет Көтібарұлы партизандық қимылдарын тоқтатқан жоқ.

Көтерілісшілер мен отаршыл Үкімет арасындағы әскери қақтығыстардың ерекше көрініс тапқан тұсы – 1855 жылғы оқиғалар. Әсіресе, көтерілісшілердің Кіші жүздің Орта бөлігінің билеуші сұлтаны, патшаның жазалаушы отрядтары басшыларының бірі Арыстан Жантөринді өлтіруі Орынбор әкімшілігі мен Есеттің арасындағы қатынас шегіне жете шиеленісті. Осы жөнінде В.Перовский Ресей соғыс министрі, граф К.Нессельродеге жазған хатында қапалана былай дейді: “... бізге белгілі болғандай Көтібаров сұлтан-правительді құрбан ету арқылы өзінің үкіметке адалдығын, сенімділігін, мүмкіндігін көрсетті.” Патша өкіметі Есет көтерілісін басып-жаншып тастау үшін жазалаушы отрядтарды үсті-үстіне жіберді. Әсіресе, полковниктер Кузьминскийдің, Дарышевтің, Михайловтың көрсеткен айуандықтары елде орын алған зобалаң тарихтан белгілі.

1856-1858 жылдардағы көтерілістің үшінші кезеңі аса қиын жағдайда жүріп, бәсеңдей бастады. Бұған 1856 жылы Шөмішті Табынның рубасы, көтерілістің көрнекті батырларының бірі Дәуіт Асауұлының патшалықтың зымиян саясатымен азаттық қозғалысынан кетуі және 1857 жылы Есеттің көтерілістегі белсенді серіктері Бекет Серкебайұлы 18 адаммен Сібірге айдалуы мен Ерназар Кенжеалыұлының тұтқындалуы да өз себебін тигізген болатын. Есет Көтібарұлы 1856 жылдың аяғы мен 1857 жылдың қарулы қимылдарын Сыр өңірі азаттық қозғалысының көрнекті жетекшісі Жаңқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліспен байланыстыра жүргізді. Ал, 1857 жылғы 11 қыркүйектегі Сам құмындағы полковник Бородин отрядымен арадағы ірі шайқас қарулы қозғалыс тарихындағы айтулы оқиғалардың бірі болды.

Патша Үкіметі әр уақытта ұлттық көтерілістің көшбасшысын қолға түсірген жағдайда қарулы қозғалыстың тоқтайтынына сенімді болды. Сондықтан бұл кезеңде подполковник билеуші Сұлтан Мұхамбетжан Баймағамбетұлы, майор Михайлов, әскери старшина Соколов басқаруындағы 1200 адаммен құралған жазалаушы отрядтарды бірнеше бағытта бір мезгілде көтерісшілерді талқандауға аттандырды. Оларға толық еркіндік берілді, яғни кез келген қазақ ауылдарын шабу, қарсыласқандарды өлтіру, мал-мүлкін талап, тонау. Осы арқылы Патша өкіметі қарапайым бұқара халықты Есеттен шошындыруды көздеді, яғни, осының бәріне кінәлі Есеттің жеке өзі етіп көрсетуді ойлады.

Бабамызды ұлықтауға көптеген жұмыстар жасалады. 1993 жылы халық сәулетшісі Қошық Есмағамбетұлының басшылығымен салынған Есет-Дәрібай (туған ағасы) кесенесі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының “Шолақ жиде” жерінде. Осы кесененің дәл ортасында азаттық үшін алысқан батырдың ержүрек серіктестері: Қайдауыл, Әзберген, Мәумет, Ерназар, Бекет, т.б. сынды батырлардың есімі қашап жазылған биік мұнара қойылған. Екіпін түсіріп айта кететін жайт, осы кесенелерге қандай ұлт өкілі болмасын, тізесін бүгіп, тағзым етпей кетпейді. Ақтөбе, Шалқар қалаларында баба атындағы көше, Шалқар ауданына қарайтын Есет баба ауылы бар.

Қырымбай МҰХАМБЕТАРОВ, батырдың ұрпағы, зейнеткер.



қарамағынан сытылып кетті... Белгілі қанішер Көтібарұлы Есет өз қандастарын шапқанын қоймай, біздің иеліктерімізге де жорық жасай бастады және бұл істері үшін жазасыз кетті.” дейді. Алайда мақала авторы Есетті қаншама жағымсыз көрсетуге тырысса да оны әлемдік ұлт-азаттық қозғалыс көсемдерінің қатарына қойып былай дейді: “Кіші Ордадағы Есеттің есімі оның отандасы Кенесарының немесе Кавказ батыры Шәмилдің есімдеріндей қаһарлы естіледі... Есеттің беделі зор, жақтаушысы көп болды. Ол ұлттық батыр болды. Есеттің шыншылдығы, әділдігі, туралығы, адалдығы оны халық арасында Абу-Әл-Қадыр сияқты әйгілі етті.”

Орыстың белгілі саяхатшысы, әрі жазушысы, Ресей Географиялық қоғамының құрметті мүшесі, шығыстанушы ғалым Егор Петрович Ковалевский Есет Көтібаров туралы алғаш рет жазып, Ресей мен Батыс Еуропа зиялыларына таныстырған еді. Ол 1839 жылғы Бұхараға сапарында Батыс Қазақстан арқылы өтіп, көптеген қазақ ауылдарында болып халық батырлары Махамбет Өтемісұлы және Есетпен жақын танысады. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының өршіп тұрғанына қарамастан, Есеттің ержүректігін, талай дауды шешкен алғыр сөзуарлығын, жас кезінен-ақ ел көзіне түсіп, аса беделді болғанын Е.Ковалевский шынайы сипаттайды. “Теркулес тұлғалы мығым, шойыннан құйылғандай кесек бітімді, сымбатты, бойындағы қайраты мен ерлігі оның қимыл-әрекетінен сезіліп тұрады. Табиғи тұлға бойы сұлулығы, жанкешті батырлыққа толы әдіс-айласы Еуропа адамын қайран қалдырса, өз отандастарын тәнті етіп, табындырып қоярлықтай еді. Ол жөнінде ел аузында талай-талай хикаялар бар.”

Тарихшы-ғалым К.Л.Есмағамбетов ағылшын тарихшысы Д.Ч.Бульд-жердің еңбектерін зерттей келе Есет

сын тұтқиылдан тиіп, бақайшағына дейін қаруланған орыс әскерін талай рет тығырыққа тіреді” деп жазады ағылшын тарихшысы. Сондай-ақ, ол Есетті ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы ретінде сипаттайды.

Патшалық Ресейдің эмигранты, поляк революционері Бронислав Залевский қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлері мен фольклорын зерттеп жүргенде Есет Көтібарұлымен кездесіп бірге жүргенін: “Ол заманында бұл өте сирек жаратылысты адам және дала төсіне есімі кеңінен мәлім, осы бір дәуірдегі әйгілі кісі болатын” деп Есеттің қайраткерлік тұлғасын жазып қалдырған.

Тарихшылар Есет бастаған көтерілісті үш кезеңге бөледі. Бірінші кезең: 1847-1853 жылдар. Бұл кезеңде батыр Кіші жүздегі Әлім, Жетіру, Байұлы тайпаларынан адамдар тартып, күш жинай бастады. Сол кездегі Кішкені Шекті қауымын бастаған батыр Жаңқожа Нұрмұхамедұлымен және Шөмішті Табынның биі Дәуіт Асауұлымен араласып, бір бағытты ұстады. Хиуа хандығымен мәмілеге келіп, бірлесіп орыс-қазақ әскери отрядтарына қарсы шығу, бекіністі шептерге шабуыл жасау қимылдарын көрсетті. Мысалы, 1847 жылы 18 шілдеде Жем бойында Есет адамдарымен Орынбор және Орал әскерлерінің 200 қазағы мен патша әскерлерінің қатарында қызмет ететін сұлтандар басқарған 120 қазақтан құралған жазалау отрядына шабуыл жасайды. 30 шақты адамынан айырылған көтерілісшілер Жемнің бастауына шегінуге мәжбүр болады. Үкімет әскерлері ізіне түскен олар Арыс-Бұрға және Емел-Шаған өңіріне жасырынады. Осы жылдары көтерілісшілер сауда керуендеріне шапқыншылық жасау арқылы отаршылдық саясатқа қарсы күресті үдете түседі. Мысалы, 1847 жылы 13 маусымда Төртқара және Шекті руларының жүз шақты жігіттері Орта Азияға беттеген Орын-

хат жазды. “Билеуші сұлтан Арыстан Жантөрин қазақтарға күшпен қиянат жасап, 4000 түйені қомымен, азық-түлік, киім-кешегімен қамтамаланған 700-800 түйесімен беруді талап етуде. Бұл зорлық және заңсыз. Халық ауыр салықтар мен түйелерін беруден әбден жалықты. Қазақ қауымы түйе, адам беруден бас тартады.”

Осы кезеңде Есет Көтібарұлының маңына 2000-нан астам жауынгер топтасты. Олар патша әкімшілігінің алдына қазақ қауымынан түйе жинауды тоқтату, орыс-қазақ отрядтарын далаға жібермеу, түтін салығы мен билет салығын жою, шаруаларға жайылымдық жерге еркіндік беру, Жем, Мұғалжар, Елек, Кобда, Жайық бойларына көшіп-қонуға еркіндік беру талаптарын қойды. Есеттің хатын алғаннан соң В.А.Перовский мен Шекара комиссиясының төрағасы В.В.Григорьев Есетті ұстау және көтерілісті түпкілікті талқандау үшін дала аймағына төрт отряд ұйымдастырып жібереді. Мұрағат деректеріне қарағанда бұл жазалаушы 4 отряд қолдарында қаншама күш болса да еш нәтиже шығара алмаған. Есеттің өзі түгіл оның ауылының қайда жүргенін білмеген, олар төрт ай бойы босқа сенделген. Сам, Асмантай, Матай құмдарына, одан әрідегі шөл даланы кесіп өтіп үдере көшкен елге жете алмайтындарына көздері жеткен жазалаушы қосындар күз түсе қуғындалуды амалсыз тоқтатқан.

Патша отрядтары Есетті бетпепет шайқасқа тарта алмады. Есеттің жасақтары кең далада небір әдіс-айдалар жасап, қиыннан жол тауып, дұшпанның күшін әлсіретіп отырған. Сондықтан оларды күз басталысымен әскери қимылдарын тоқтатып, қырдан кетуге мәжбүр етіп отырды. Бірақ қызаланған жазалаушы отрядтар көтерілісшілерді талқандай алмағанмен, кейбір көшпелі қазақ ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратып кетті.

Бір кездегі “Ленин жолы” ағаларға толы болды. Дзержинский көшесіндегі бір қабатты үй 18 бөлмеден тұрушы еді. Тәуір бөлме редактордың отыратын жері. Қалған шағын бөлмелерде біз отырамыз. Ағалар Орман, Құрманғали, Әбділда, Әбсадық сынды көнекөздердің әңгімелері бөлек.

Соғыс жылдарында “бронмен” әскерге бармаған тек Орман Нұрхабаев. Ал, Досмағанбет, Әбсадық, Әбділда ағалардың бірі подполковник, майор, капитан, аға лейтенант тек Тасекеев. Бізбен іргелес корей газеті – “Ленин ки-чи”, содан соң “Путь Ленина”, бух-

жаны күйзелді. Бай Тойбазардан айырылғысы жоқ. Бір түнде бала Тойбазар жоғалды. Пойызға жармасып, Ташкеннен шықты. Жетім балалардың интернатының есігін қағып, директорға кірді. Әбден арып-аршыған баланы көріп, директор үнсіз отырды. Орынның интернатта жоқтығын сылтауратты. Тойбазар жылап-сықтап



Туған жер ыстық қой. 1939 жылы Тойбазар Елемесов Сыр өңіріне оралды. Облыстық “Ленин жолы” газетінде алты жылдай редактор болды. Сұрапыл соғыстың қайнап тұрған кезі, әрі кадр тапшы кезінде газет беделін көтерді, сынды өрістетті. Басылымдағы А.Нүрекеев, А.Шоманов, М.Қарақұлов, Ә.Аманбаев, Ә.Қарқынбаевтар соғысқа сұранып, аттанып кетті. Газет кадр тапшылығына қарамай, аптасына үш рет шығып, майдан даласынан арнайы беттер әзірледі. Солдат хаттары, инфорбюроның хабарлары газет бетінен үзілмей орын алып тұрды. Газет тылдағы еңбеккерлерді ерлік еңбекке шақырды. Бұл орайда, Елемесовтің шеберлігі айқын көрінді. Кадр қиыншылығына мойымады, қолмен әріп теріп, әр әріпті үңіліп оқудан редактордың да қолы босамаушы еді.



Шежірелер сыры

Тойбазар аға өте ыждағатты, архив қазыналарын қойын дәптеріне жазып жүретін кісі еді.

“Ленин жолында” – 1928-1933 жылдар аралығында Жиенғали Тілепбергенов еңбек етті. Шебер, қаламы ұшқыр азамат еді. Бұдан кейін Қайыпназар Қауымбаев, Мырзахмет Сәтбаевтар тізгінді ұстады. 1937 жылы Қ.Қауымбаев жалған жаламен атылып кетті. Білімді азамат болды. Бұл жігіт Тереңөзектегі осы күнгі Н.Ілиясов ауылының тумасы еді.

– Газетте еңбек еткен інілерімнің бәрімен сыйластығым бөлек болды, – деді Тәкең толқи түсіп. Газет Б.Сарбасов, С.Сейітов, Қ.Әбенев, З.Жарқынбаев, Ұ.Бағаев тұсында биіктеді, беделі артты. Газет тиражы елу мыңнан асқан кездер болды. Бұл нағыз өрлеу ғой.

Ағамен кездескен сол бір сәт естен кетпей тұр. Газеттің 85 жылдық мерейтойында Тойбазар Елемесов сынды ағаларды еске алсақ, тағзым етсек, бұл өсер ұрпаққа өнеге болары ақиқат. Өйткені, өмір озған сайын олар жүректе сақтала бермек, өшірілмеуі керек.

Редактор Тойбазар Елемесовтің журналистік шеберлігі, әрі түрлі жанрда екі бірдей тілде қалам сілтейтін талантты, роман жазуы қажымас қайраттың өнегесі десек, артық болмас.

Газеттің қайнаған ортасында қымбат уақытты босқа жібермей журналистік шеберлік таныту екінің бірінің қолынан келе бермейді. Міне, сол үлгі Тойбазар Елемесовтен бастау алып, бұл орайда, газетте редакторлық қызмет істеп жүріп, бірнеше көркем дүниелер жазып қалдырған Ұ.Бағаев, З.Жарқынбаев, қазіргі көзі тірі Ж.Рахматулла, Ә.Рақымбекұлы сынды азаматтардың туындылары нағыз журналистік шеберліктің үлгісі десек, артық болмас.

Арланның қуанышы

Арлан сәл ойланып қалды. – Біз де алпысқа қарай жол тартып барамыз. Бір нәрсені ұмытып барады екенмін. Әкем ата-балаларын жиі әңгімелейтін. – Балам, біз Әліматалығының арданауынан боламыз. Осыны ұмытпағайсың, Содан соң біздің ата қонысымыз Аралдағы “Шөмішкөл”. Қызмет бабымен көшіп-қонумен жүрдім. Алматы, Қостанай, Қазалы, Арал, Қызылордада талай қызмет тізгінін ұстадым. Ағайынмен араласу аз болды. Ендігі жерде ағайын-туыспен қатынасты сен жалғастыр. Нағашы жұртын балаларың біліп өссін. Менің жазбаларымды жоғалтпа, ұқыптап сақта. Жазған романдарымды бастыра алмайтын түрім бар. Кітап бастыру қаржыға тіреліп тұр. Бұл шаруаның қиындығы мол. Бұл саған аманат.

Әкемнің аманатын орындап келемін. Жазбаларын жинастырып, бастырмақпын. Екі бірдей романын кітапханаларға, оқырмандарға, ағайын-туысқа тараттым.

Қуанышымды шек жоқ. Жақында қаланың “Арай” ықшам ауданынан бір көшеге әкемнің есімі берілді. Арал қаласынан, “Шөмішкөлден” бір көше, мектеп аты берілсе, артық болмас еді. Бұл – алдағы күннің міндеті. Парыз бен қарызды осылайша өмір болса, жалғастыра бермекпін, – деп ой түйді Арлан.

Мен де қуанып қалдым. Журналист-редактор Тойбазар Елемесов көшесімен Арлан екеуміз жүріп келеміз. Ат тұяғын тай басар ұл-қыздары бары қандай жақсы деп ой түйіп келемін.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
ардагер журналист.

Ауылдағы денсаулық акциясы

Жуырда Бекарыстан би ауылында өткен денсаулық акциясы “Тәні саудың – жаны сау” болатынын түсіндіруге арналды. Ауылдық мәдениет үйінде өткен шараға көршілес елді мекендердің де тұрғындары қатысты. Акцияның «Денсаулық жолы» аталуының өзі көп жайтты аңғартады. Жиынды ашып, жүргізген округ әкімі Өміртай Өтеп халықтың денсаулығын нығайтуға мемлекеттік тұрғыда көңіл бөлініп отырғандығына, шалғайдағы ауылға мамандандырылған дәрігерлер тобының арнайы келуі соның дәлелі екендігіне тоқталды.

Мұнан соң облыстық медицина орталығының кардиолог-дәрігері Шолпан Исабаева жұртшылыққа сапардың мақсатын кең көлемде түсіндірді. Қазала аудандық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы Нұрлан Кәрібаев өзінің хабарламасында созылмалы инфекциялық емес аурулар мен одан сақтану жолына шолу жасады. Жүз-десуде тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға ұғынықты жауап қайтарылды.

Жиыннан соң көпшілікке медициналық қызмет көрсетілді. Ауыл тұрғындарының дәрігерлік көмекке ерекше ықылас танытқанын байқадық. Әсіресе, аудандық емхананың эндокринологы Алмагүл Қанатбасованың қабылдауына жүгінушілер көп болды. Сонымен, іргелі мекенде ұлағатты іс жүзеге асты. Бұған тұрғындар шынайы ризашылығын білдіріп жатты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Қазала ауданы,
Бекарыстан би ауылы.



ҚИЫН КЕЗЕҢНІҢ КҰАГЕРІ

галтерия, полиграфия басқармасы. Шағын бөлмелерде осыншама мекеме, қызметкерлер қалай сыйған деп осы күні таңырқаймыз.

Күн құрғатпай бір аға келеді. Баяғының батырлары тәрізді, тұлғасы бөлек. Басындағы қалпағы сірә алпыс, иә елу тоғыз. Костюм-шалбары да сол алпыстың ол жақ, бұл жағы. Таңырқай қараймыз.

– Бұл кісі кім? – дейміз Қомшабайға.

– Білмейсіңдер ме, бұл Тойбазар Елемесов! 1939-1946 жылы осы “Ленин жолында” редактор болған, журналист. Екі бірдей роман жазған, соны Алматыдағы баспаларға апарып, бастыра алмай жүр. Тіл құнары бөлек. Романының бірі – “Аралдағы айқас”, екіншісі – Жанқожа. Тұнып тұрған тарихи дерек. Жакында “Аралдағы айқас” романынан үзінді бермекпіз. Сірә, “Ленин жолының” төрт-бес нөміріне жариялайтын шығармыз, – деп Қомшабай әңгімені соза түсті. Редактор келісіп қалар...

– Әлгі білікті дәрігер Аида Елемесованың, облыстық кәсіп-одақтағы Арлан Елемесовтің әкесі осы кісі екен ғой, – деп дуылдасып қаламыз.

– Бұл кісі Сейділда Төлешов, Қайыпназар Тілепбергенов, Қ.Қауымбаев, Базарбай Сарбасов сынды редакторлардың көзін көрген. Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлиндермен талай жүздескен, тұнып тұрған шежіре, – деп Қомшабай сөзді тағы бір нығыздап қойды.

Уақыт тым жүйрік екен. Біз газеттің 50, 60, 70, 80 жылдығына қатыстық. Енді газеттің 85 жылдығын ажалға сабыр берсе, көргелі тұрмыз. Қатарларымыз сиреп барады. Көзкөргендер азайған сайын ойға оралмайтыны жоқ. Сонымен, журналист Тойбазар Елемесов жайында сыр ағытайын, оқырман!

Балалық дәуір

Бала Тойбазардың көрмеген тауқыметі жоқ. Аралдың Шыбынды болысында 1906 жылы дүниеге келген. Жастайынан әке-шешеден айырылған. Он жасына жетпей байлардың қойын бағып, ашөзек өмір сүрді. Күндіз қой бағып, түнделетіп ауыл молдасының ұйқысын бұзып, жата-жастанып әріп үйренді. Зерек балаға молданың ықыласы кетіп, бір жылдай оқытып, хат тануына себепші болды. Арып-аршыды. Хат танып, шыбығын үйірген молданың көп шарапатын көрді. Дегенмен, бала Тойбазар білімінің аздығына

сыртқа шықты. Шығыс жұлдызы Ғани Мұратбаевты іздеп тауып, шағымданды.

– Аға, мен Шыбынды болысынанмын. Сіздің жерлесіңізбін. Әкешем дүние салған. Ташкендегі жетім балалар интернатына жатқым келеді, оқығым келеді. Директор орын жоқ деп алмай тұр...

Ғанидың жалындап тұрған кезі еді. Дереу баланы ертіп, интернатқа келді. Директорға мәнжайды түсіндірді, бала Тойбазар оқуға қабылданды. Екі жылдай оқыды. Ғани ағасына жиі барады. – Білімінді шыңда, бауырым, – дейді Ғани. – Біз біліммен ғана қоғамды өрге сүйрейміз! – деген сөзі бала қанаттың үкілі үмітін биікке самғатты, қанат бітірді.

Белестер

Тойбазар әлі жиырмаға жете қойған жоқ. Ташкеннен білімді шыңдап, 1928 жылы Шымкенттегі губерниялық педтехникумға түсті. Оқуды үздік оқыды. Лезде үш жыл өте шықты. Аралға жолдама алды. Мұғалім әрі халық арасындағы сауатсыздықты жою жөніндегі маман деген куәлік қолында. Бұл мамандық Аралда мүлдем тапшы еді. Бірер жыл күн-түн демей, белсене еңбек етті. Содан соң ауылдағы мектепке директор болды. Жер-жерден маман шақырды. Мектеп ауылдағы бірден-бір білім ордасына айналды. Аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне жоғарылады. Ізденімпаз мұғалім екі тілді бірдей меңгеріп алғаны жұртты таңырқатты, білікті кадр атанды.

Жылдар жылжып жатты. Арал аудандық “Екпінді балықшы” газетінде редактор, Ақтөбе облыстық кеңес атқару комитетінде жауапты хатшы, СОКП Орталық Комитетінің жауапты ұйымдастырушысы қызметінен шыңдалды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Қостанай облыстық “Большевиктік жол” газетіне редакторлыққа жіберді. Газет жұмысын жандандырып, беделін көтерді. Сауатты жас ҚазТАГ-тың басшылығына жоғарылатылды. Басаяғы он жыл ішінде Тойбазар Елемесов осындай өмір жолдарынан өтті. “Қазправданың” облыстағы меншікті тілшісі болғанын, әртүрлі жанрда орыс басылымдарында қалам сілтегенін архив материалдарын зерттегенде анық көзіміз жетті.

Біз ес білгелі үйде екі әжем болды. Олардың дүниеден өткеніне 20 жылдан асып кетсе де, еске алғанда екеуін бөліп-жарып айта алмаймыз. Өйткені екі әжем бір шаңырақтың астында 64 жыл бірге өмір сүріп, бірінің ізінен бірі қайтыс болды.

ЕКІ ӘЖЕМ

Біздің үйдегі бауырларым, ағайын-туыс та кейуаналарды “екі әжем” деп атайтын. “Қайсысы?” деген сұраққа кейбіреулер “үлкен әжем, кіші әжем”, деп жатса, енді біреулер түр-түсіне қарай “сары әжем, қара әжем” деп жауап беретін. Ауыл арасында “Тәтиевтің шешелері, қос құдағай” сияқты аттары тағы бар. “Елден ерекше біздің үйде неге екі әже тұрады?” деген сауал ешкімнің ойына да кіріп-шықпайтын. Ата-аналарын қарттар үйіне сүйрейтін қатыгездіктің жұрнағы да жоқ сол заманда екі әжемнің қайсысы туған әжеміз екенін сұрап та көрмедік. Үйдегі барлық тірлікке үлкен әжеміз басшылық жасайтын, кішісі қасынан бір елі қалмайтын орындаушы еді.

Екі әжем де 1910 жылдың тумалары. Шамамен 30 жылдары ағалы-інілі Нұрмахан мен Тәти атты екі кісіге тұрмысқа шыққан. Үлкен атам момын, шаруа адам болыпты. Ал кіші атам соғыс жылдарында басқармалық жұмыс істеген еті тірі жан екен. Жаланың кесірінен басы біраз әуреге түсіп, жазықсыздығы дәлелденіп аман қалыпты. Нұрмаханның кемпірі Ізімкүл әжем малы тәркіленген байдың қызы екен. Ал Тәтидің кемпірі Сымбат әжем Ақтөбенің Ырғыз жағынан. Екеуі бір-бірімен құрдас болса да, абысын-келін жолынан таймай өтті. Кішісі үлкенінің алдына ешқашан түспейтін.

Бір үйде түтін түтетіп отырған ағайындылар менің әкем Шәкизаның өмірге келуін ұзақ күткенге ұқсайды.

Үлкен әжем 1937 жылы әкемді туған. Нұрмахан зарығып көрген баласын інісі Тәтидің атына жаздырыпты. Араға оншақты жыл салып кіші әжем Орынкүл апамызды өмірге әкелген.

Ізімкүл әжем бір орнында дамыл тауып отырмайтын, адуынды, қарулы кісі еді. Екі баланы келінінің қарауына қалдырып, заманындағы ірі құрылыс Балажарма каналын қазуға қатысқан. Бойынан қайраты кеткенше ауылдан бірнеше шақырым ұзаққа бақ-

шылығында әжелерім сабынды да қолдан қайнатты. Немерелердің мезгіл-мезгіл тамағы тағы бар. Екі әжем әкемнің асын бөлек әзірлейді. “Жалғыз” деп өбектеп, оны көбіне “бала” деп атайтын. “Баласы” тамақ ішкенде, демалғанда тынышын бұзуға ешкімге рұқсат бермейді.

Анам мектеп асханасында жұмыс істеді. Күнде азан-да асханада сатылатын бауырсақ, бәлішті де екі әжем пісіріп, қорапқа салып дайындап қояды. Ағаштан са-

мейсің” деп айкайға басып жатса, Сымбат әжем жұмған аузын ашпайтын көрінеді. Бұл әңгімені ауылдағы ағайын осы күнге дейін айтады.

Үлкен әжемнің төркіндері Тереңөзек қыстағында тұратын. Мені ертіп алып жиі төркіндейтін. Бірақ әйел заты болып көйлек-көншек жинамайтын. Есесіне бұл жағына кіші әжем ұқыпты. Екеуінің сандығы ортақ. Бес-алты бөлмелі үйдің бір бөлмесі екеуіне тиесілі.

Күнделікті үйдің тірлігінен босағанда, екеуі самаурынның екі жағында шүйіркелесіп отырып ұзақ шай ішетін. Қазір ойлаймын, мінездері бір-біріне қарама-қайшы екі жанды 64 жыл бойы бір шаңырақ астында ұстаған қандай күш? Әрине, сыйластық пен шыдамдылық. Сыйластық уақыт өте келе бауырластыққа ұласты.

Алдымен үлкен әжем



шеге бастырмамен құлыптайды. Тәртіп солай, оған қарсы келуге ешкімнің дәті жетпейді.

Таусылмайтын үйдің тірлігіне қоса екі әжем төрт түліктің, құстың түр-түрін ұстайтын. Қорадағы 5-6 сиырды үлкен әжем сауады, кіші әжем бұзау тартып тұрады. Қорадан бірі етегіне тауықтың, қаз-үйректің жұмыртқасын толтырып, екіншісі шелек-шелек сүтті көтеріп шығатын. Бірде үлкен әжем етегіндегі толы жұмыртқамен етпетінен құлапты. Сөйтсе аяғы жіпке ілініп, сол жіптің ұшын кішісі басып тұр дейді. Ізімкүл әжем “менен неге әрірек жүр-

ауырды да, 1993 жылдың қарашасында дүниеден өтті. Кіші әжем де көп ұзамады, 1994 жылдың наурызында бакилық болды. Тіршілікте де бір-бірінің ізінен қалмайтын, жарықтықтар. О жаққа да сол қалыптарымен кетті.

Бүгінде екі шешенің жалғыз болған әкем де, анам да жоқ. Шүкіршілік ететіні, екі әжемнің қолымен құрған қарашаңырағы бар. Ғұмырдың ұлы көші жалғасып жатыр. Жалғаса бермек...

Гүлшат ТӘТИЕВА,
№189 орта мектептің
бастауыш пәні мұғалімі.

Жуырда Абай атындағы орталық кітапханада «Әлемнің тірегі өзіңсің – аяулы ана!» тақырыбында батыр аналармен кездесу болып өтті. Шараның мақсаты Дүниежүзілік баланы ана сүтімен тамақтандыру Ұлттық апталығының аясында «Ана сүтін емізуге тек 10 қадам. Балаға тілектестік!» тақырыбындағы кең ауқымды акцияға үлес қосу болып табылады.

ӘЛЕМНІҢ ТІРЕГІ ӨЗІҢСІҢ – АЯУЛЫ АНА!

Мәліметтерге сүйенсек, баланы ана сүтімен тамақтандырудың дүниежүзілік апталығы әлемде баланы емізуді ынталандыру мен балалардың денсаулығын жақсарту үшін 170 елде 1-7 тамыз аралығында өткізіледі.

Шара барысында аналармен «Мен және менің отбасым» тақырыбында психологиялық танысу тренингі, психологиялық тест өткізіліп, сергіту жасалды. Одан әрі Абай атындағы орталық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы К.Қарашаева «Ана – өмірдің шуағы» атты кітап көрмесімен таныстырып өтті. Онда қазақ халқының батыр қыздары, алтын алқалы көпбалалы аналар мен еңбек ардагерлерінің бейнесі, қоғамда атқаратын ролі мен отбасы жайлы еңбектері әңгімеленді. Одан әрі «Қоғамдағы әйелдердің ролі» тақырыбында шолу жасалды.

Сондай-ақ кездесуге қатысқан «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары К.Раева, «Аңсаған» мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамдық бірлестігінің төрайымы Б.Райымбаева, «Батыр аналар» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Б.Әбішова, кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Л.Сыздықова және ішкі саясат бөлімінің мамандары, медицина қызметкерлері мен өзге де кент тұрғындары әйел аналарымыздың отбасы мен қоғамдағы орны, бала күтімі мен тәрбиесі, жанұя жарастығын сақтау турасында ой-пікірлерін ортаға салды. Келелі кездесуде бала мен ана күтіміне байланысты «Қуан сәби», «Жүктіліктің мазасыздану белгілері», «Жүкті әйелдің бағдары» тақырыптарында ақпараттық-танымдық материалдар таратылды.

Қ.АЛДАЗАРОВА,
облыстық салауатты өмір салтын
қалыптастыру орталығы
Қармақшы құрылымдық бөлімшесінің
маманы.

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Мемлекет болу үшін ең алдымен бағыт-бағдарды айқындайтын, тұрақтылықты сақтайтын, береке мен бірлікті нығайтатын айнымас идеология керек. Ал, тұрақты мемлекеттік идеологияның түп-тамыры берік махаббат пен бірлігі бекіген жас отбасыдан бастау алатыны хақ. Отбасылық мәселеде қашанда адамның жеке қабілеттерін, саяси және адамгершілік тұрпатын, адалдығын, өз еліне деген шексіз махаббаты мен қоғамға деген сүйіспеншілігін шешуші компоненттер ретінде тануға болады. Алайда, ең негізгі фактор отбасы мүшелерінің адами құндылықтары мен имандылығы екенін ұмытпаған дұрыс.

Ата-бабаларымыздың ақыл-өсиеттері, ауыз әдебиеті үлгілерін және салт-санасындағы дәстүрлік тарих тағылымдарын өмірге үйлесімді пайдалану – ұрпақ тәрбиесіндегі тәлімді жетілдірудің тиімді жолы. Олардың бойына адамгершілікті, мейірімділікті, бір-бірін сыйлау, құрметтеу, адамдық қасиеттерді дарыту отбасындағы тәрбиеге тікелей қатысты. Өзім жас отбасымын, мүмкіндігінше жас отбасыларда және қалыптасқан отбасыларда төмендегі бала тәрбиесіне қатысты тәсілдерді қолдану, тағылымды тәрбиеге жетелеудің жолы деп білемін.

Мәселен, бала дүниеге келгеннен кейін, оны бесікке бөлеп, бесік жырымен тербеткен абзал. Тілі шыға бастаған кезінен-ақ тілашар, санамақ, жаңылтпаш жаттатып, ертегі айтып беруді әдетке айналдырған жөн. Мектепалды даярлық жасына келгенде жеңіл

жұмбақтарды шешкізіп, ой-өрісін дамытуды қолға алып, әріп таныған шағынан бастап, батырлар жырлары мен қисса дастандарды жаттатқан дұрыс. Жырлар мен дастандар өскелең ұрпақ бойында, патриоттық сананы нығайтып, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына сусындап өсетін болады. Өз отбасында тек қана қазақ тілінде сөйлесіп, күнделікті тұрмыста халықтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрін берік ұстанған ләзім.

Мектеп табалдырығын аттап, ес біле бастағасын оны өзінің бітім-болмысына жақын деген бір мамандыққа икемдеген жөн. Нәтижесінде рухани тәрбиеге қанық, өмірге деген құлшынысы ерекше, болашаққа деген мақсаты айқын ұрпақ болып қалыптасады. Мен ұсынып отырған ақыл-кеңестерге өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Бастысы, ұрпақ тәрбиелеуде орны толмас



кателіктерге жол берілмесе болғаны.

Отбасы – мемлекеттің ұлттық қазынасы. Еліміздің бүгінгі мен ертеңгі ұштастыратын жас ұрпақты тәрбиелеуде, отбасылық құндылықтардың алатын орны ерекше. Әр отбасында ұлттық

құндылықтарды насихаттап, ұрпақ тәрбиесімен ұштастырып отырсақ, ертеңгі күні ел сенімін ақтап, мемлекетіміздің болашағын биікке көтеретін жастар көп болады деп сенемін.

Шыңғыс ҰМБЕТАЕВ.

Сұлутөбе ауылдық округі «Бірлестік» ауылында көзден кетсе де көңілден кетпейтін азаматтар баршылық. Ондай жандардың еліне, халқына сіңірген еңбегі, өмір жолындағы жақсы іс-әрекеттері, әділдігі, адалдығы, тәлім-тәрбиесі жөнінде айтылса, жазылса бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болады әрі өмір сабақтастығы жалғасын табары сөзсіз.

«Бірлестік» ауылының азаматы Базарбек Қашқынбайұлы 1935 жылы өмірге келген. Елімізде болған ашаршылықтың зардабынан енді тойына бастағанда киліккен Ұлы Отан соғысы оның сол кездегі замандастары сияқты өмірдің қиыншылығын, тұрмыстың ауыртпалығын, бейнетін көріп ерте есеюіне тура келді. Оның бойындағы қарапайымдылық, парасаттылық, білімге құштарлық жастайынан байқалды, еңбекке ерте араласты. Барлық жұмысты шын ниетімен, адал, беріле атқаратын. Ауылдағы бастауыш мектепте оқитын Базарбек ғана соғыстан келген үшбұрышты жауынгер хаттарын оқитын. Жұмыстан кейін ауыл ақсақалдары, әйел, бала-шаға Қашқынбай атаның үйіне жиналып, Базарбекке майшамен ауылға келген хаттарды, лиро-эпос, батырлар жырларын, анда-санда келген газеттерді қайта-қайта оқытатын. Біз есіктен сығалап, тыңдаймыз, оның босағанын күтетінбіз. Базарбек те бала емес пе, бізбен «соқыр теке», «аксүйек» ойнайтын. Қашқынбай атаның көзі көрмей қалғанда Базарбек барлық тіршілікті өз мойнына алды. Іні-қарындастарының тәрбиесіне қарап, оқуына басшылық жасады. 1953 жылы «І Май» совхозындағы орта мектепті бітірген білімге құштар Базек Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, оны үздік дипломмен бітіріп шықты.

Оқып жүргенде әр демалыста ауылға баратын. Отбасының, туған-туыс мұқтаждарын орындауға, келесі демалыста қажеттерін әкеліп беруге тырысатын. Түлкібай атаның үйіне қажет екі шойын пли-

таны екі қапқа салып әкелгені, түнімен пешін өріп, салып бергеніміз әлі есімде. Жазғы демалысында әр түрлі жұмыс істеп ақша табатын. Базекен ешкімнен көмегін аямайтын, мейірімді, көпшіл, қарапайым жігіт еді.

Институтты бітірген соң отба-

сын құрып, келіншегімен «І Май» совхозындағы №40 орта мектепке орналасты. Жас мамандар сабақ берумен қатар, ауылды көркейтуге үлес қосты. Ұстаздық іскерлігі, білімділігі, адамгершілігі, ұйымдас-тырушылық қабілеті ауылға сыйлы етті. Базекен мектеп жанында құрылған өндірістік бригада мүшелерімен бірге егін егу, баптау, жинау, мал шаруашылығын өркендету, совхоздың мәдени іс-шараларын өткізуге атсалысты. Саналы тәрбие, сапалы білім берумен қатар оқушыларға мамандық таңдауға көмектесті. Олардың қай оқуға баруына ақыл-кеңес, бағыт-бағдар берді, ынталандырды. Сол кездегі шәкірттері, қазіргі еліміздің түкпір-түкпіріндегі әр түрлі мамандық егелері Базекенді құрметпен еске алады.

Ұлағатты ұстаз өзінің білім-дарлығы нәтижесінде сол кездегі Сырдария ауданының орталығындағы №11 онжылдық мектепке директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. 1962 жылы педагогикалық институтының физика кафедрасына шақырылды. Кафедра меңгерушісі, деканның орынбасары, декан болып қызмет ат-

қарды. Физика-математика факультетінде бірнеше рет партия ұйымының хатшысы, институт партбюросының мүшесі болды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Институтта физикадан, физиканы оқыту методикасынан дәріс берді. Студенттер оны әділдігі үшін құрметтейтін, қарапайымдылығы үшін үлгі тұтатын еді.

1967-1970 жылдары ғылыми жұмыстармен айналысып, Т.Шевченко атындағы Киев университетінің аспирантурасында оқыды. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып «Жоғары жиіліктен тоқты өндіретін электр машиналары» та-



ғыш қажы атанды. Отанасы Тоқсұлу жеңгей бұл жолы да өзінің ақылдылығын, көрегендігін көрсетті. Базекен Ислам ілімі жастарды имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеудің негізі деп келді.

Базекеннің алаңсыз беріле ғылым жолына түсіп, басқа елде оқып, ізденіп, ғылыми еңбектер жазып, қорғауына отанасы Тоқсұлу жеңеміздің жәрдемі, ақыл-кеңесі көп болды. Аға оқып жүргенде жеңгей ұстаздық жұмысын абыроймен атқарды. Ол №4 мектептегі білімді, білікті ұстаздардың бірі болды.

Тоқсұлу Астанаға көшере ағаның кітапханасынан көп кітаптарды қазақ-түрік лицейіне, университет кітапханасына тапсырды. Алып кеткен кітаптарынан баласы Сексенбайдың үйінде бір бөлмені кітапхана жасап қойған. Ағаның столы, орындығы, тұтынған заттарын көзінің қарашағындай қастерлеп, құрметтеп отыр.

1999 жылдың наурыз айында Базекен дүниеден озды. Артында жұбайы, інісі, балалары, немерелері, мыңдаған шәкірттері қалды.

Өмір-өнегесі, іс-әрекеті есте қалған Базарбек Қашқынбайұлының есімін өзі оқыған «Бірлестік» ауылындағы №142 мектепке беру жөнінде аудандық, облыстық онوماстикалық комиссияларға ұсыныс жасалмақ.

Б.Қашқынбайұлы 2015 жылдың 12 қазанында 80 жасқа толады. Университет ұжымы Б.Қашқынбайұлының 80 жылдығын ғылыми-теориялық конференция тұрғысында атап өтсе деген ұсыныс бар. Бұл «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей артында қалған ізбасарлары мен мыңдаған шәкірттеріне, жастарға өмір сабақтастығы болары сөзсіз.

Мырзалы ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
облыстық дәрежедегі зейнеткер,
Қызылорда қаласының
құрметті азаматы.

КОДЕКСТЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІС

кемсітушілікке жол бермейді

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 14 мамырдағы №478 қаулысымен 50 жастан асқан адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кешенді жоспары бекітілген. Осыған орай, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы заңымен «Еңбек» кодексіне зейнеталды жастағы адамдарды кемсітуге жол бермеу үшін бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ол бойынша жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, еңбек делдалдығын көрсететін жеке және заңды тұлғаның, сондай-ақ жұмыс берушінің жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпаратты орналас-тыруына тыйым салынады.

Сондай-ақ жұмыс беруші жұмысқа қабылдаған кезде ҚР «Еңбек» кодексінің 7-бабына сәйкес әркімнің де еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандығын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар, сонымен бірге ешкімді де өзінің еңбек құқықтарын іске асыру кезінде жынысына, жасына, дене кемістігіне, нәсіліне, ұлтына, тіліне, әлеуметтік лауазымдық жағдайына, тұратын жеріне, діни көзқарасына, саяси сеніміне, руға, немесе текке-топқа, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды.

Жұмыс беруші қызметкерлер өкілдерінің тең санынан құрылған комиссияның оң шешімі болмаса, аталған кодекстің 54-бабы 1-тармағында көзделген негіздер бойынша 55 жастан асқан және зей-

неткерлік жасқа толғанға дейінгі жастағы қызметкерлермен еңбек шартын бұза алмайды.

Жұмыс берушілердің еңбек заңнама-сын сақтауын қамсыздандыру және зейнеталды жастағы қызметкерлерге қатысты кемсітушілікке жол бермеу мақсатында «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңына толықтырулар енгізілді. Соған сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдарында жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпаратты орналас-тыруды жалғастырып келеді. Осыған байланысты мемлекеттік еңбек инспекциясы бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпарат анықталған кезде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 87-бабының 5-тармағында көрсетілген құқық бұзушылық субъектілерге (жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, еңбек делдалдығын көрсететін жеке және заңды тұлғалар) шара қолдана алады.

Сол кезде ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралын әкімшілік құқық бұзушылықтар не қылмыстық әрекеттер жасау мақсатында пайдалануға жол берілмейді.

Сәуле ӘЛШОРАЗОВА,
мемлекеттік еңбек инспекторы.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

негізгі азық-түлік өнімдерінің 21 тамыздағы бағасы

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда қаласы. «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде бір келі І сортты бидай ұны – 54, қант – 130, ет – 950, картоп – 75, жуа – 110, сәбіз – 110, қырыққабат – 35, қызылша – 80, қарақұмық – 145, арпа жармасы – 90, сұлы жармасы 135 теңгеден сатылуда.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада бір келі картоп – 65, жуа – 85, сәбіз – 90, қызылша – 90, қырыққабат 45 теңгеден сатылып жатыр.

Арал ауданы. Арал қаласының «Қанағат» базарының жанынан ашылған әлеуметтік орында қант – 190 теңге, жеке кәсіпкер Н.Сапарбаевтың дүкенінде картоп – 75, жуа – 100, сәбіз – 110, қырыққабат – 60, өсімдік майының 1 литрі 230 теңгеден сатылуда.

Қазалы ауданы. «Ырыс-Болашақ және К», «Орын-ай» сауда орындарында жұмыртқа 18, бір келі картоп – 60, жуа – 90, қырыққабат – 40, сәбіз – 90, өсімдік майы 240-250 теңгеден сатылуда.

Кармақшы ауданы. «Бибінұр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп – 70, сәбіз – 115, жуа – 100, капуста 50

теңгеден сатылып жатыр. ЖК «Ешмұратов», ЖК «Жаппасбаев» дүкендерінде І сортты бидай ұнының келісі 56 теңге.

Жалағаш ауданы. «Ақниет» және «Қаракөз» дүкендерінен І сортты бидай ұнының келісі – 57, жұмыртқа – 17, өсімдік майы – 230-240, жуа – 100, сәбіз – 100, қырыққабатты 40 теңгеден алуға болады. Сондай-ақ, «Әділет» базарында еттің келісі 1200 теңгеден.

Сырдария ауданы. «Серікбол» дүкенінде картоп – 60, сәбіз – 100, қырыққабат – 50, жуа – 80, қант – 170-180 теңге. «Коммуналдық» базарында жұмыртқа 18 теңгеден сатылуда.

Шиелі ауданы. «Ә.Шорабаев», базарында картоп – 60, жуа – 90, сәбіз – 90, қырыққабат – 40, жұмыртқаның 10 данасын 180 теңгеден алуыңызға болады. Сонымен қатар, бір келі І сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылуда.

Жаңақорған ауданы. «Мағжан», «Заңғар» және «Нұрасыл» дүкендерінде картоп – 60, жуа – 80, қырыққабат – 40, сәбіз – 80, жұмыртқа – 17 теңге, І сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылса, сондай-ақ «Нұр» базарында ет бағасы 1100 теңге.



2014 ЖЫЛДЫҢ 22 ТАМЫЗЫНА ДЕЙІНГІ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	Мекеменің аты	бос жұмыс орны	саны	мекеме мекен-жайы		
1	№198 орта мектеп	математика пәні мұғалімі	1	Мұратбаева н/з,	23	Айтеке би, 25
		физика пәні мұғалімі	1	23-92-87	2	90-22-17
2	№197 қазақ орта мектебі	математика пәні мұғалімі	1	1-проектная, 38,		
				23-34-67	2	
3	№218 орта мектебі	орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі	1	Ақжарма ауылы,	1	
				21-36-11	2	
4	“Климат контроль “ дүкені	тоңазыту машинасы мен орнату құрал-жабдықтарының маманы (специалист по оборудованию холодильных машин и установок) кондиционер және тоңазытқыш құрал жабдықтарын жөндеу және орнату инженері (инженер по ремонту и установке систем кондиционирования холодильного оборудования) кондиционер орнату маманы (специалист по установке кондиционеров)	1	Усербаева 15/16,	1	Желтоқсан, бн,
			1	27-70-00	2	26-33-12
			2		1	
5	“Теплотехникс 2” ЖШС	автокөлік жөндеу слесарі инженер КИП и А-системотехник инженер-проектировщик инженер-технолог	1	Бейбітшілік, н/з,	1	
		учаске басшысы	1	40-03-79	1	
		инженер ПТО	1		5	
		прораб	5		2	
		тас қалаушы	25		1	
		кафель қалаушы	20		5	
		бетоншы	10		5	
		левкашсы	5		1	
		жұмысшы	15		1	
7	№8 П.Д.Осипенко атындағы орта мектеп	бастауыш сынып мұғалімі (орыс бөліміне)	1	Қонаева, 25		
8	“СНПС-Ай Дан Мұнай” АҚ	автоматтандыру және механикаландыру өндірісі инженері бухгалтер фельдшер	1	27-80-04		
				Жібек жолы, 9,		
				20-04-39		
9	Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы		1			
10	“Best-Авто” ЖШС	автомаляр кузовшы жүргізуші автомаляр көмекшісі механик	2	Сұлтан бейбарыс, н/з,		
			1	60-54-97		
			1	Сырлария, 2а,		
			1	21-22-01		
			1			
11	Қызылорда облысы бойынша экология департаменті	оргтехника жөндеу маманы инженер-приборист	1	Желтоқсан,150,		
			1	23-00-18		
12	“Қызылордажылу-электрорталығы” МКК	сылақшы-сырлаушы инженер-проектировщик инженер-сметашы	8	Марал Ишан, 1		
			1	25-00-70, 25-01-21		
			1			
13	Белкөл кенті әкімінің аппараты	жетекші маман-заңгер жетекші маман-салықшы	1	Белкөл кенті,		
			1	26-82-20		
14	№235 орта мектеп	электромонтер	1	24-55-61		
15	“АбзалПроект Консалтинг” ЖШС	инженер проектировщик инженер-конструктор сметашы	1	Аманкелді, 79,		
			1	23-97-57		
			1			
			1			
			1			
			1			
16	“Сейхун” гандбол клубы	аяжан аспазшы массажист	1	Жахаева, 65,		
			1	27-05-45		
17	№2 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебі	тоғызқұмалақ жаттықтырушы-оқытушысы әдіскер еркін күрес жаттықтырушысы-оқытушысы дзюдодан жаттықтырушысы-оқытушы	1	Жұмабаев, н/з,		
			1	25-64-03		
			1			
18	“Табиғат” МКК	заңгер жүргізуші	1	Абай даңғылы, 60а,		
			1	23-19-01		
19	ГКП “Қызылорда су жүйесі”	газоэлектросварщик электромонтер слесарь-машинист КНС слесарь-жүргізуші слесарь машинист-экскаваторшы машинист-экскаваторшы ЭО-33211А	3	Желтоқсан,156,		
			9	23-00-42		
			9			
			4			
			16			
			1			
			1			
20	«SINOIL» ЖШС	бензовоз жүргізушісі	1	Бөкейхан, 41, 23-69-31		
21	“Керемет сауда” ЖШС	экспедитор программист сауда агенті жүк тасушы қойма менгерушісі	1	Шымбай, 107,		
			1	22-42-10		
			2			
			3			
			1			
22	“ТВМН” ЖШС (Техника восточной международной нефти)	инженер (по инструменту)	1	Әуезова,5а,		
			1	27-67-72		

23	“Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы” АҚ	аяжан инженер-системотехник эл.энергиясын есепке алу электромонтеры жетекші маман электрослесарь инженер КИП и А минимаркет менгерушісі мұнай базасына еден жуушы техникалық құрылғылар машинисті өрт сөндіру бас инструкторы өрт сөндіру инструкторы АСЗ операторы АЗС кассир операторы заңгер несие экспертi Жалағаш бөлімшесіне сантехник	1			
			1			
			2			
			2			
			1			
24	“Гелиос” ЖШС	инженер КИП и А минимаркет менгерушісі мұнай базасына еден жуушы техникалық құрылғылар машинисті өрт сөндіру бас инструкторы өрт сөндіру инструкторы АСЗ операторы АЗС кассир операторы заңгер несие экспертi Жалағаш бөлімшесіне сантехник	1			
			1			
			2			
			1			
			1			
			5			
			5			
25	“KazMikroFinance” ЖШС	химик-аналитик	1			
			1			
26	“Теміржол” ПИК	химия пәні мұғалімі оқу өндірісінің КИПА шебері	1			
			1			
27	ҚР АШМ ВБҚК “Республикалық ветеринарлық зертхана” РМК-ң Қызылорда филиалы	химия пәні мұғалімі оқу өндірісінің КИПА шебері	1			
			1			
28	Қызылорда инженерлік-техникалық колледж	химия пәні мұғалімі оқу өндірісінің КИПА шебері	1			
			1			
29	“Латона” ЖШС	тас қалаушы бетоншы сылақшы-сырлаушы электрик жұмысшы электрденекерлеуші аспаз-салатшы еден жуушы ыдыс жуушы пицца пісіруші бармен сатушы кассир кондитер официант ас таратушы	5			
			5			
			5			
			5			
			2			
			10			
			3			
30	“Браунис Казахстан” ЖШС	аспаз-салатшы еден жуушы ыдыс жуушы пицца пісіруші бармен сатушы кассир кондитер официант ас таратушы	1			
			1			
			5			
			5			
31	“Компания Енбек биржа ЛТД” ЖШС	бұрғылаушы көмекшісі машинист ЦА-320 машинист УПА	1			
			1			
32	“Мұз айдыны” МКҚК	аға жаттықтырушы жаттықтырушы инженер КИП и А массажист электронщик	6			
			2			
			1			
			1			
			1			
33	“ПҚҚР” АҚ	өрт сөндіру жүйелерін жасау жөніндегі инженер	1			
			1			
34	“Қызылорда Сыр суы” ЖШС	электрик	1			
			1			
35	“Бегім ана” бала бақшасы	от жағушы	1			
			1			
36	№189 орта мектебі	электрик	1			
			1			
37	“Ертарғын” бала бақшасы	орыс тілінен бастауыш білім беру мұғалімі	1			
38	№178 орта мектеп	информатика пәні мұғалімі	1			
39	№176 орта мектеп	химия биология пәні мұғалімі (орыс сыныбына) сантехник акушер-гинеколог балалар невропатологы лаборант-дәрігер лаборант кітапханашы еден жуушы фельдшер электрик слесарь	1			
			1			
40	“Қалалық перинаталды орталығы” МКҚК	математика пәні мұғалімі (орыс бөліміне) физика пәні мұғалімі (орыс бөліміне) биология пәні мұғалімі (орыс бөлімі) музыка пәні мұғалімі (орыс бөлімі)	1			
			1			
41	№120 орта мектебі	математика пәні мұғалімі (орыс бөліміне) физика пәні мұғалімі (орыс бөліміне) биология пәні мұғалімі (орыс бөлімі) музыка пәні мұғалімі (орыс бөлімі)	1			
			1			
42	“Келешек Б” ЖШС	бастауыш сынып мұғалімі дене шынықтыру мұғалімі орыс тілі пәнінің мұғалімі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі	3			
			1			
			2			
			1			
43	№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейі	математика пәні мұғалімі (орыс бөліміне) физика пәні мұғалімі (орыс бөліміне) биология пәні мұғалімі (орыс бөлімі) музыка пәні мұғалімі (орыс бөлімі)	1			
			1			
			1			
44	№144 мектеп	бастауыш сынып мұғалімі дене шынықтыру мұғалімі орыс тілі пәнінің мұғалімі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі	3			
			1			
			2			
			1			
45	№1 мектеп-гимназиясы	электрик	1			
			1			
46	Жас жеткіншектерді әлеуметтік бейімдеу орталығы	тәрбиеші	1			

КӨЛІК БЕЛГІЛЕРІНДЕ КӨП СЫР БАР

Көліктің эмблемалары не білдіруі мүмкін деп ойланып көрдіңіз бе? Шын мәнінде әр көліктің белгісі оның жылдар бойғы тарихын, дәстүрін көрсететін нышан. Maximonline.ru сайты бұл сұраққа толық жауап берген екен. Автокөлік атаулы шыққаннан бастап эмблемалармен, түрлі фигуралармен және ескерткіш заттармен сәнделетін болған. Осыған орай, олардың қалай пайда болғаны жайлы ақпарат беруді дұрыс деп таптық.



Alfa Romeo

Эмблеманы жасаушылар Миланскийлер герцогтарының Висконти ұрпағының елтанбасын алған. Қызыл крест (отбасының бірінші крест жорығына қатысқанын білдіреді) және айдаһар. Аңыз бойынша, айдаһар V ғасырда Висконти жұртшылығының қолынан өлген.



BMW

Бірінші эмблема 1917 жылы пайда болған. Онда айналып тұрған зырылдауық (пропеллер) таңбаланған. Ал 1920 жылы провеллердің төртке бөлінген шеңбері ғана қалады. Ал түсі баварлық дәстүрлі түс саналады: ақ және көк.

Citroën

Андре Ситроен есімді инженер өзінің мансабын кәсіпкерлікпен бастайды. Кәсіпкерлік беріліс қорабын өндірумен айналысқан. Сол беріліс қорабының майда тістері осы таңба болып саналады. Содан бастап бұл белгі өзгермей келеді.



Ferrari

Артқы аяғымен тұрған ат белгісі тұңғыш рет Франческо Барактың ұшағының фюзеляжында таңбаланған еді. Ұшқыш 1918 жылы атып түсіріледі. Ал оның шешесі Энцо Феррариге бұл символ



ды қолдануға ұсынады. Ал сары фон түсі – көліктерді жасайтын зауыттың орналасқан қаласы – Моденнің түсі.

Nissan

Бірінші шыққан автокөліктерде бұл эмблеманың шеңбері қызыл түсті болған. Және атып келе жатқан таңды білдірген еді. Ал тіктөртбұрыш көк түсті болып, аспанды меңзеген. Компанияның ұраны – «шынайылық сәттілікке бастар жол». Кейін келе, қызыл және көк түс нағыз металдың түсіне орын босатты.



Mitsubishi

Бұл эмблемадағы үш алмас Ятаро Ивасакидің отбасылық елтаңбасынан алынған. Ятаро – көлікті шығарушының әкесі. Бренд атауы да осы эмблемадан шыққан: жапон тілінде «мицу» - «үш» дегенді білдірсе, «биси» - «алмас» деген ұғым береді. Алмас тас бұл елде шындықты, көпшілік алдындағы жауапкершілікті, халықтар арасындағы өзара түсіністікті білдіреді.





ДҮЙСЕНБІ 25 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

7.00. Таңшолпан 10.00 Дауа 10.35. Қазақстан би әлемі 10.50 Айтуға онай... 11.35 «Замана бұлбұлдары» 12.05 Арнайы репортаж 12.30 Жаңалықтар 12.45 Апта кз. 13.20 ЕХРО жолы 13.45. Ақсауыт 14.20 «Жолың болсын, балакай!» 14.50 М.ф. 15.05 Әйел бақыты 16.10 Келін 17.00 «Қара шаңырақ» фильм туралы фильм. 17.30 Жаңалықтар 17.50 Өзекжарды 18.10 «Еңбек түбі - береке» 18.15 Шарайна 188.50 Заң және біз 19.30 «Құбылай хан» Телехикая 20.30 Жаңалықтар 21.05. «Айтуға онай...» 21.50 «Қарашаңырақ» 22.40 Келін 23.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев 00.00 Жаңалықтар 00.35 Арнайы репортаж 01.00 Футбол. Ағылшын премьер-лигасы. «Манчестер сити» - «Ливерпуль». Тікелей эфир 3.00 Жаңалықтар 3.35 Өзекжарды.

ХАБАР

7.01 «Саз әлемі». Ән байқауы 8.30 Мерейлі отбасы. 9.00 Жеті күн 10.00 Жеті күн 11.10 «Сулейман Великолепный». 12.00 «Кулинарная программа» 12.30 Д.с 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.45, 02.15 Жаңалықтар. 13.12 Көзқарас 13.45, 01.45 Әр үйдің сыры баска 14.15 Айтұмар 15.12 Д.ф. 16.00 «Группа счастья». Подари детям жизнь... 17.15. Д.с. 17.45 Д.ф. 18.15 «Әселдің құрбы-құрдастары» 18.55 «ТВ Бинго» 20.30 Бүро расследований 21.30 Сулейман Великолепный 22.20 «След» 23.15 Көзқарас 00.15 Тотальный футбол. 01.15 «Энергия будущего».

КТК

6.05 «Голубка» 7.45 «На грани возможного» 8.10 Япыр-ай 9.00 Дорога домой 9.10 «Кривое зеркало». 11.05 «Найденыш-3» 14.35 Не ври мне 15.35 «Мечтать не вредно 17.30 Махаббат мұны 18.00 Мұздан суық, оттан ыстық. 19.00 Жаңалықтар 19.25 Рейдер 19.40 Карадайы 21.00 Новости 21.35 «Сестра моя, любовь» 23.25 «Сын отца народов» 1.20 Рейдер 01.30 «Братья» 2.20 Махаббат мұны 2.40 Карадайы 3.40 Жаңалықтар 4.00 Япыр-ай.

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00. «Әке серті» 6.50 Жаңалықтар 7.00 Доброе утро 11.00 «Петрович» 12.00, 02.30 Модный приговор 13.05 «Сваты у плиты» 13.35 «Наедине со всеми» 14.30 «Дикий 3» 15.30 «112» 15.45 Судебные истории 16.50 Давай поженимся 18.00 Жаңалықтар 18.55 Сүйген жар 19.50 «Братаны 3» 21.00 Новости 21.40 «Сваты 6» 22.45 Пусть говорят 23.55 «Человек ниоткуда» 1.45 «Катина любовь».

АСТАНА

7.00 Әділ Сламханның ән кеші 9.00 «Ана көңілі» 10.20 «Казнет» 10.40 Лица столицы 11.05 Незабываемый 12.05 Қыз ғұмыры 13.00 Ән мен әзіл 14.10 «Крапленый» 16.10 Лица столицы 16.30 М.ф. 16.40 М.ф. 16.50 «Жүз жылдық мұра» кәріс телехикаясы 18.00, 22.50 Ұмытылмас 19.00 «Қыз ғұмыры» 20.00 Жаңалықтар 20.20 Әзілстан 20.30 Новости 20.50 Казнет 21.00 «Крапленый» 21.55 Кулинар 23.50 Жаңалықтар 00.10 Новости 00.30 Еріксіз неке 1.35 Ән шашу.

СЕЙСЕНБІ 26 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

7.00. Таңшолпан 10.00. «Қара шаңырақ». 10.55 Айтуға онай... 11.40 «Құбылай хан» 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 02.50. Жаңалықтар 12.45 Спорт 13.10 Алаң 14.00 М.ф. 14.55 М.ф. 15.05 Әйел бақыты 16.10 «Келін» 17.00 Жарқын бейне 17.50 Ас болсын! 18.35 Сыр-сұхбат 19.10 ЕХРО жолы. 19.30 «Құбылай хан» 21.05 «Айтуға онай...» 21.50 «Қара шаңырақ» 22.40 Келін 23.30, 02.25 Түнгі студияда Н.Қоянбаев. 00.35 ЕХРО жолы 1.00 Еңселі Елорда 1.10 Жарқын бейне 1.40 Ас болсын!

ХАБАР

7.01 Саз әлемі 8.30 М.ф. 9.00 Жаңалықтар. 09.12. Бүро расследований 9.35. Мерейлі отбасы 10.00, 11.00, 13.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 00.30, 02.20. Жаңалықтар. 10.12 Аймақтар аламы 11.12 «Сулейман Великолепный» 12.00 Кулинарная программа 12.30 Дәм дүниесі 13.15. Көзқарас 13.45, 01.50. Әр үйдің сыры баска 14.15 Айтұмар 15.12 «Перекресток в Астане» 15.44 М.ф. 15.58

«Группа счастья» 16.52. Подари детям жизнь... 17.15. Мерейлі отбасы 17.40 Арнайы хабар 18.15 «100 бизнес-историй» 18.25 «Әселдің құрбы-құрдастары» 19.10 Біз 20.30 «Перекресток в Астане» 21.30 Сулейман Великолепный 22.20 «След» 23.15 Жансарай 00.00 Көзқарас 01.30 Арнайы хабар.

КТК

6.05 «Возмездие» 7.00 М.ф. 7.15 М.ф. 8.10 Япыр-ай 9.00 Жаңалықтар 9.30 Выходной со звездой 10.10 «Женский доктор-2» 12.00 Новости 12.35 Рейдер 12.45 «Счастливый билет» 14.50 Не ври мне 15.45 «Свадьба» 17.30 Махаббат мұны 18.00 «Мұздан суық, оттан ыстық» 19.00 Жаңалықтар 19.25 Рейдер 19.40 Карадайы 21.00 Новости. 21.35 Сестра моя, любовь 23.25 «Сын отца народов» 00.30 Лига Чемпионов УЕФА. «Порту» (Португалия) – «Лилль» (Франция). Прямая трансляция 02.35 Рейдер 2.45 Лига Чемпионов УЕФА. «Батэ» (Беларусь) – «Слован» (Словакия). 4.25 Карадайы.

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00. «Әке серті» 6.50 Жаңалықтар 7.00 Доброе утро 11.00 «Петрович» 12.00, 02.30 Модный приговор 13.05 «Сваты у плиты» 13.35 «Наедине со всеми» 14.30 «Дикий 3» 15.30 «112» 15.45 Судебные истории 16.50 Давай поженимся 18.00 Жаңалықтар 18.55 Сүйген жар 19.50 «Братаны 3» 21.00 Новости 21.40 «Сваты 6» 22.45 Пусть говорят 23.55 «Человек ниоткуда» 1.45 «Катина любовь».

АСТАНА

7.00 Ән шашу 7.35 М.ф. 7.45 М.ф. 7.55 Новости 8.15 Жаңалықтар 8.35 Казнет 8.55, 16.50 «Жүз жылдық мұра» 10.00 Суперпапа 10.35 «Кто в доме хозяин?» 11.05. «Незабываемый» 12.05, 19.00 Қыз ғұмыры 13.00 Ән мен әзіл 14.10 «Крапленый» 16.00 «Домашние войны» 18.00, 22.50 Ұмытылмас 20.00 Жаңалықтар 20.20 Казнет 20.30 Новости 20.50 Әзілстан 21.00 «Кулинар» 23.50 Сырласу 00.35 Жаңалықтар 00.55 Новости 01.15 «Еріксіз неке».

СӨРСЕНБІ 27 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

7.00. Таңшолпан 10.00. «Қара шаңырақ». 11.00 Айтуға онай... 11.45 «Құбылай хан» 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 02.50 Жаңалықтар 12.45. «Тағдыр» 13.05 Сәнді баспана 13.30 Заң және біз 14.10 Айдаһар мінген шабандоздар 14.55 М.ф. 15.05 Әйел бақыты 16.10 Келін 17.00 Шетелдегі қазақ балалары 17.50 Өзекжарды 18.10 Еңбек түбі - береке 18.15 Толағай 19.05 Қылмыс пен жаза 19.30. «Құбылай хан» 21.05. Айтуға онай... 21.50 «Қара шаңырақ» 22.40 Келін 23.30, 2.15 Түнгі студияда Н.Қоянбаев 00.35 Өзекжарды 00.50 Сыр-сұхбат 1.20 ЕХРО жолы 1.40 Шетелдегі қазақ балалары.

ХАБАР

7.01 «Саз әлемі» 8.30 М.ф. 9.00 Жаңалықтар. 09.12. Арнайы хабар 9.32. Мерейлі отбасы 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 00.25, 02.20. Жаңалықтар. 10.12 Аймақтар аламы 11.12 Сулейман Великолепный 12.00 Кулинарная программа 12.30 Дәм дүниесі 13.12. Көзқарас 13.42. «Әр үйдің сыры баска» 14.12 Айтұмар 15.12 Перекресток в Астане 15.42 М.ф. 16.00 «Группа счастья» 16.55. Подари детям жизнь... 17.15. Мерейлі отбасы 17.40 Жаңа қоғам 17.50 Бизнес сыры 18.15 «Әселдің құрбы-құрдастары» Т.с. 19.10 Біз 20.30 Перекресток в Астане 21.30 Сулейман Великолепный 22.20 След 23.05 Д.ф. 23.15 Көзкөрген 23.55 Көзқарас 01.25 Жаңа қоғам.

КТК

6.05 «Возмездие» 7.00 М.ф. 7.15 М.ф. 8.10 Япыр-ай 9.00 Жаңалықтар 9.310 Выходной со звездой 10.10 «Женский доктор-2» 12.00 Новости 12.35 Рейдер 12.45 «Счастливый билет» 14.50 Не ври мне 15.45 «Белый холст» 17.30 Махаббат мұны 18.00 «Мұздан суық, оттан ыстық» 19.00 Жаңалықтар 19.25 Рейдер 19.40 Карадайы 21.00 Новости. 21.35 Сестра моя, любовь 23.25 «Сын отца народов» 00.30 Лига Чемпионов УЕФА. «Арсенал» (Англия) – «Бешикташ» (Турция). Прямая трансляция 2.35 Обзор матчей Лиги Чемпионов УЕФА 03.00 Лига Чемпионов УЕФА. «Атлетик» (Испания) – «Наполи» (Италия) 4.40 Карадайы

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00. «Әке серті» 6.50 Жаңалықтар 7.00 Доброе утро 11.00 «Петрович» 12.00, 02.30 Модный приговор 13.05 «Сваты у плиты» 13.35 «Наедине со всеми» 14.30 «Дикий 3» 15.30 «112» 15.45 Судебные истории 16.50 Давай поженимся 18.00 Жаңалықтар 18.55 Сүйген жар 19.50 «Братаны 3» 21.00 Новости 21.40 «Сваты 6» 22.45 Пусть говорят 23.55 «Человек ниоткуда» 1.45 «Катина любовь»

АСТАНА

7.00 Ән шашу 7.55, 20.30, 00.10. Новости. 8.15, 20.00, 23.50 Жаңалықтар. 8.35

Казнет 9.00, 16.50. «Жүзжылдық мұра» 10.15 М.ф. 10.25 М.ф. 10.35 «Кто в доме хозяин?» 11.05 Незабываемый 12.05, 19.00. Қыз ғұмыры 13.00. М.ф. 13.10 Сырласу 14.00. «Кулинар» 16.00. «Домашние войны» Т.с. 18.00, 22.50 Ұмытылмас. 20.20 Әзілстан 20.50, 01.40 Казнет 21.00. «Кулинар» 00.30 Еріксіз неке.

БЕЙСЕНБІ 28 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

7.00. Таңшолпан 10.00 Қара шаңырақ 11.00. Айтуға онай... 11.45 «Құбылай хан» 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 02.50 Жаңалықтар 12.45 Агробизнес 13.10. Сіз не дейсіз? 13.35 Деректі фильм 14.05 М.ф. 14.55 М.ф. 15.05 Әйел бақыты 16.10 Келін 17.00 Мың түрлі мамандық 17.50 «Қылмыс пен жаза» 18.15 Арнайы жоба 18.40 Поэзия әлемі 19.05 «Жаңа Қазақстан-2050» 19.30. «Құбылай хан» 21.05. Айтуға онай... 21.50 «Қара шаңырақ» 22.40 Келін 23.30, 2.20 Түнгі студияда Н.Қоянбаев 00.35 Қылмыс пен жаза 00.55 ЕХРО жолы 1.15 Мың түрлі мамандық 1.45 Мәлім де беймәлім Қазақстан.

ХАБАР

7.01 «Саз әлемі» 8.30. М.ф. 9.00 Жаңалықтар. 09.12. Жаңа қоғам 9.30, 17.15 Мерейлі отбасы 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.35, 21.00, 23.30, 1.35 Жаңалықтар. 10.12 Аймақтар аламы 11.12. Сулейман Великолепный 12.00 Кулинарная программа 12.30 Дәм дүниесі 13.12. Көзқарас 13.42. Әр үйдің сыры баска 14.12 Айтұмар 15.12, 20.30 Перекресток в Астане 15.42 М.ф. 16.00 «Другой мир» 16.55. Подари детям жизнь... 17.40 Арнайы хабар 18.15 Әселдің құрбы-құрдастары 19.00 Біз 21.30 Сулейман Великолепный 22.20 «След» 23.00 Көзқарас 00.30 Арнайы хабар 00.50 Айтұмар

КТК

6.05 «Возмездие» 7.00 М.ф. 7.15 М.ф. 8.10 Япыр-ай 9.00 Жаңалықтар 9.30 Выходной со звездой 10.10 «Женский доктор-2» 12.00 Новости 12.35 Рейдер 12.45 «Счастливый билет» 14.50 Не ври мне 15.450 «Поздняя любовь» 17.30 Махаббат мұны 18.00 «Мұздан суық, оттан ыстық» 19.00 Жаңалықтар 19.25 Рейдер 19.40 Карадайы 21.00 Новости. 21.35 Сестра моя, любовь 23.25 «Сын отца народов» 01.20 Рейдер 1.30 «Братья» 2.20 Обзор матчей Лиги Чемпионов УЕФА. 2.45 Махаббат мұны 3.05 Карадайы 4.05 Жаңалықтар 4.30 Япыр-ай

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00. «Әке серті» 6.50 Жаңалықтар 7.00 Доброе утро 11.00 «Петрович» 12.00, 02.30 Модный приговор 13.05 «Сваты у плиты» 13.35 «Наедине со всеми» 14.30 «Дикий 3» 15.30 «112» 15.45 Судебные истории 16.50 Давай поженимся 18.00 Жаңалықтар 18.55 Сүйген жар 19.50 «Братаны 3» 21.00 Новости 21.40 «Сваты 6» 22.45 Пусть говорят 23.55 «Человек ниоткуда» 1.45 «Катина любовь»

АСТАНА

7.00 Ән шашу 7.35 М.ф. 7.45 М.ф. 8.00, 20.30, 00.10. Новости. 8.15, 20.00, 23.50 Жаңалықтар. 8.40 М.ф. 8.50 М.ф. 9.00 «Жүз жылдық мұра» 10.15. Казнет 10.35 «Кто в доме хозяин?» 11.05 Незабываемый 12.05, 19.00. Қыз ғұмыры 13.05. «Той жыры» 14.00. «Кулинар» 16.00 Домашние войны 16.50 «Жүз жылдық мұра» 18.00, 22.50. Ұмытылмас. 20.20 Казнет 20.50 «Әзілстан» 21.00 «Кулинар» Т.с. 00.30 «Еріксіз неке» 1.35 Казнет.

ЖҰМА 29 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

7.00 «Таңшолпан» 10.00 «Қара шаңырақ». Т.с. 11.00 «Айтуға онай...» 11.45 «Құбылай хан» 12.30 Жаңалықтар 12.45 «Менің Қазақстаным» 13.20 «Көкпар» 14.05 М.ф. 14.55 М.ф. 15.05 «Әйел бақыты» 16.10 «Келін» 17.00 «Ядролық қарудан азат аймақ». 17.25 «Еңбек түбі – береке» 17.30 Жаңалықтар 17.50 «Өзекжарды» 18.10 «Жаңа Казакстан – 2050» 18.35 «Жан жылуы» 19.05 Иман айнасы 19.30 «Құбылай хан» 20.30 Жаңалықтар 21.05 Айтуға онай... 21.50 Ұлттық шоу 22.55 Келін 23.40 Жайдарман 00.00 Жаңалықтар 00.35 Өзекжарды 00.50 «Көшпенділер» 2.45 Иман айнасы 03.05 Жаңалықтар

ХАБАР

7.01 «Саз әлемі» 8.30. Д.ф. 9.00 Жаңалықтар. 09.10. Д.ф. 9.35, 17.15 Мерейлі отбасы 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.30, 2.00 Жаңалықтар. 10.12 Аймақтар аламы 11.12. Сулейман Великолепный 12.00 Кулинарная программа 12.30 Дәм дүниесі 13.12. Көзқарас 13.42. Әр үйдің сыры баска 14.12 Айтұмар 15.12, 20.30 Перекресток в Астане 15.40 Д.ф. 16.00 «Группа счастья» 16.55 Д.ф. 17.40 Вектор развития. 18.15 «Әселдің құрбы-құрдастары» Т.с. 19.00 Орталық Хабар 21.30 «Сулейман Великолепный». 22.20 След 23.00 Көзқарас 00.30 Д.ф. 1.00 Айтұмар 01.30 Вектор развития



КТК

6.05 «Возмездие» 7.00 М.ф. 7.15 М.ф. 8.10 Япыр-ай 9.00 Жаңалықтар 9.30 Выходной со звездой 10.10 «Женский доктор-2» 12.00 Новости 12.35 Рейдер 12.45 «Счастливый билет» 14.50 Не ври мне 15.45 «Любовь для бедных» 17.30 Махаббат мұны 18.00 «Мұздан суық, оттан ыстық» 19.00 Жаңалықтар 19.25 Рейдер 19.40 Карадайы 21.00 Новости. 21.35 Кривое зеркало 23.20 «Двойная сплошная любовь» Х.ф. 01.10 Братья 02.00 Рейдер 2.10 Махаббат мұны 2.30 Карадайы 3.30 Жаңалықтар 3.55 Япыр-ай

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00 «Әке серті» 06.50 Жаңалықтар 07.00 «Доброе утро» 11.00 «Петрович» 13.00 Жұма уағзы 13.15 «Сваты у плиты» 13.45 «Наедине со всеими» 14.40 «Дикий 3» 15.30 «112» 15.45 «Дикий 3» 16.50 Жди меня 18.00 Жаңалықтар 18.55 «Сүйген жар» 19.55 «Братаны 3» 21.00 Новости 21.40 Поле чудес 22.50 «Любовь в большом городе-3» Кино 00.15 «Дорога» Триллер 2.10 Катина любовь 03.40 Модный приговор

АСТАНА

7.00 Ән шашу 8.00, 20.30, 00.10. Новости. 8.20, 20.00, 23.50 Жаңалықтар. 8.40 М.ф. 8.50 М.ф. 9.00 Жүз жылдык мұра 10.20. Әзілстан 10.35 «Кто в доме хозяин?» 11.05 Незабываемый 12.05, 19.00. Қыз ғұмыры 13.00. М.ф. 13.10 Бірегей 13.40 Специальный проект 14.00. «Кулинар» 16.00 Домашние войны 16.50 «Жүз жылдық мұра» 18.00, 22.50. Ұмытылмас. 20.20 Казнет 20.50 Әзілстан 21.00 «Кулинар» Т.с. 00.30 Еріксіз неке 1.35 Ән шашу

СЕНБІ 30 тамыз

ҚР КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт 8.00 Шарайна 8.30 «Сенбілік тан» 9.35 Агробизнес 10.00 Дауа 10.35 «Ас болсын!» 11.20 «Жайдарман» 12.55 Поэзия әлемі 13.25 Телқоныр 14.10 «Көшпенділер» 16.05 Мәлім де беймәлім Қазақстан 16.35 Келбет 17.00 Мың түрлі мамандық 17.30 Жаңалықтар 17.45 Футбол. Ағылшын премьер-лигасы. «Берли»-«Манчестер-Юнайтед» Тікелей эфир 19.45 «Тағдыр» 20.05 «Арнайы репортаж» 20.30 Жаңалықтар 21.05 «Қоңыр» тобының шығармашылық кеші 22.40 Сіз не дейсіз? 23.10 Арнайы репортаж 23.30 Жаңалықтар 00.05 Футбол. Ағылшын премьер-лигасы. «Уэст Хэм Юнайтед» - «Саутгемптон» Тікелей эфир 1.50 Келбет 2.15 Арнайы репортаж 2.40 Жаңалықтар.

ХАБАР

7.00 Мерекелік концерт 8.00 М.ф. 9.10 Табиғаттың тартуы 9.30 Ұлт саулығы 9.55 Подари детям жизнь... 10.00 Прод.вопрос 10.30 Д.ф. 11.00 Кино «Ангел в тюбетейке» 12.20 Концерт 14.15 «Жерұйық» 16.10 Астана кештері 18.00 Мерейлі отбасы 18.25 «Жансарай» 19.05 «Қоңыр» тобының ән кеші 21.00 Жеті күн 22.00 Мейрамбек Беспаевтың ән кеші 23.50 «Балалық шағымының аспаны» К.ф. 1.15 «Кешіккен махаббат» 3.00 Концерт

КТК

7.05 Сыла. Тағдыр талқысы 8.15 Д.ф. 8.25 Жаңалықтар 9.00 М.ф. 10.15 Кривое зеркало 12.00 Новости 12.35. «Иван Васильевич меняет профессию» 14.20 М.с. 15.00 «Алма-ата – моя первая любовь» 16.15 «Большая любовь» Х.ф. 18.15 «Костер на снегу» Х.ф. 22.00 Той Бест Стар 23.15 «Паутинка бабьего лета» Х.ф. 01.10

СЫЙЛЫҚТАР НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ!

НЕСИЕ НЕМЕСЕ ДЕПОЗИТ РӘСІМДЕП,

1000 ЖҮЛДЕНІҢ БІРІН ҰТЫП АЛ!

Аймақтағы өкіл:

8 771 779 97 73
8 705 637 47 43

«Мұздан суық, оттан ыстық» 02.55 «На грани возможного» 3.20 Деректі хикая.

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00 Идеальный ремонт 7.00. «Катина любовь». 8.30 Таңғы пошта 9.00 Новости 9.10 Смак 9.45 «Операция «Ы» и другие приключения Шурика» Кино 11.30 Фабрика грез 12.00. «Можно, я буду звать тебя мамой?» 13.50 «Юбилейный ту И.Кобзона» 16.30 «Касым» 21.00 Новости 21.30 Жаңалықтар 21.45 Тілші түйіні 22.15 Жаңалықтар 22.35 «Кешкі кездесуе» 00.00 «Точь-в-точь» 3.00 Катина любовь.

АСТАНА</

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, нөмірсіз ғимарат, №429 кабинет, анықтама үшін телефондары: 8 (7242) 60-53-44, факс: 8 (7242) 60-53-43, e-mail: obl.dags@mail.ru «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Әкімшілік-экономикалық және құқықтық жұмыстар бөлімінің бас маманы (D-O-4 санаты – 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Басқарманы ұстауға арналған қаржылық жоспарды орындау бойынша бухгалтерлік есепті жүргізуді белгіленген ережеге сәйкес ұйымдастырады, есептердің, құжаттамалардың, аванстық есептердің және өзге де қаржыға қатысты құжаттарының дұрыс рәсімделуін бақылайды;

2. Штаттық, қаржылық және кассалық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, бюджеттік бағдарламалардың құжаттарын жасайды, айлық, тоқсандық, жылдық бухгалтерлік есептерді уақытылы және сапалы дайындайды;

3. Басқармаға қатысты мемлекеттік сатып алу рәсімдері бойынша тоқсандық, жылдық есептерді дайындайды;

4. Табыс және әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдар бойынша тоқсандық, жылдық есептер мен декларациялар жасайды және салық органына тапсырады;

5. Қаржылық жоспарды орындаудың, кредиторлық және дебиторлық берешек туралы есептердің тапсырылуын қамтамасыз етеді;

6. Белгіленген нысан бойынша облыстық статистика басқармасына еңбек және жалақы туралы тоқсандық есеп тапсырады;

7. Бюджетке салықтық және басқа да бюджетке міндетті төлемдердің, зейнетақы жарналарының және жұмысшы-қызметкерлердің жалақысының дұрыс есептелуін, уақытында аударылуын қамтамасыз етеді;

8. Бухгалтерлік құжаттарды сақтау, мұрағатқа өткізу үшін оларды белгіленген тәртіпте рәсімделуін ұйымдастырады.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

- Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес мамандықтары бойынша жоғары білім (есеп және аудит, қаржы).

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі (есеп және аудит, қаржы) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Еңбек кодексі, Бюджет кодексі, Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс Кодексі, Салық кодексі, «Мемлекеттік құпия туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын білу. Мемлекеттік және орыс тілдерін білу.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) нысанға сәйкес өтініш;
- 2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толықтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз

болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, нөмірсіз ғимарат, №429 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, нөмірсіз ғимарат, №415 кабинетте әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-4 – санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының конкурстық комиссиясы.

Бакұл бол, аяулы әріптес

Уақыт керуен, адам көш деген ғой. Бұл жалған дүниеде ең қымбат асыл жаннан айырылу ауыр екен. Кеше ғана арамызда жүрген ақжарқын, ақкөңіл, асыл да аяулы ғалым-ұстаз, сүйікті жар, камқор ана, ардақты басшымыз республикаға белгілі ұстаз, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Аймақтық менеджмент академиясының» академигі Баязитова Шарбан Тәкішқызынан үстіміздегі жылдың 20 тамызында қапыда айырылып қалдық.

Шарбан Тәкішқызы 1962 жылдың 20 наурызында Сырдария ауданы, Абай ауылында дүниеге келген. 1979 жылы Қызылорда қаласындағы №253 қазақ орта мектебін үздік бітірді. Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтын «Орта мектептегі математика пәнінің мұғалімі» мамандығын алып, 1983-1993 жылдар аралығында Қармақшы ауданындағы №27, №113 мектептерінде, №14 кәсіптік-техникалық училищеде математика пәні мұғалімі болды. 1993-2008 жылдары «Сейхун» институтында («Қазақ-Қытай» академиясы) оқытушы, қа-



федра менгерушісі, ректор, 2008 жылдан бүгінгі күнге дейін «Абылай хан» атындағы колледжі директоры қызметін атқарды.

Баязитова Шарбан Тәкішқызы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2009» мемлекеттік грантының иегері және бірнеше ғылыми еңбектердің авторы.

Жемісті қызмет атқарған жылдарда республикалық, облыстық бірнеше марапаттарға ие болды.

Аяулы басшымыздың күлімдеген ақжарқын жүзі, мейірімге толы жүрегі, шексіз қамқорлығымен жүрегімізге ұялаған ғазиз бейнесі көз алдымыздан кетпек емес.

«Қазақ-Қытай» академиясы, «Абылай хан» атындағы колледжі ұжымдары аяулы ұстазымыз Шарбан Тәкішқызының отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас болсын, аяулы да ардақты әріптес.

«Қазақ-Қытай» академиясы, «Абылай хан» атындағы колледж ұжымдары.

Жарамсыз деп есептелсін

Айдабулов Мурат Жакиповичтің атына Қызылорда қаласы, «Арай-Шұғыла» бау-бақша серіктестігіне берілген 2007 жылғы 23 мамырдағы №6795 Қызылорда қаласы жариялылық комиссиясының шешімі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сарман Мансұр Мейрамбекұлының атына 18.06.2014 жылы берілген Ұлттық бірінші тесттің сертификаты (№0726589) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жолдасова Ляззат Қудайбергеновнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, 3-көше, №121 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-045-2331, №0210463) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Байнашева Кульпараз Байғабыловнаның атына 21.06.1992 жылы Арал қаласындағы №14 Н.К.Крупская атындағы орыс орта мектебін бітіргені жөнінде берілген А №196453 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жарылқасинова Жанар Ауезхановнаға 1990 жылы Жаңақорған ауданы, Талап ауылындағы Жүсіп Қыдырып атындағы №54 орта мектепті бітіргені жөнінде берілген №196215 аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Облыстық онкология орталығының әкімшілігі және кәсіподақ комитеті хирургия бөлімінің аға мейірбикесі Сабилә Ибрагимоваға әкесі

Ибрагимов Темірхан Садықұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының мәдениет басқармасы және Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұжымы осы орталықтың директоры Аманкелдиев Сәбит Аманкелдіұлына әкесі

Аманкелді Ысқақұлының

қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Болашақ» университетінің құрылтайшылары мен ұжымы «Қазақ-Қытай» академиясының ректоры Нұрәлиев Кәженбек Әленұлына зайыбы

Баязитова Шарбан Тәкішқызының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облыстық білім басқармасының» ұжымы «Абылай хан» атындағы колледжінің директоры

Баязитова Шарбан Тәкішқызының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты «Қазақ-Қытай» академиясының ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Кәженбек Әленұлы Нұрәлиевке зайыбы, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Шарбан Тәкішқызы Баязитованың

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл білдіреді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

БІЗ МЕКТЕПКЕ БАРАМЫЗ!

Жақында Қазалы ауданында мүгедек балаларға арналған «Шапағат» орталығындағы құлақ және тіл мүкісі бар балалармен жұмыс жасайтын «Тілашар» тобының балдырғандарын мектепке шығарып салу шарасы өтті.

«Шапағат» орталығы құрылғаннан бергі 19 жылдың ішінде мұнда 200-ден астам мүгедек бала мамандандырылған көмек алған. Соның ішінде 2002-2013 жылдар аралығында 53 бұлдіршін сырқатынан айығып, мектеп қабырғасында білім алу мүмкіндігіне ие болды. Кей түлектер жоғары оқу орындары мен колледждерде оқып жатыр. Бұл, әрине, орталықтағы қызмет көрсету тиімділігінің көрсеткіші. Орталықта 2002 жылдан бастап «Тілашар» тобы жұмыс істеп келеді. Топ мақсаты – құлақ, тіл мүкісі бар

балаларды республика көлеміндегі арнаулы мектептерге оқуға жіберу болып табылады.

Орталыққа 2001 жылдан бастап тікелей демеушілік жасап келе жатқан «Петро-Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ мұнай компаниясының жұртшылықпен байланыс бөлімінің менеджері Хұсейін Сәрсенбаев тілашар мерекесімен құттықтап, мектеп табалдырығын аттағалы тұрған өрендерге мектепке қажетті оқу құрал-жабдықтарын табыс етті.

Үстіміздегі жылдың бірінші тамызынан елімізде дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық шарасы бастау алды. Осы шара аясында «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясы аудандарға сапар жасап, мектептерге сыйлықтар тапсырды.

Тереңөзек кентіндегі Иса Тоқтыбаев атындағы №35 мектеп-лицейде шәкірттер

мен ата-аналар «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясының тарту-таралғысына алғыстарын білдірді. Компанияның бас маманы Ақтолықын Сұлтангереева шараға қатысушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, мұқтаж жандарға көмек беру компанияның басты мақсаты екендігін атап өтті. Ол балақайларға оқушы сөмкелерін табыс етті, сөмкелердің ішіне оқуға қажетті барлық құралдар салынды.

Сапар әрі қарай Қармакшы ауданында жалғасты. №250 мектеп-лицейде балаларын ертіп келген ата-аналар жиналып-ақ қалыпты. Бес жеткіншекті дүниеге әкелген көпбалалы ана Гүлсара Алтыбаева компанияға көңіл бөліп, қамқорлық жасағаны үшін алғысын жаудырды, ұлы Керуеннің жақсы оқитындығын, болашақта мұнайшы болғысы келетіндігін айтып өтті.



ВОЛЕЙБОЛ

Қызылорда қаласындағы “Мүз айдыны” спорт кешенінде Конституция күніне орай құқық қорғау және арнайы органдар қызметкерлері арасында волейболдан жарыс өтті.

АТА ЗАҢ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛДЫ

ҚР Судьялар одағы облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен шараның мақсаты – құқық қорғау және арнайы органдар қызметкерлерін достық, патриоттық сезімге тәрбиелеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер арасында дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын насихаттау.

Сайысты ашқан облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Қайрат Адыранов жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Аса тартысты өткен сайыста облыстық төтенше жағдайлар департаментінің волейболшылары бас жүлдені иеленсе, жүлделі орындарды облыс және Байқоңыр қаласы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті мен облыстық ішкі істер департаментінің волейболшылары өзара бөлісті.

Жеңімпаздар облыстық сот басшылығы тарапынан Құрмет грамоталары және арнайы кубоктармен марапатталып, теледидар және ноутбуктар табысталды.

Бақтыбай СМАЙЫЛҰЛЫ.

ЖАҒАЖАЙ ФУТБОЛЫНАН АШЫҚ КУБОК



Бейсенбі күні қалалық жағажай аренасында облыстық футбол федерациясының жағажай футболы ашық кубогы өтті.

Елімізде кенже дамып келе жатқан спорт түрінің бірі – жағажай футболы. Бірді-екілі қалаларда болмаса, өзге өңірлерде әлі де болса қолға алынбаған. Осы олқылықтың орнын толтырып, салауатты өмір салтын қолдау мақсатында облыстық футбол федерациясы биыл Сыр

өңірінде алғаш рет жағажай футбол аренасын ашқан-ды. Алғашқы турнирде сол кезде ұйымдастырылып, жасөспірімдер құмды аренада бақ сынасқан еді. Міне, осы турнирдің жалғасы, ересектер арасындағы алғашқы дода өз жалауын көтерді.

Турнирге 6 команда қатысып, бабы мен бағын сынады. “Жібек жолы” құрамасы, “Қажымұқан” спорт мектебі, “Қайсар” төрешілер тобы, “БАҚ” командасы және №6 облыстық балалар-жасөспірімдер футбол мектебінің “Қайсар-96”, “Қайсар-97” атты қос командасы өнер көрсеткен сайыс өте тартысты өтті. Алдымен үш-үштен екі топқа бөлінген командалар өзара үздіктерді анықтаса, топ үздіктері бірден финалға жолдама алды.

Сонымен, финалға шыққан “Қайсар” мен “Қажымұқан” құрамасы итжығыс түспей, тең дәрежеде ойын өрнегін көрсете білді. Дегенмен, төрешілерден құралған “Қайсар” басымдылығын көрсетіп, 4:1 есебімен бас бәйге кубокты (40 мың теңге) иеленді. Ал, “Қажымұқан” құрамасы, екінші орынды (20 мың теңге) еншіледі. Үшінші орын үшін тартысқа шыққан “Қайсар-96”, “Қайсар-97” тобында алдыңғысы қола жүлдеге (10 мың теңге) қол жеткізді. Сондай-ақ, “Үздік қақпашы” Н.Бөребайұлы (“Қайсар-96”), “Үздік қорғаушы” Қ.Бекенов (“БАҚ”), “Үздік шабуылшы” Ж.Садықов (“Қажымұқан”), “Үздік ойыншы” А.Кареев (“Қайсар”) номинация иегерлері атанып, 5 мың теңге ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

КОНГО-ҚЫРЫМ ҚАНДЫ БЕЗГЕГІНЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

Конго-Қырым қанды безгегі алғаш рет 1944 жылы Қырымда байқалған. Кейіннен Қырым қанды безгегі 1956 жылы Африканың Конго елінде де пайда болды. Сол себепті “Конго-Қырым” деген атауға ие болған.

Конго-Қырым қанды безгегі – екі толқынды қызбамен, яғни жалпы ұйыттанумен және айқын білінетін тромбогемморагиялық белгісімен сипатталатын табиғи ошақтың зооноздар тобына жататын жіті вирусты ауру.

Ал, КҚҚБ қоздырғышы – Буниавиридае, найровирус тұқымдастығына жататын вирус. Қазақстанда 27-ге жуық түрі кездеседі. Бізде кездесетіні – Гиаломма азиатикум және Дермацентор нивеус түрі болып табылады.

Аурудың клиникалық белгілері 3 кезеңнен тұрады. Бастапқы, өршу, реконвалесценттік. Бастапқы кезеңде ауырған адамның басы қатты ауырады, күрт әлсірейді, іші ауырады, ұйқысы бұзылады, тәбеті нашарлайды. Кейде тамақ ішпесе де жүрегі айнып құсады. Өршу кезеңінде гемаррагиялық белгісі ауыр болады. Яғни, бөртпелер, гематомалар, жаралар пайда бола бастайды. Жатыр мен асқазан-ішектен қан кетеді. Үшінші кезеңде клиникалық шокқа әкеп соғады. Мұндай жағдайда адамның ақыл-ойы бұзылады, сандырақтайды. Адамның өліп кетуі де мүмкін.

“Қызылорда облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы”-ның эпидтобы 19 сәуір мен 13 мамыр аралығында Сырдария аумағында Конго-Қырым қанды безгегінің табиғи ошақтарында ауру қоздырғышын тасымалдағыштарына қарсы залалсыздандыру, барлау және зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жалпы, залалсыздандыру жұмыстарына ОСЭСО-ның зоолог-паразитологиялық тобының мамандары және энтомолог мамандары мен КҚҚБ-на қолайсыз елді мекендер қамтылды. Аудан бойынша 2151 дана кене жиналып, ОСЭСО-ның АҚЖА баклабораториясына жеткізілді. Оның ішінде Конго-Қырым қанды безгегіне оң нәтиже берген №8, №9 бекеттері. Оң нәтиже берген нүктеге залалсыздандыру жұмыстары толығымен жүргізілді. Сонымен қатар Амангелді, Айдарлы, Қоғалыкөл, Жетікөл, А.Тоқмағанбетов, Қалжан ахун ауылы, С.Сейфуллин, Теренөзек кентін қамтыды. Аталған жұмыстарды атқаруға облыстық зоотобының залалсыздандыру жұмыстары аудан бойынша жер көлемі 550 гектарды құрап отыр. Осы негізде тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Нұржан МӘЛІБЕКОВ,
ҚОСЭСО РМҚКТҚ агенттігінің Сырдария аудандық филиалының энтомолог көмекшісі.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
теп/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматөлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялығдар газеттің түпкілікті
көзқарасын білдірмейді. “АҚ”-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында
қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында
басылды. Қызылорда қаласы,
Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51,
“Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 24277

Тапсырыс №770

Электрондық оқылы – 21 000